

# ҚАЗАҚСТАН тарихы

(Орта ғасырлар)

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

# 6

Жалпы білім беретін мектептің  
6-сынып мұғалімдеріне арналған құрал



Алматы "Мектеп" 2018

*Учебно-методическое издание*

**Омарбеков Талас**  
**Хабижанова Гульнара Болатовна**  
**Қартаева Таттигул Ерсайыновна**  
**Ноғайбаева Мендигуль Сағатовна**

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

**Методическое руководство**

Пособие для учителей 6 классов  
общеобразовательных школ  
(*на казахском языке*)

Редакторы *Е. Жайнақов*  
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатов*  
Техникалық редакторы *Л. Садықова*  
Корректоры *Ж. Баймағамбетова*  
Компьютерде беттеген *Г. Хаширова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № /091

Басуға қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “SchoolBook Kza”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы .  
Шартты бояулы беттаңбасы . Есептік баспа табағы .  
Таралымы дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

**Омарбеков Т. және т.б.**

**Қазақстан тарихы (Орта ғасырлар): Әдістемелік нұсқау.** Жалпы білім беретін мектептің 6-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева. — Алматы: Мектеп, 2018 — 144 б.

© Омарбеков Т., Хабижанова Г.,  
Қартаева Т., Ноғайбаева М., 2018

© “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірілуі, 2018

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
“Мектеп” баспасына тиесілі

## АЛҒЫСӨЗ

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде халықаралық қауымдастықта мойындалуы Қазақстан азаматтарын отаншыл патриот етіп тәрбиелеудегі тарихи білім берудің маңызын арттыра түседі. Мектеп мұғалімдеріне ұсынылып отырған әдістемелік нұсқау осы мақсатты жүзеге асыруда мұғалімнің оқулықты, деректік материалдарды және көрнекілік құралдарды кеңінен пайдалана отырып, оқушыларға тиянақты да, жүйелі білім берумен қатар, оларды тарихпен тәрбиелеу жолдары да қарастырылған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу бағдарламасына сәйкес жасалған бұл әдістемелік құралда ортағасырлардағы Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін оқытудың оқу-әдістемелік мәселелері нақты көрсетілген. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мүдделерін қорғау мақсатында ортағасырлардағы мемлекеттер тарихымен қатар бұрынғы тарихта екінші қатарға ысырылып келген мемлекет құрушы қазақ халқының этно-әлеуметтік тұрғыдан халық ретінде қалыптасу мәселелері де көтерілген. Мұнда Қазақстан тарихының VI-XVII ғасырларды қамтитын аса маңызды тақырыптарын нақтылап оқытудың әдістемелік жолдары мен принциптері көрсетілген. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы пәніне көмекші әдістемелік нұсқауды әзірлеу барысында ортағасырлар тарихы кезеңіне байланысты тарихи деректердің аздығы мектеп мұғалімдеріне әдістемелік тұрғыдан қиындықтар туғызатыны ескерілді. Мұғалімдерге арналған бұл әдістемелік нұсқау оқу үдерісінде қолданылатын оқу-әдістемелік кешенінің бір бөлігі болып табылады. Әдістемелік нұсқаудың мақсаты — оқулықтағы барлық тақырыптар бойынша оқушыларға түсінікті, қызықты да тартымды сабақтар өткізуге бағыт бағдар беру. Мұғалімдер осы әдістемелік құралды пайдалана отырып, оқушылардың ортағасырлардағы Қазақстан тарихының күрделі мәселелеріне қатысты тарихи білімді тиімді де ұтымды игерулеріне көмектесумен қатар, олардың оны тиянақты меңгерулерін қамтамасыз етіп, олардың санасында отаншылдық және өздері өмір сүріп отырған мемлекетті құрметтеу және бағалау сезімдерін қалыптастыруға, Қазақстан мүддесіне адал, білімді және саналы азамат етіп тәрбиелеуге үлес қосулары тиіс.

Әдістемелік нұсқау бағдарламада көрсетілген тақырыптар тізбегі негізге алынып, оқулық мазмұнына сәйкес жасалынды. Әдістемедің әр сабақтың мақсаты, оның дамытушылық және тәрбиелік жағы, сабақтың түрі мен әдіс тәсілдері, сабақтың мазмұны мен оны қорытындылау мәселелері, сабақта пайдаланылатын көрнекі құралдар, қосымша тапсырмалар әдістемелік тұрғыдан мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ететіндей бағытта берілді.

Әдістемелік нұсқауда берілген тапсырмалар мен оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың Отан тарихына деген ынтасын арттыруды, тарихи деректерге сүйене отырып, өзіндік ойлау және аналитикалық талдау біліктері мен дағдыларын жетілдіруді көздейді.

*Олай болса, іске сәт, әріптестер!*

## § 1. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ V-XVII ғасырларды қамтитын ортағасырлық Қазақстан тарихының үш тарихи кезеңдерге бөлінетін дәуірлеріне сипаттама беріп, олардың мәнін ашу.

### Зерттеу сұрағы

Кіріспе сабақ. Орта ғасырлар тарихы нені оқытады?

### Оқулық

Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу. 10–12 беттер.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

### Тірек сөздер

- Түріктер
- Арғы түріктер
- Орта ғасырлар

### Көрнекілік

Оқулықтың 11 бетіндегі үш дәуірді кезеңдеген кесте; Ортағасырлардағы Қазақстан аумағындағы тайпалар мен қағанаттар және хандықтардың орналасуы бейнеленген карта, тарихи суреттер.

### Мақсатты айқындау

Орта ғасырлардағы әрбір тарихи дәуірдің өзіндік саяси-әлеуметтік және этникалық ерекшеліктері бар екендігін оқушыларға түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы* — Еуразияның далалық аумағындағы VI — IX ғасырлардағы мемлекеттік құрылымдар — қағанаттар, ордалар және хандықтар тарихы нақты мысалдармен, тарихи тұлғалар қызметтерімен тығыз байланыста, арнайы оқытылып, дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде ортағасырлық Қазақстан аумағындағы қағанаттар мен тайпалар тарихы түркі тілдес тайпалардың этникалық, саяси, мәдени және рухани өміріне маңызды өзгерістер әкелгенін көрсету.

*Тәрбиелік маңызы* — Орта ғасырларда Қазақстан аумағында орын алған саяси оқиғалар, түркі тілдес халықтардың миграциясы кейініректе қалыптасқан қазақ тәрізді көптеген түркі тілдес халықтарының тарихи тамырларын нығайтуға зор үлес қосып, олардың дербес ұлт ретінде түркілік келбеттерін жоғалтып алмауларына айтарлықтай ықпал жасағанын оқушыларға түсіндіріп, ортағасырлық қағанаттар мен тайпалар тарихын оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

## Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім көрнекілік картадағы түркі тілдес тайпалардың орналасу аумағы мен қоныс аудару үдерісін баяндай отырып, түркі тілдес халықтардың миграциясының Еуразия тарихына әсерін оқушыларға нақты түсіндіреді, себептерін көрсетеді.

“Орта ғасырлар” деген атау дүниежүзілік тарих ғылымында адамзаттың дамуының нақты кезеңдерін оқытатын пәннің атауы ретінде қабылданған. Қазақстан тарихының ортағасырлардағы кезеңі де осы дүниежүзілік тарихтың заңдылықтарын ескеру негізінде жасалған.

**Білу:** Барлық тарих ғылымы тәрізді орта ғасырлар тарихы да ең алдымен тарихты жасайтын халықтың тарихын зерттейді және оқытады. Ұлы Дала аймағында ежелгі мемлекеттерді құрған және өркендеткен қазақ халқының арғы бабалары-түркітілдес тайпалар және олардың мұрагері болып саналатын қазақ халқының өзі болып табылады. Орта ғасырларда қазақ халқының бабалары сондықтан да “Түріктер” деген атаумен тарих сахнасына шықты. Бұл тарих біздің заманымыздың V ғасырынан бастау алады. Ұзаққа созылған осы этникалық процесс XV-XVII ғасырларда қазақ халқының қалыптасуымен аяқталды. Қазақ халқының арғы бабалары “Арғы түріктер” (“Прототүріктер”) деген атпен мәлім болған сақтар, сарматтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар тайпалық одақтары болып табылатын болса, ал V-VI ғасырдың қиылысында бұл халықтар түріктер, түргештер, оғыздар, қарлұқтар, қимақтар, қыпшақтар деп аталатын өртүрлі этникалық одақтарға бірікті. Бұлардың жалғасы ретінде тарих сахнасына жалайырлар, керейттер, наймандар, меркіттер, алшындар тәрізді халықтардың жаңа бірлестіктері шықты.

**Түсіну:** Бұлардың барлығы “Алаш қауымдастығы” деп аталатын халықтардың жаңа этно-әлеуметтік ынтымағын қалыптастырды. XIII-XIV ғасырларда қалыптасқан бұл этникалық бірлестік “Алты сан Алаш” деген атаумен Ұлы Дала аумағындағы ірі-ірі тайпалық одақтарды біріктіретін болашақ қазақ халқының алғашқы этникалық ядросын құрады. Осы одаққа топтасқан және сүйенген рулар мен тайпалар біртіндеп XV ғасырдың екінші жартысында “Қазақ” аталатын халықтың негізін қалады. Егер орта ғасырларда өмір сүрген жоғарыда аталған тайпалық одақтар және оларға туыстас түркітілдес тайпалар Ұлы Дала аймағында жаңа этно-саяси мемлекеттік жүйе — қағанаттар, ордалар, ұлыстар мен хандықтар ұйымдастырумен белсенді түрде айналысқан болса, бұл тарихи үдеріс біртіндеп қазақ халқының тұңғыш ұлттық мемлекеті “Қазақ хандығын” ұйымдастыруға және қалыптастыруға алып келді. Қазақ хандығында мемлекет құрушы халық — қазақ халқы болды. Сонымен қатар орта ғасырларда қазақтардың бабаларының және өздерінің мекендеген аймағының негізінен алғанда алғаш “Дешті Оғыз” (Оғыз даласы), онан соң “Дешті Қыпшақ” (Қыпшақ даласы) және қазіргі кезеңде “Ұлы Дала” деген атпен сипатталады. Бұл атаулардың алғашқы екеуі негізінен осы аймақты мекендеген этно-саяси бірлестіктердің атауымен аталған болса және бұл атауларды осында мекендеген тайпалар емес, осы өңірге көрші аймақтарды мекендеген басқа халықтар берген болса, ал Ұлы Дала атауын Тәуелсіз Қазақстан елінің алғашқы Президенті Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан” атауына балама атау ретінде ұсынған еді.

**Қорытынды:** Бір сөзбен қорытып айтар болсақ, орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы отанымыздың Ұлы Дала аталатын тарихи аймағындағы орта ғасырларда қалыптасқан түркілердің мемлекеттік құрылымдарының өткенін, моңғолдар билігі орныққан тұста елімізде қалыптасқан және дамыған ұлыстар мен ордалардың өткенін, көшпелі және отырықшы мәдениеттің ерекшеліктерін, қазақ хандығының қалыптасуы, хандығының құрылуы мен нығаю тарихын оқытады.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас сабақ. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Бұл пәнді оқығанда әрбір тарихи дәуірдің өзіндік саяси-әлеуметтік және этникалық ерекшеліктері бар екендігін ұмытуға болмайды. Сондықтан да тарихымыздағы мемлекеттік құрылымдар — қағанаттардың, ордалардың және хандықтардың тарихы нақты мысалдармен, тарихи тұлғалар қызметтерімен тығыз байланыста, арнайы оқытылды.

### **Сабақтың жоспары**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Түркі дәуіріндегі Қазақстан (Біздің заманымыздың V-XII ғасырлары).
2. Моңғол билігі дәуіріндегі Қазақстан (XIII-XV ғасырдың бірінші жартысы).
3. Қазақ хандығы дәуіріндегі Қазақстан (XV-XVII ғасырлар).

### **Бағалау парақшасы**

Блум таксономиясы бойынша

р/с	Оқушының аты-жөні	Білу	Түсіну	қолдану	талдау	жинақтау	Қорытынды баға

**Білу:** 1. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады? — 1 ұпай (нақты жауапқа)

**Түсіну:** 2. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын оқытуда қандай кезеңдерге бөлеміз, себебін түсіндіріңіздер. — 1 ұпай (нақты жауапқа)

**Талдау:** 3. Тест тапсырмасын орындау — 1 ұпай

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

## **Қосымша тапсырма**

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.
2. VI-XII ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы түркі тайпалары мен қағанаттарының орналасуларын картаға түсір.

### **§ 2. ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (552—603 жж.)**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау;
- ◆ 6.3.1.2 VI-IX ғғ. мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.3.2.2 Ұлы Түркі қағанатының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау;
- ◆ 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда “Ұлы Дала Елі” ұғымын қолдану.

#### **Зерттеу сұрағы**

VI-IX ғғ. билік құрған қай қаған ерекше есте сақталады?

#### **Оқулық**

Түрік қағанаты (552-603 жж.). 13–15 беттер.

#### **Ресурстар**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк) Алматы. 1993.

#### **Тірек сөздер**

- “түрік” этнонимі
- Түрік қағанаты
- Түрік қағандары

#### **Көрнекілік**

1. Түрік қағанатының бастапқы кезеңіндегі аумағы бейнеленген карта (оқулықтың 14-беті).
2. Түрік қағандарының қазіргі Қазақстан мен Орта Азия аймағын жаулау жорықтары көрсетілген карта.
3. Тарихи суреттер: Түрік қағанатының туы (оқулықтың 13 беті).

#### **Мақсатты айқындау**

“Түрік” атауының қайдан шыққанын, оларды билеген Ашина деген әулеттің негізін қалаушылар кімдер екендерін, олар басқарған Түрік қағанаты атты мемлекеттің қалай күшейгенін анықтап беру және Алтай тауынан батыстағы

қазіргі Қазақстан орналасқан аймақтарды түріктердің қалай жайлағандары, бұл мемлекетті қандай қайраткерлердің ұйымдастырып, нығайтқандары туралы оқушылар білімдерін толықтыру.

*Дамытушылық маңызы* — қазіргі Қазақстан мен бұрынғы Түрік қағанаты орналасқан аймақтарды өзара салыстыра қарау негізінде қазақтардың байырғы ата-бабаларының тарихымыздағы маңызды орнын анықтай білуге көмектесу.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында ежелгі түріктерге деген құрметтеушілік және оларды мақтаныш ету сезімін қалыптастыру.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің ежелгі түріктер туралы әсерлі де қызықты әңгімелерімен басталады. Мұнда картаны қатар пайдалану негізінде аңыз деректерге сүйене отырып, ежелгі түріктердің кімдер екендерін, олардың оңтүстік Алтай өңірінде күшті мемлекет ұйымдастырып, батыс аймақтарды қалай және қашан жаулап алғандарын тартымды да түсінікті тілмен баяндау қажет. Сонымен қатар саяси дағдарыстардың, түріктерді билеуші Ашина өулетінен шыққан қағандардың өзара билікке таласқан жанжалдары Түрік қағанатын әлсіретіп, оның екіге бөлініп кетуіне алып келгенін де нақты айту керек. Оқушылар үш топқа бөлініп, оқулықтағы мәліметтерге сүйеніп жұмыс жасайды. Бірінші топ оқушылары ежелгі түріктер туралы картадан олардың алғашқы мемлекеттері туралы және Ашина өулетінің алғашқы қағандары күшпен бағындырған өңірлерді анықтап, оларды оқу дәптерлерінде нақтылап көрсетеді. Мұнда оқушылардың әсерлі әңгімелері ежелгі түріктерге деген құрмет сезімін туғызуы, олардың қазіргі түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақтардың, байырғы бабалары болып табылатындарын айқындап беру сипатында болулары тиіс. Екінші топ оқушылары оқулықтағы қытай деректері және Орхон жазулары негізінде берілген деректерге сүйене отырып, ежелгі Түрік қағанатын билеушілер кімдер болғандарын, олардың мемлекетті басқарған кезеңдерін анықтайды. Оқытушының осы тарихи тұлғалар туралы қосымша және әсерлі әңгімелерін басшылыққа алып, арнайы даярланған оқушылар басқа әріптестерінің ата-бабаларымыздың ерлік істеріне деген құрмет сезімін оятады. Үшінші топ оқушылары оқулықтағы бүгінгі Қазақстан аймағындағы ежелгі түркілер жаулап алған өңірлерді Түрік қағанатының алғашқы аумағы белгіленген картадан іздеп тауып, оны қазіргі Қазақстан картасындағы мемлекетіміздің аумағымен салыстыра қарастырып, осылайша біздің халқымыздың байырғы түркілерге тікелей тарихи мұрагер екендігін өз беттерінше түсінуге қол жеткізеді.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

- “Түрік” атауының мағынасын анықтаймыз.
- Түрік қағанаты қашан және қалай құрылғанын білеміз.



■ Еуразия кеңістігінде түріктер үстемдігінің қалай орнағанын және оның маңызы түсінеміз.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Ол жоспар төмендегідей болуы мүмкін.

1. “Түрік” атауының мағынасын түсіндіріп беріңдер.
2. Түріктер туралы қандай жазбаша деректер бар, атап беріңдер.
3. Түрік қағанаты қашан және қалай құрылды?
4. Бумын және Мұқан қағандар туралы не білесіңдер?
5. Түрік қағандары жүргізген саясатының басты бағыттарын түсіндіріп беріңдер.

Бұл үшін балалар дәптер бетін екіге бөледі. Оларға алғашқы түрік қағандарының ішкі және сыртқы саясаты жазылады.

Қағандардың ішкі саясаты	Қағандардың сыртқы саясаты

6. Еуразия кеңістігінде түріктер үстемдігі орнауының маңызы неде?
7. Картадан Түрік қағанатының аумағын көрсетіңдер.

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?  
Нені түсінбей қалдың?  
Менің сабаққа байланысты пікірім.

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

## **§3. БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ**

### **Сабақтың мақсаты**

- ◆ Батыс түрік қағанатының қоғамдық құрылысындағы ерекшеліктерді айқындау және бұл қағанаттың мәңгілік елге айнала алмай ыдырау себептерін анықтау.

### **Зерттеу сұрағы:**

Батыс Түрік қағанатының басқа мемлекеттік құрылымдардан өзіндік ерекшеліктері қандай?

### **Оқулық**

Батыс Түрік қағанаты (603—704 жж.). 16—19 беттер.

## Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. - 2 том. - Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан(Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

## Тірек сөздер

- “Он Оқ елі”
- БатысТүрік қағанаты
- Дулулар одағы

## Көрнекілік.

Оқулықтың 16 бетіндегі Батыс Түрік қағанатының аумағын көрсететін карта. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы.

## Мақсатты айқындау.

Батыс Түрік қағанаты атты мемлекеттің қалай пайда болып күшейгенін анықтап беру және қазіргі Қазақстан орналасқан аймақтарды түріктердің қалай жайлағандары, бұл мемлекетті қандай қайраткерлердің ұйымдастырып, нығайтқандары туралы оқушылар білімдерін толықтыру.

*Дамытушылық маңызы* — қазіргі Қазақстан мен бұрынғы Батыс Түрік қағанаты орналасқан аймақтарды өзара салыстыра қарау негізінде қазақтардың байырғы ата-бабаларының тарихымыздағы маңызды орнын анықтау.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында Қазақстан аймағындағы ежелгі мемлекет Батыс Түрік қағанатына деген құрметтеушілік сезімін қалыптастыру.

## Сабақтың деректік материалдары.

*Оқушылар назары негізінен мына дерекке аударылады:* Батыс Түріктерінің билеушісі Түрік (Дулу) қағаннан кейін іле-шала таққа отырған оның інісі Ышбара Теліш елді басқару ісіне реформа жасады. Қытай жылнамаларында бұл туралы былай деп жазылған: 638 жылы “әуелде Батыс Түріктің Теліш қағаны мемлекетін он ұлысқа бөліп, әр ұлысқа бірден ағаман тағайындап, оларға бірден оқ берді де, мұны Он оқ деп атады. Одан соң сол — оң қанаттарға бөлді. Сол қанатты Бес Түрік деп атап, оларға бес тай чор қойып, Суябтың шығысына ірге тептірді. Оң қанатты Бес Нұшбе деп атап, оларға бес тай іркін тағайындады да, Суябтың батыс жағына орналастырды. Олар жалпылай Он оқ деп аталды”.

## Сабақтың барысы.

Оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды: алғашқы топ Қазақстан картасындағы Батыс Түрік қағанаты орналасқан аймақтарды анықтаса, ал екінші топ бұл мемлекеттің неліктен “Он оқ елі” аталғанына байланысты пікірлерін дайындайды.

## Сабақтың түрі мен әдісі

Сұрақ-жауап баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу.

*Пән аралық байланыс: география, археология.*

## Сабақтың барысы:

*I. Ұйымдастыру кезеңі.*

*II. Үй тапсырмасын сұрау.*

*III. Жаңа сабақ.*

## Сабақ жоспары:

- “БатысТүрік” атауының мағынасын анықтау.
- Батыс Түрік қағанаты қашан және неге құрылғанын білу.
- Оның кейінгі қазақ тарихы үшін маңызын түсіну.

## Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

## Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## §4. ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

### Сабақтың мақсаты

- ◆ Шығыс Түрік қағанатын кімдер құрғанын және оның түркі тілдес халықтар тарихындағы маңызын анықтау.

### Зерттеу сұрағы:

Шығыс Түрік қағанатының сыртқы саясатының негізгі бағыттары қандай болды?

## **Оқулық**

Шығыс Түрік қағанаты. 20-22 бет.

## **Ресурстар**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) — Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. — Алматы, 2016.

## **Тірек сөздер**

- Шығыс түріктері
- Суй әулеті
- Суар қаған
- Ел қаған (Ілік қаған)

## **Көрнекілік.**

Оқулықтың 21 бетіндегі Шығыс түріктерінің тасқа қашалған таңбасы және 21-22 беттегі ежелгі түркілер пайдаланған бұйымдар. Шығыс Түрік қағанатының аумағын көрсететін карта. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы. Ұялы телефон.

## **Мақсатты айқындау**

Шығыс Түрік қағанаты атты мемлекеттің қалай пайда болып күшейгенін анықтап беру және бұл мемлекетті қандай қайраткерлердің ұйымдастырып, нығайтқандары туралы оқушылар білімдерін толықтыру.

*Дамытушылық маңызы* — бұрынғы Шығыс Түрік қағанаты орналасқан аймақтарды анықтау негізінде байырғы ата-бабаларының тарихымыздағы маңызды орнын анықтау.

*Тәрбиелік маңызы* — Шығыс Түрік қағанатына деген құрметтеушілік сезімін қалыптастыру.

## **Сабақтың деректік материалдары.**

*Қытай жылнамаларынан алынған оқулықтағы мына деректермен оқушылар жұмыс жасаулары керек:* Шығыс Түрік қағанаты Орхон бойындағы елді мекендерден шығыста таулы Хинганга дейінгі Моңғолияның орталық және шығыс өңірлерін жайлап жатты. Екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасы аса тартысты болды. Әсіресе, VII ғ. ортасында осы екі бауырлас ру-тайпалардан құрылған қағанаттардың арасындағы соғыс 16 жылға созылып кетті. Таққа жаңадан отырған түркі қағандары өздерінің билігін сақтап қалуы үшін Қытайдағы Таң империясынан көмек сұрады. Олардың императорының құқықтық және саяси қолдауына ие болуға тырысты. Осыны пайдаланған Қытайдағы Таң империясы Жетісу жерін басып алып, таққа өзінің ықпалында жүрген түрік қағандарын отырғызып отырды. Түріктер мен Таң империясының арасында да оқтын-оқтын қақтығыстар және соғыстар орын алды. Мұның өзі жаңа тайпаның — Түргештердің түріктер арасында

күшейіп, VIII ғ. басында Жетісудағы билікті қолға алатын тайпаға айналып келуіне тікелей ықпал жасады.

Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Олардың бір тобы Шығыс түріктерінің кімдер екенін анықтап, әссе жазады. Мұндайда оқулық мәтінін пайдалану керек. 2-тобы Шығыс Түріктерінің Қытаймен қарым-қатынасының неліктен күрделі болғанын анықтайды. Мұны төмендегі кестеде көрсетеді.

Шығыс түріктерінің саясаты	Олардың Қытаймен қатынастағы мақсаты	Қытайды билеуші әулет	Оның Шығыс түріктеріне байланыс саясаты

Оқушылардың 3-тобы оқулықтың 21-22 бетіндегі мәтінмен жұмыс істеп, ондағы Ел қағанның саясатына байланысты “Мен — Ел қағанмын” деген тақырыпта шығарма жазады.

### Сабақтың барысы:

Мұғалімнің іс-әрекеті:

1. Ұйымдастыру.
2. Оқушының зейінін сабаққа аудару.
3. Мәтіндерді тарату.
4. Топтың жұмысын қадағалау.

### Сабақтың түрі мен әдісі

Жаңа сабақ.

### Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 5. ЕКІНШІ ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.2 VI-IX ғғ. мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы

Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?

### Оқулық

Екінші Шығыс Түрік қағанаты. 23–27 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Ашина Құтлық
- Тоныкөк
- Білге қаған
- Күлтегін батыр
- Бөгічор Қапаған қаған

### Көрнекілік

Оқулықтың 24-бетіндегі көне түркілердің жазба ескерткіші, оқулықтың 25-бетіндегі Күлтегін ескерткіші, оқулықтың 27-бетіндегі Тоныкөк ескерткіші. Екінші Шығыс Түрік қағанатының аумағын көрсететін карта. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы. Ұялы телефон.

### Мақсатты айқындау

Екінші Шығыс Түрік қағанатының қалай құрылғанын, Ашына Құтлық қағанның, Білге қағанның, Күлтегін батырдың Екінші Шығыс Түрік қағанатын құрудағы және нығайтудағы рөлдерін, Шығыс түріктер мемлекеттігінің қалай нығайғанын анықтау. Бұл істе Тоныкөктің және Білге қағанның тас кешендеріндегі жазулармен танысу.

*Дамытушылық маңызы* — Екінші Шығыс Түрік қағанатының Орталық Азияда қазіргі кезеңде өмір сүріп отырған түркі тілдес мемлекеттердің қалыптасуындағы рөлін айқындау

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында Шығыс түріктерінің мемлекетінің және олардың қағандарынан қалған тас жазу деректерінің Қазақстан тарихы

үшін аса маңыздылығын ұғындыру. Шығыс Түрік қағандарының ерлік істері негізінде оқушыларды отаншылдыққа, туған елін сүйеге баулу.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Тоныкөк және Күлтегін, сондай-ақ Білге қаған тас кешендеріндегі жазулар. Қытай деректері.

### **Сабақтың барысы.** Мұғалімнің іс-әрекеті:

1. Ұйымдастыру. Оқытушы оқушыларды үш топқа бөледі. Олардың алғашқы тобы Елтеріс Құтлық қағанның Шығыс Түрік қағанатын қалай негіздегенін оқулықтағы мәтінге сүйене отырып “Мен – Елтеріс Құтлық қағанмын” деген тақырыпта шығарма жазады. Оқушылардың екінші тобы Шығыс Түрік қағандарының және олардың кеңесшісі Тоныкөктің қызметін көрсететін кестені толтырады.

Тоныкөктің қызметі	Қапаған қағанның қызметі	Күлтегіннің қызметі

Оқушылардың үшінші тобы Екінші Шығыс Түрік қағанатының құлау себептерін анықтап шығарма жазады.

2. Оқушының зейінін сабаққа аудару.
3. Мәтіндерді тарату.
4. Топтың жұмысын қадағалау.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас, баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы бұл сабақтың мәнін ашатын негізгі мәселе Шығыс түріктері кешендеріндегі жазба деректер мен қытай жылнамаларындағы жазбаларды салыстыра пайдалану екенін ескеруі керек.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

*Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.*

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

## Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жаздыру.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жаздыру.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 6. КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ

### Сабақтың мақсаты

- ◆ 6.2.3.1. Көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы:

Екінші Шығыс Түрік қағанатын құрған және нығайтқан қандай тарихи тұлғаларды білесің?

### Оқулық

Көне түрік жазуы. 27-29 бет.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Руна
- Орхон-Енисей жазбалары
- Тастағы жазбалар

### Көрнекілік.

Оқулықтың 28, 29 және 30 беттеріндегі көне түркілердің жазба ескерткіштері. Орхон-Енисей жазбаларының сурет-альбомы. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы. Ұялы телефон.

### Мақсатты айқындау.

Көне түркі жазуының түркі тілдес халықтардың тарихын жазудағы маңызын және олардың ерекшеліктерін білу.

*Дамытушылық маңызы* — Түркі халықтарының бүгінгі мәдениетінің және рухани жетістіктерінің негізі ежелгі түркі жазуларынан бастау алатынын оқушыларға түсіндіру.



*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының ежелгі заманғы рухани мәдениетіне деген құрмет сезімін ояту.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Руна жазулары. Орхон-Енисей жазбалары. Тастағы сына жазулар.

### **Сабақтың барысы.**

Оқытушы оқушыларды үш топқа бөледі. Алғашқы топ руна жазуларының әріптерін қазіргі әріптермен салыстырып, оның ерекшелігін анықтайды. Ол үшін төмендегідей кестемен жұмыс істейді.

Руна жазулары	Қазіргі қазақ әрпі

Екінші топ Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тізімін жасайды. Бұл үшін Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне байланысты слайдты пайдалану керек. Үшінші топ түрік қоғамындағы Орхон-Енисей жазбалары табылған аймақтарды картадан белгілейді.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқушылар Орхон-Енисей жазбалары түркі тілдес халықтардың ең алғашқы жазба мұралары екенін ұғынуы керек.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жаздыру.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жаздыру.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 7. ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ

### Сабақтың мақсаты

Оқушыларға “түргеш” атауының мағынасын түсіндіру және Түргеш қағанатының Қазақстан аймағындағы Батыс Түрік қағанатының жалғасы болып табылатынын түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы:

Түргеш қағанатының қашан және қалай құрылғанын және ыдырау себептерін айқында.

### Оқулық

Түргеш қағанаты (704-756 жж.). 30-32 бет.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Түргеш қағанаты
- Сары түргештер
- Қара түргештер
- Үшелік қаған
- Сұлу қаған

### Көрнекілік.

Оқулықтың 31 бетіндегі Түргеш қағанатының мыс теңгелері, оқулықтың 33 бетіндегі Түргеш қағанатының аумағын бейлеген карта. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы.

### Мақсатты айқындау

Оқушыларға түргеш атауының мағынасын түсіндіру, Түргеш қағанатының мемлекет ретінде өзіндік ерекшеліктерін айқындау. Түргеш қағандарының жат жерлік басқыншыларға — қытайларға және арабтарға қарсы ерлік күресімен таныстыру.

*Дамытушылық маңызы* — Түргеш қағанатының картасын пайдалана отырып, оның бүгінгі Қазақстанның оңтүстік аймағындағы мемлекеттік құрылым болғандығын, яғни қазақ мемлекеті тарихында алғашқы мемлекеттердің бірі болып табылатынын түсіндіру.

*Тәрбиелік маңызы* — Түргеш қағандарының туған жерді қорғауға байланысты жат жерлік басқыншыларға қарсы ерлік күрестерін баяндай отырып, оқушылардың ата-бабаның ерлік дәстүріне деген құрмет сезімін ояту.

## Сабақтың деректік материалдары.

Түргеш қағанатының мыс теңгелері. Түргеш қағанаты туралы қытай деректері.

### Сабақтың барысы.

Оқытушы оқушыларды екі топқа бөлініп жұмыс істеуге жұмылдырады. Алғашқы топ Түргеш қағанаты туралы жазба деректермен танысып, қағанаттың өлсіреу себептерін анықтайды. Екінші топ Түргеш қағандарының Қытайға және арабтарға қарсы ұстанымдарын айқындайды.

### Сабақтың түрі мен әдісі

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Түргеш қағанатының Қазақстан аумағындағы бір орталыққа бағынған мықты мемлекет болғанын оқушыларға түсіндіру.

### Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
  2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне өрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жаздыру.
- Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жаздыру.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 8. АТЛАХ ШАЙҚАСЫ (751 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗЫ)

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.2.3 Атлах шайқасының себептерін, барысын және тарихи маңызын талдау;
- ◆ 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау.

### Зерттеу сұрағы

Атлах шайқасын “халықтар шайқасы” деп атауға бола ма?

### Оқулық

Атлах шайқасы (751 жылдың жазы). 33–35 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2 том. Алматы. Атамұра. 2010.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Атлах
- Ибн әл-Асир
- Талас өзені
- Гао Сяньчжи

### Көрнекілік

Оқулықтың 35-бетіндегі Араб халифатының Атлах шайқасы қарсаңындағы аумағын көрсететін карта;

Атлах қаласы орналасқан карта, арабтар мен қытайлықтардың арасында болған ұлы шайқастың картасы.

### Мақсатты айқындау

Қарлұқ қағанатының тарихымен таныстыру, қағанат халқының шаруашылығы мен мәдениетін түсіндіру, берілген білімді жүйелеу.

*Дамытушылық маңызы* — оқушылардың тарихи оқиғаларды өз бетінше тұжырымдай білуіне бағыт беру, логикалық ойлау қабілетін арттырып, ойын еркін айтып жеткізе білуге дағдыландыру. Араб-түркі қарым-қатынастарындағы жетістіктер мен қиыншылықтардың ара-жігін ашып ажырата отырып, Атлах шайқасының маңызын халықаралық деңгейде ойлауға жетелеу.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өз елінің тарихи құндылықтарын құрметтеуге үйрету, жерін сүйетін дарынды ұрпақ тәрбиелеу. Өз елін қорғау жолында күресу ерқашанда қажет екендігін ұғындыра отырып, ел және жер тәуелсіздігінің бағасы мен қадірі жоғары болып табылатынын оқушыларға ұғындыру.

## Сабақтың деректік материалдары

Оқытушы көрнекілік деректерін пайдалана отырып, Атлах (Талас) шайқасының қашан, қай жерде орын алғандығын оқушыларға нақты түсіндіреді. Түргеш қағанатының әлсіреп, құлауына қол жеткізген соң Таң империясының батыс аймақ әкімшілігі қытайлық бағыт ұстанған түргештер билеушілеріне көмек көрсетеміз деген сылтаумен, біртіндеп түркілік Жетісуды өзіне бағындырды және қытай әскері Сырдария аймағына жақындап келді. Қытайлықтар 740 жылы Тараз қаласын басып алып тонады, ондағы қарсыласқан түргештер қырғынға ұшырады. Талас шайқасында Қытайдың жеңіліске ұшырауы тарихымыздағы рухани, саяси және этникалық өзгерістер қатарындағы аса маңызды және шешуші тарихи оқиға болды.

Оқушылар қосымша қызықты деректерге негізделген мұғалімнің әңгімелерін тыңдау барысында жұмыс дәптерлеріне Қарлұқ қағанаты мен араб және қытайлықтарға қатысты оқулықта көрсетілген мәліметтерді нақтылап жазып алады.

Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. *Бірінші топ* қарлықтардың арабтар жағына шығуына қатысты тарихшылар арасындағы әңгімелерді баяндайды. *Екінші топ* Атлах шайқасы туралы деректер мәліметтерін жинақтайды. *Үшінші топ* түркі өлемінің рухани тағдыры араб-мұсылман өркениетімен байланыстылығын көрсетеді.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

## Сабақтың түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Атлах шайқасының себептері және барысы.
2. Шайқастың маңызы және тарихи салдарлары.

## Бағалау мүмкіндіктері

1. Қытайдың Жетісу аймағына қызығушылығын қалай түсіндіресіңдер?
2. Араб-түркі қарым-қатынастарындағы жетістіктер мен қиыншылықтарды салыстырыңдар. Балалар Бенн диаграммасы (Араб, түркі, қытай) бойынша дәптер бетін үшке бөліп, әр мемлекеттің қандай мақсаттар көздегендерін анықтап жазып шығады.

Арабтардың көздегендері	Түркілер	Қытайлардың көздегені

3. Археологиялық және жазба тарихи деректердің араб экспансиясы туралы мағлұматтарына көзқарасың қандай?

4. Талас (Атлах) шайқасы неліктен халықаралық маңызы бар тарихи оқиға ретінде бағаланады?

## **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?  
Нені түсінбей қалдың?  
Менің сабаққа байланысты пікірім.

## **Қосымша тапсырма**

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.

## **§ 9. ҰЛЫ ДАЛАДА ҚАРЛҰҚТАР БИЛІГІНІҢ ОРНАУЫ (756-942 ЖЖ.)**

### **Сабақтың мақсаты**

- ◆ 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда “Ұлы Дала Елі” ұғымын қолдану

### **Зерттеу сұрағы:**

Қарлұқтардың басқа түркі тайпаларынан ерекшеліктері қандай?

### **Оқулық**

Ұлы Далада Қарлұқтар билігінің орнауы (756-942 жж.). 36-38 бет.

### **Ресурстар**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

### **Тірек сөздер**

- “Қарлұқ” этнонимі
- Таң империясы
- Ұйғырлар
- Басмылдар
- Суяб

### **Көрнекілік.**

Оқулықтың 39 бетіндегі Қарлұқ қағанатының картасы. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы.

### **Мақсатты айқындау**

Қарлұқтардың кімдер екенін анықтап, олардың Жетісуда билікке келу себебін түсіндіру. Көшпелі қарлұқтарда неліктен қала мәдениеті болғанын анықтау.

*Дамытушылық маңызы* — қазіргі қазақтың құрамында және басқа да түркі тілдес халықтарда қарлұқтардан бастау алатын этникалық құрылымдар бар

екенін, яғни қарлұқтар түркі тілдес халықтардың ата-бабаларының қатарына жататынын оқушыларға ұғындыру.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында Қарлұқ қағанаты деген атпен құрылған мемлекеттің Қазақстан аумағында орналасқанын және оның ата-бабамыздың ерлік дәстүрі негізінде құрылған мемлекет болып табылатынын айқындау.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Қарлұқтар туралы қытай жылнамасында айтылған деректер.

### **Сабақтың барысы.**

Оқытушы сабақ барысында оқушыларды үш топқа бөледі. Бірінші топ – электронды картаны пайдалана отырып, қарлұқтардың шығыстан батысқа, Жетісуға келген жолдарын сызып көрсетеді. 2-топ қарлұқтардың Қытай мен арабқа байланысты ұстанымын айқындайтын кестені толтырады.

Арабтардың мақсаты	Қарлұқтардың мақсаты	Қытайлықтардың мақсаты

Үшінші топ қарлұқтарда қандай қалалардың дамығанын көрсететін деректерді пайдалана отырып, Қарлұқ қағанаты орналасқан картасына қалаларды белгілейді.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Сұрақ-жауап, баяндау.

*Пәнаралық байланыс.* География, археология.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқушыларға Қарлұқ қағанатының Жетісуда уақытша мемлекет болғанын, қарлұқтардың негізгі бөлігінің кейінірек түрікмен атанып, қазақ жері арқылы оңтүстікке жылжып, өзбек, қырғыз, түрікпен тәрізді халықтар құрамына кіргенін ұғындыру.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

## Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 10. ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (IX—XI ғғ. БАСЫ)

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.2 VI-IX ғғ. мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру.
- ◆ Оғыз мемлекетінің алғашқы ұлыстарының орналасу аймақтарының және олардың IX-XI ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы қағанатының орындарын айқындау.

### Зерттеу сұрағы:

“Оғызнама” жыры қандай мәлімет береді?

### Оқулық

Оғыз мемлекеті (IX—XI ғғ. басы). 39–42 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 3-том. Алматы. Атамұра. 2010.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк) Алматы. 1993.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- “Оғыз” этнонимі
- “Оғызнама” жыры
- “Түрікмен” атауы

### Көрнекілік

Ежелгі оғыздардың атамекендері бейнеленген (оқулықта 42-бетте) және олардың қазіргі Қазақстан аумағындағы орналасу аудандары көрсетілген карталарды оқу барысында пайдалану; оқулықтағы (41 беті) Оғыздың антропологиялық мүсіні.

- Тарихи деректер: Қорқытата кітабы, “Оғызнама” дастанынан үзінді.
- Тарихи суреттер: Қорқытатаның суреті, оғыз мемлекетінің туы, оғыз жауынгерлері.



## Мақсатты айқындау

Ежелгі оғыздардың кімдер екендерін, “оғыз” этнонимінің қандай мағына беретінін және алғаш орналасқан аймақтарын айқындап беру. Кейінірек IX ғасыр соңымен X ғасыр басында күшейе түскен оғыздар мемлекетінің ежелгі тарихының қазіргі Жетісу, Оңтүстік Қазақстан және Сырдария аймақтарымен тығыз байланысты екендігіне оқушылардың көздерін жеткізу.

*Дамытушылық маңызы* — қазақ халқы мен басқа да түркі халықтарының этникалық тұрғыдан жаңаша қалыптасуларына оғыздардың өзіндік үлкен үлес қосқандарын айқындап беру.

*Тәрбиелік маңызы* — оғыздардың әскери жорықтары мен мемлекетті нығайтуды көздеген саясаты және біздің заманымызға дейін жеткен оғыз мәдени мұраларымен таныстыру арқылы оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу. Мұның өзі олардың орта ғасырлық ежелгі деректерді, әсіресе М. Қашқаридың “Диуани лұғат-ат түрік” атты шығармасын оқып-үйренуге деген ынта құштарлықтарын арттыра түсуі тиіс.

## Сабақтың деректік материалдары

Жаңа материалдарды оқып үйрену мұғалімнің “оғыз” этнониміне байланысты тартымды да әсерлі әңгімесінен басталады. Ол оғыздардың кімдер екендіктерін М.Қашқаридың “Диуани лұғат-ат түрік” шығармасындағы және “Оғызнама” тарихи аңыз дастанындағы деректер негізінде баяндап береді. Оқушылар ежелгі қазақ жерін мекендеген оғыз тайпаларының аттарын жұмыс дәптерлеріне жазып алады. Мұғалім қазақ және тағы басқа түркі халықтарының тарихи тағдырларындағы оғыздардың алатын орындарын жан-жақты әрі тиянақты түсіндіріп беруі тиіс. Сабақты пысықтау барысында мұғалім оқушылардың оқулықтағы мәтінмен толық және тиянақты танысып шығуларына мүмкіндіктер жасап, осы мәселеге байланысты өз беттерінше қалай жұмыс жасаулары керек екендіктерін түсіндіреді.

Әр топқа тапсырма беру. Тапсырманы орындау оқушыларды үш топқа бөлу арқылы орындалады.

*Бірінші топ оқушылары* мұғалімнің көмегімен М.Қашқаридың еңбегіне сүйене отырып, жазу дәптерлеріне оғыз тайпаларының аттарын ретімен жазып шығады. Мұнда Қазақстан аумағындағы саяси оқиғаларда ерекше белсенділік көрсеткен оғыз тайпалары бөлек жазылады.

*Екінші топ оқушылары* мұғалімнің әсерлі де, мазмұнды әңгімелеріндегі және оқулықтағы деректерді басшылыққа алып, өздерінің жұмыс дәптерінде оғыздардың батысқа жылжу бағыттарын көрсетеді, сондай-ақ олар жаулап алған аймақтар жайлы деректік мәліметтерді келтіреді. Мұнда басты назар Оғыз мемлекеті күшейген тұстағы оған бағынышты болған аудандарды айқындап беруге аударылады.

*Үшінші топ оқушылары* Оғыз қағанатының әлсіреу және күйреу себептерін анықтап, оларды жазу дәптерлеріне түсіреді. Оқушылар Оғыз мемлекетін талқандауға себепкер болған көрші мемлекеттер туралы нақты әңгімелер айтулары тиіс.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

### *Сабақты қорытындылау*

Сабақты бекіту мақсатымен мұғалім Оғыз қағанаты тарихын сипаттайтын жоспарды тақтаға жазып шығады және оқушыларға төмендегідей жоспар негізінде тарихи өңгіме құрастыруды тапсырады.

**Талдау:** Ашық тест орындау.

### **Жоспар:**

1. Алғашқы оғыз бірлестіктері (аттары).
  2. “Оғыз” атауына түсініктеме.
  3. Оғыздар орналасқан аймақтар.
  4. Қазақстан аймағындағы оғыздар бірлестіктерінің күшеюі және олардың мемлекетінің құрылуы.
  5. Оғыздардың жаулау жорықтары.
  6. Оғыз қағанатының күйреуі.
  7. Кейінгі қазақ және тағы басқа түркі халықтарының этникалық қалыптасу тарихындағы оғыздардың ықпалы (халықтар аты).
- Осы тапсырманы орындаған оқушылар үш бөліктен тұратын кесте толтырады. Онда алғашқы бөлікте алғашқы оғыздар бірлестіктері пайда болған хронологиялық кезең, екінші бөлікте Оғыз қағанаты күшейген мерзім және ең соңында осы мемлекет күйреген заман нақты көрсетілуі тиіс.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

- “Оғыз” этнонимінің мағынасын түсінеміз.
- “Оғызнама” жырының тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындаймыз.
- Оғыз мемлекеті қашан және қалай құрылғанын және оның этникалық, қоғамдық құрылымын, орналасқан орнын анықтаймыз.

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды?

Түсінбегендер?

Менің ұсынысым.

### **Бағалау мүмкіндіктері (Топтық бағалау; Өзін-өзі бағалайды)**

1. Оғыз атауының мағынасын түсіндіріп беріңдер.
2. Оғыздартуралықандай жазбаша деректер бар, атап беріңдер.
3. “Оғызнама” жырының маңызы неде деп ойлайсыңдар?
4. Оғыз мемлекеті қашан және қалай құрылды?
5. Оғыз мемлекетінің этникалық және қоғамдық құрылымы туралы өңгімелеп беріңдер.
6. Оғыз билеушілерінің сыртқы саяси жорықтары жайында не білесіңдер?
7. Балалар дәптер бетін екіге бөліп, оғыз билеушілерінің ішкі және сыртқы саясатын жазып шығады:

Ішкі саясат	Сыртқы саясат

8. Еуразия кеңістігінде халықтар тарихында оғыз тайпаларының алатын орны қандай?

9. Балалар бұрынғы және қазіргі кезеңдегі оғыз тілдестердің орналасу аймағын төмендегідей тәртіппен жазып шығады:

IX-XI ғ. оғыздар мекені	Қазіргі кезеңдегі оғыз тілдес халықтар	Олардың мекендері

10. Картадан Оғыз мемлекетінің аумағын көрсетіңдер.

11. Оғыз дәуірінің мәдени мұралары жайында әңгімелеп беріңдер.

### Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс. Берілген сұрақтар мен тапсырмалар негізінде жұмыстар жасау.

2. Картаға оғыз мемлекетінің аумағын, астанасын түсіру.

3. “Қорқытата кітабы” шығармасын оқу

### Рефлексия. Кері байланыс.

Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

## § 11. ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (IX—XI ҒҒ. БАСЫ)

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қимақтардың қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау;
- ◆ 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?

### Оқулық

Қимақ қағанаты (IX—XI ғғ. басы). 43–45 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 3-том. Алматы. Атамұра. 2010.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы. 1993.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

## Тірек сөздер

- Қимақтар
- Имақия (Қимақия) қаласы.

## Көрнекілік

- Тарихи карта: Оқулықтың 46-бетіндегі Қимақ қағанатының картасы.
- Электронды оқулық;
- Тарихи суреттер

## Мақсатты айқындау

Оқушылардың “Ұлы Жібек жолы” атауының мән-мағынасын түсініп алуларына мүмкіндіктер беру. Мұнда бұл жолдар арнайы емес, ежелгі дәуірден-ақ қазіргі Қазақстан аймағын мекендеген сақ, үйсін, қаңлы тәрізді тайпалардың өзара және басқа елдермен қарым-қатынастарында қалыптасқан байырғы соқпақтар негізінде жасалғанын, кейініректе Қытай тәрізді алып империяның алыстағы алдыңғы Азия елдерімен сауда-саттық және мәдени байланыстарының арта түсуінің осы жолды дамыта түсуге тікелей ықпал жасағанын, біртіндеп бұл жолдың көптеген елдер тағдырында шешуші рөл атқарғанын мұғалім жан-жақты түсіндіреді.

*Дамытушылық маңызы* — нақты археологиялық және жазбаша деректер негізінде қазіргі Қазақстан жерін мекендеген ежелгі халықтардың көптеген алыс-жақын елдермен байланыстарды нығайтуға о бастан-ақ ынталы болып, жаңа экономикалық деңгейге көтерілуге ұмтылыстар жасап келгендерін анықтап береді.

*Тәрбиелік маңызы* — Ұлы Жібек жолы бойындағы материалдық және рухани қазыналарымызбен таныстыру арқылы жас ұрпақты ата-бабаларымыздың еңбекқорлық дәстүр салтында тәрбиелеуге көмектесу.

**Сабақтың деректік материалдары.** Сабақты түсіндіруде мұғалімнің Еуразия кеңістігіндегі орта ғасырлардағы әртүрлі елдер бейнеленген түрлі түсті оқу картасын пайдаланғаны жөн. Өткен сабақтардағы әртүрлі тайпалық бірлестіктер мен қағанаттар туралы оқушылар білімдерін пайдалана отырып, оларға дейін баратын сауда жолдарының тармақтарын анықтау қажет. Ұлы Жібек жолының маңызы туралы деректі фильмнен үзінділер көрсетіп, оқушылардың тарихи санасын орта ғасырлар заманымен байланыстыру керек. Олар сабақ материалдарын тыңдау барысында сауда жолдарының мұғалім әңгімелеп отырған замандарда жеке тайпаларды және халықтарды экономикалық тұрғыдан ғана емес, саяси және мәдени жағынан да байланыстырушы рөл атқарғанын айқын аңғарулары тиіс. Осы сауда жолдары тармақтары ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан аймақтарында отырықшылықтың және қала мәдениетінің жан-жақты өркендеуіне жол ашқандығын оқушылар әртүрлі тарихи, түрлі түсті альбомдардан алынған археологиялық деректер негізінде айқын ұғынулары керек. Сабақты пысықтау барысындағы аса маңызды мәселе — Қазақстан аймағындағы Ұлы Жібек жолының басты тораптарының бағыттарын оқушылар естерінде қалдыру екендігін ескере

отырып, оқушыларды бірнеше топқа бөлініп жұмыс жасауға жұмылдыруға тура келеді.

Бірінші топ. “Миға шабуыл” әдісі. Ұлы Жібек жолының ең басты және халықаралық екі тармақтарын жұмыс дәптерлеріне сызып көрсетеді. Олардың бірін тақтаға шақырып, жұмысты оқушылар алдында орындап шығуға мүмкіндік беруге болады.

Екінші топ. “Ой қозғау” сатысы. Сириядан Иран, Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан, Талас өзені арқылы Шығыс Түркістанға алып баратын жолды анықтаумен айналысады.

Үшінші топ. “Айқындау” сатысы. Византиядан Дербентке дейін барып, Каспий теңізін жағалай отырып, Маңғыстау арқылы Арал теңізі жағалауындағы негізгі жолға келіп қосылатын торапты дәптерлерінде көрсетеді.

Төртінші топ. “Анықтау” сатысы. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін сауда жолы торабының Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтарына апаратын бағыттарын анықтауға назар аударады. Мұндайда әсіресе сауда жолының Отырар қаласынан шығып, Сарысу өзенін бойлап Ұлытауға дейін шығып кететін “Сарысу жолын” және Тараз қаласынан Мойынқұм арқылы Бетпақдалаға, онан әрі Ертіс бойындағы қимақтарға аппаратын “Хан жолының” маңызы туралы айтуды ұмытпаған жөн.

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

- Қимақтар туралы қандай жазбаша деректер бар екендігін білеміз;
- Қимақтардың этникалық құрамы және Қимақ мемлекеті туралы мәліметтер аламыз;
- Қимақтарда қала мәдениетінің қалай дамығанын анықтаймыз.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

1. Қимақтар туралы қандай жазбаша деректер бар?
2. Қимақтардың этникалық құрамы жайында айтып беріңдер.
3. Қимақ мемлекеті қашан және қалай құрылды?
4. Қимақ қағандары көршілес елдермен қандай саясат жүргізді?
5. Қимақтарда қала мәдениетінің қалай дамығанын сипаттаңдар
6. Картадан Қимақ қағанатының аумағын көрсетіңдер.

## Бағалау парақшасы.

Блум таксономиясы бойынша.

р/с	Оқушының аты-жөні	Білу	Түсіну	қолдану	талдау	жинақтау	Қорытынды баға

“Миға шабуыл” әдісі – 1 ұпай.

“Ой қозғау” сатысы – 1 ұпай.

“Айқындау” сатысы – 1 ұпай.

“Анықта” сатысы – 1 ұпай.

### Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс. Берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру.

2. Оқушылар жұмыс дәптерлеріне Ұлы Жібек жолының бағыттарын толық сызып, түсірулері керек.

3. Кестеге Ұлы Жібек жолының хронологиялық негізде өркендеуін анықтап көрсету керек.

4. “Мен — Ұлы Жібек жолының бойындағы саудагермін” (елші, діни миссионер, ғалым және әнші-биші, суретші, т.б. шығармада елді мекендер, тауарлар, т.б. атаулары болуы керек) тақырыбына тарихи шығарма жазуды ұсыну.

## §12. ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау;
- ◆ 6.4.1.2 көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін анықтау;
- ◆ 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы

Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?

### Оқулық

Түркілердің әскери өнері. 46–48 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 3-том. Алматы. Атамұра. 2010.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк) Алматы. 1993.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

## **Тірек сөздер**

- соғыс өнері;
- аң аулаудың артықшылығы;
- ғибадатхана;
- Пайғамбар хадисі

## **Көрнекілік**

- Тарихи карта
- Электронды оқулық;
- Тарихи суреттер: Оқулықтың 49-50 беттеріндегі суреттер.

## **Мақсатты айқындау**

Арабтар қалдырған жазбаша деректерге сүйене отырып, соғыс өнерінің осы кезеңде қаншалықты дамығандығын, қандай соғыс тактикасы болғанын және соғысты ұйымдастыру тәсілдерін оқушыларға түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы* — көшпелілердің түріктердің әскери өнерді меңгеруге бейім болуларының себептерін араб және қытай дереккөздері арқылы оқушыларға баяндау, көшпелілердің аң аулау жетістіктерін соғыста пайдалана білуінің маңызын оқушыларға ашып көрсету.

*Тәрбиелік маңызы* — соғыс өнерінің әрқашан маңызды болғанын, әсіресе араб және қытай деректерінде түркі тайпаларының шайқасы бейнеленгенін, қандай шайқастар болғанын ашып көрсету оқушылардың соғыс туралы білімін шыңдайды.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Оқытушы көрнекілік деректерін пайдалана отырып, соғыс өнерінің көшпелілер арасында қаншалықты дамығандығын оқушыларға нақты түсіндіреді, соғыс өнеріне қатысты араб және қытай деректеріне сақталған мәліметтерді ашып көрсетеді. Әсіресе арабтар қалдырған жазбаша деректерге сүйенсек, қимақтар аңшылықпен де айналысқан. Олар жабайы аңдарды аулап, оларды тамаққа пайдаланғаны көрсетіледі.

Тапсырманы орындау оқушыларды үш топқа бөлу арқылы орындалады.

Бірінші топ. Мұғалімнің көмегімен Түріктердің соғысу барысында неліктен жеңіліп қалу себептерін баяндайды.

Бірінші топ. Мұғалімнің көмегімен арабтардың түріктерге тигізген теріс әсері туралы ақпараттарды мәтіннен іздеп көрсетеді.

Үшінші топ. Мұғалімнің көмегімен Мұхаммед Пайғамбардың бір хадисінде ұрпақтарына түркілермен соғыспау туралы өсиетін оқулықтан тауып, оқиды.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

- Көшпелі түріктердің әскери өнерді меңгеруге бейім болуларының себептерімен;
- Көшпелілердегі аң аулаудың соғыс өнерін жетілдірудегі маңызымен;
- Көшпелілердің отырықшы халықтармен соғысу ерекшеліктерімен танысамыз.

## Бағалау мүмкіндіктері

- Көшпелілердің мемлекеттік құрылымының қандай сипаты болды?
- Арабтар қалдырған деректерде қимақтардың аңшылық өнері туралы қандай мәліметтер сақталған?
- Арабтардың түрік жеріне басып кіру себебін көрсетіңдер?
- Қытай деректерінде түріктер туралы қандай мәліметтер сақталған?
- Қытайлықтар түріктерді қалай бағындыруды көздеді?

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушының аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.
2. Көшпелілердің әскери өнері туралы қосымша ақпарат іздеу.

## § 13. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Сабақтың мақсаты

- ◆ 6.4.1.2 Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін анықтау

### Зерттеу сұрағы:

Ұлы Дала аймағында неліктен көшпелі малшаруашылығы шаруашылықтың негізгі және басты түрі болды?

### Оқулық

Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктері. 49-51 беттер.



## Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

## Тірек сөздер

- Көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығы
- Жылқы мен қой өсіру
- Ірі қара өсіру
- Отырықшылық мәдениеті

## Көрнекілік.

Оқулықтың 51-52, 53 беттеріндегі түркілердің теріден жасалған киім үлгілері мен ат-әбзелдерінің суреті. 53-54 беттердегі ежелгі түркілердің ою-өрнектері және үй бұйымдары. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы.

## Мақсатты айқындау

Ұлы Дала халықтары өміріндегі малшаруашылығының орнын, ерекшеліктерін айқындау. Сонымен бірге түркі тайпаларының дәстүрлі малшаруашылығымен қатар сауда және егіншілікпен неліктен белсенді түрде айналысқандарын білу.

*Дамытушылық маңызы* — Ұлы Дала аймағындағы көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының бүгінгі қазақ халқының малшаруашылығын дамыту ерекшеліктерімен тарихи сабақтастығын айқындау.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылардың санасында ежелгі түркілердің дәстүрлі малшаруашылығына және оның өзіндік ерекшеліктеріне деген құрмет сезімін ояту. Қазақстанның малшаруашылығы өркендеген ел болып табылатынын мақтаныш етуге тәрбиелеу.

## Сабақтың деректік материалдары.

Қытай жылнамалары, Араб және парсы саяхатшыларының жазбалары. Петроглиф суреттердегі түркілердің малшаруашылығымен айналысуын бейнелейтін суреттер.

## Сабақтың барысы.

Оқытушы балаларды мынандай кестені толтыруға жұмылдырады.

Ұлы Дала халықтарының негізгі кәсібі және оның ерекшеліктері	Дәстүрлі мал шаруашылығының Ұлы Дала халықтары өміріндегі маңызы	Түркі тайпаларының сауда мен егіншілікпен айналысу ерекшеліктері

## Сабақтың түрі мен әдісі

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы бүгінгі Қазақстандағы малшаруашылығын дамыту бағытының ежелден қазақтар үшін ата кәсіп болып табылатынын сабақтың өн бойында басшылыққа алуы керек.

## Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

## Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
  2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.
- Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 14. ТҮРКІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Сабақтың мақсаты

- ♦ 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы:

Көне түркілер неліктен өртүрлі діни наным-сенімдерді ұстанды?

### Оқулық

Түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктері. 52-53 бет.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.

2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

### **Тірек сөздер**

- Көк Тәңірі
- Анимизм
- Ұмай ана
- Христиан
- Манихей
- будда

### **Көрнекілік.**

Оқулықтың 55 бетіндегі түркілер сеніміндегі көк бөрі сенімі. Өртүрлі тас балбалдардың кескіні. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы.

**Мақсатты айқындау** көне түркілердің наным-сенім ерекшеліктерінің және түркілердің діни және рухани ұстанымдарының сәулет өнерінде қалай бейнеленгенін анықтау.

*Дамытушылық маңызы* — қазіргі Қазақстан мен бұрынғы Түрік қағанаты орналасқан аймақтарды өзара салыстыра қарау негізінде қазақтардың байырғы ата-бабаларының бұрынғы діни наным-сенімдерден бүгінгі христиандық және исламдық ұстанымдардың артықшылықтарын айқындау.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында ежелгі діни наным-сенімдерді түсіндіру негізінде бүгінгі Қазақстан халқының діни және рухани ұстанымдарына деген құрмет сезімін ояту.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Қытай жылнамалары, Араб және парсы саяхатшыларының жазбалары. Петроглиф суреттердегі түркілердің діни наным-сенімі бейнеленген бейнеленген суреттер.

### **Сабақтың барысы.**

Оқытушы балаларды бірнеше топқа бөліп жұмыс жасауға бағыттайды. Алғашқы топ тәңіршілдіктің ерекшеліктерін айқындаса, ал қалған топтар анимизм, христиан, манихей, будда діндеріне түсініктемелер беретін қысқаша тезистер жасайды.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Мұғалім бүгінгі Қазақстан халқының діни ұстанымы сандаған ғасырлар бойы үздіксіз дамуда болған діни наным-сенімдердің қорытындысы және жалғасы болып табылатынын сабақтың өн бойында басшылыққа алуы керек.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
  2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.
- Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## **§15. ТҮРКІТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ЕУРАЗИЯ ТАРИХЫНА ӘСЕРІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.1 негізгі түркі тілдес тайпаларды атап, олардың Ұлы Далада қыпшақтану үдерістерінің қалай жүзеге асқанын көрсету.

### **Зерттеу сұрағы**

Түркітілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді

### **Оқулық**

Түркітілдес халықтардың миграциясының Еуразия тарихына әсері. 54–56 беттер.

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

### **Тірек сөздер**

- Моңғол үстірті
- Байкөл (Байкал)

- Ұлы Гоби шөлі
- Татарлар
- Ұйғыр қағанаты
- Моңғолдар

### **Көрнекілік**

Түркі тілдес халықтардың миграциясы бейнеленген карта, тарихи суреттер.

### **Мақсатты айқындау**

V-VIII ғасырлардағы Моңғол үстірті мен Ұлы Дала аймағындағы түркі тайпаларының орналасуымен таныстырып, олардың біртіндеп батысқа жылжу себептерін анықтап, жаңа этникалық топтардың, тайпалардың қалыптасуындағы түркі тілдес халықтардың миграциясының әсерін оқушыларға түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы* — Еуразияның далалық аумағындағы VI — IX ғасырларда орын алған түркі тілдес халықтардың миграциялық үдерістері ортағасырлық Қазақстан территориясындағы қағанаттар мен тайпалар тарихына маңызды этно-саяси өзгерістер әкелгенін көрсету.

*Тәрбиелік маңызы* — Түркі тілдес халықтардың миграциясы кейініректе қалыптасқан қазақ тәрізді көптеген түркі тілдес халықтарының тарихи тамырларын нығайтуға зор үлес қосып, олардың дербес ұлт ретінде түркілік келбеттерін жоғалтып алмауларына айтарлықтай ықпал жасағандарын оқушыларға түсіндіру.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Мұғалім көрнекілік картадағы түркі тілдес тайпалардың орналасу аумағы мен қоныс аудару үдерісін баяндай отырып, түркі тілдес халықтардың миграциясының Еуразия тарихына әсерін оқушыларға нақты түсіндіреді, себептерін көрсетеді.

Ертіс өзенінің бастауында бұл тұста байырғы Қаңғайлар (Қаңлылардың бабалары), ал олардан оңтүстікте Құйғырлар (Ұйғырлардың бабалары) мекендеген болса, шығысқа қарай Керуленді бойлап, Тоғыз Ғулар (Тоғыз оғыздар бабалары), Белерлер, Тыбалар, Қанаштар, Сір-Ендалар (Қыпшақтардың бабалары), Қоқсырлар, Сегеттер, Янғырлар, Ғидар, Септер (Керейттердің бабалары), Сепсіндер, Ғұндар (байырғы Ғұндардың тарихи отанында қалған ұрпақтары) мекендесе, осы түркітілдестерге оңтүстік шығыста манчжуртілдес Қығандар (Қидандар) теңізге дейінгі аймақта қоныстанып, көрші болғанын баяндап, мұғалім солтүстікте Онон өзенінің бастауларынан шығысқа қарай Ағни, Қыбыт, Телен немесе Төлеңгіт (Жалайырлардың бабаларының бір бөлігі), Бүркіт (Арғындардың бабаларының бір бөлігі), Тоңра, Байырқы (Алшындардың бабаларының бір бөлігі), Едіз, Тоңра, Ғи, Ақсеп (Керейлердің бабаларының бір бөлігі), Үшет, Ағуан, Арағұн (Арғындардың бабалары), Киік, Күтукиік, Тайған, Құтшы, Мүркет (Меркіттердің бабалары) мекендегенін, ал Байкөлден терістік батысқа қарай Алақшындар (Алшындардың бабаларының бір бөлігі) орналасқан болса, олардың оңтүстік батысында Кенгұндар (Қырғыздардың бабалары) көшіп-қонып жүрді. Аттарынан байқалып тұрғанындай, Моңғол

үстіртіндегі құнарлы өзендер аймағы негізінен түркі тайпаларының атамекені болғанын баяндайды.

Кейіннен Ұлы көшпелі дәстүр-салт және әскери аристократиялық жүйеге негізделген мемлекеттік билік қыпшақтардың Еуразия кеңістігінде этникалық және саяси тұрғыдан кеңінен тарауына алып келді. Осы аймақта өмірге келген көптеген түркі тілдес мемлекеттер өздерінің этникалық және саяси дамуында қыпшақ дәстүрін жалғастырды. Қыпшақ тілі орасан зор аймақта бірқатар түркі халықтарының ұлттық тілінің және мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал жасады.

Олардың арасында Алаш қауымдастығының негізінде кейіннен жеке ұлт болып қалыптасқан қазақ халқы да бар. Ұлы Даладағы көптеген тайпалық одақтар өздерінің тарихи тамырларын осы қыпшақ бірлестігімен байланыстыратынын ұмытуға болмайды.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас сабақ. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Тарихи зерттеулерден білетініміз VIII ғасырдың орта шеніне дейін Моңғол үстіртін негізінен түркі тайпалары мекендеген. Түркілер отанында біраз уақыт VIII-IX ғасырларда Ұйғыр хандығы үстемдік жасады. Бұлар билік жасаған кезінде тарихқа ұйғырлармен қатар Моңғол деп аталатын тайпалық бірлестік шықты.

### **Сабақтың жоспары**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады;

1. V-VIII ғасырлардағы Моңғол үстірті мен Ұлы Дала аймағындағы түркі тайпаларының орналасуы;
2. Олардың біртіндеп батысқа жылжу себептері;
3. Ұлы Далада қыпшақтану үрдісі күшейген тұста орын алған этно-саяси өзгерістер.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

1. IX-X ғасырлардағы түркілердің батысқа ығысу себептерін анықта.
2. Қыпшақтардың батысқа жылжуының Ұлы Дала аймағындағы түркі тайпаларын қандай этно-саяси өзгерістерге ұшыратқанын анықта.

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысы-ның бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ, 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

### Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.
2. V-VIII ғасырлардағы Моңғол үстіртіндегі түркі тайпаларының орналасуларын картаға түсір.

## §16. X-XIII ҒАСЫРЛАРДА ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ САЯСИ КАРТАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.3 X–XIII ғғ. мемлекеттерді білу, ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау.

### Зерттеу сұрағы

X — XIII ғғ. саяси карта қаншалықты өзгерді?

### Оқулық

X-XIII ғасырларда Ұлы Даланың саяси картасының өзгеруі. 58–60 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Қидандардың Ляо мемлекеті
- Тұңғыс-манчжур, яғни көне монғол тілінде сөйлейтіндер
- Енисей қырғыздары
- Татарлар

### Көрнекілік

- Тарихи карта: X-XIII ғасырлардағы Еуразия. Қидандардың Ляо империясы (X-XII ғғ.). Оқулықтың 63-беті
- Электронды оқулық.

### Мақсатты айқындау

Ұлы Дала аумағына шығыстан ығысып келіп қоныстанған түркі тайпаларының X-XIII ғасырлардағы тарихи тағдырымен таныстырып, қоныс аудару себептері мен салдарын анықтау.

V-VIII ғасырлардағы Моңғол үстірті мен Ұлы Дала аймағындағы түркі тайпаларының орналасуларымен таныстырып, олардың біртіндеп батысқа жылжу себептерін анықтап, жаңа этникалық топтардың, тайпалардың қалыптасуындағы түркі тілдес халықтардың миграциясының әсерін оқушыларға түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы* — X-XIII ғасырлардағы Ұлы Далада болған этно-саяси өзгерістермен және олардың тарихи салдарларымен таныстырып, шығыстан ығысып келіп қоныстанған түркі тайпалардың жергілікті халыққа әсері мен жаңа этникалық топтардың қалыптасуына тигізген ықпалын анықтау.

*Тәрбиелік маңызы* — X-XIII ғасырларда шығыстан ығысып келіп қоныстанған түркі тайпаларының түркі тілдес халықтардың тарихи тамырларын нығайтуға қосқан үлесін, мәдени және рухани өміріне жасаған ықпалын оқушыларға түсіндіру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім X-XIII ғасырлардағы Еуразияның тарихи картасы мен электрондық оқулықтардағы деректерді пайдалана отырып X — XIII ғғ. саяси картаның қаншалықты өзгергенін, оған шығыстан ығысып келіп қоныстанған түркі тайпаларының ықпалын баяндайды.

X ғасырдың басында Орталық Азияда Ляо мемлекетінің құрылуына байланысты түркі тілдес тайпалар үстемдігінің кезеңі аяқталды. Қидандардың тарих сахнасында пайда болуының негізгі салдары, түркі тілдес тайпалардың батысқа қоныс аударуларының бастаулары болды.

924 жылы басталған қидандардың Орталық Азия далаларына жорықтары барып тұрған қасіретке айналды. Ол Орталық Азияның этникалық картасын түбірінен өзгертіп жіберуге алып келді. X ғасырға қарай бұрын Түрік қағанаты үстемдік жасаған Орхон өзенінің аймағында Қидандардың Ляо мемлекеті деп аталатын қағанатының орнығуы осында шығыстан ауып келген тұңғыс-манчжур, яғни көне моңғол тілінде сөйлейтіндердің бұрынғы түркітілдестермен араласа қоныстануларын туғызды.

XIII ғасырдың бас кезінде Моңғол көшпелілерінің мемлекеті өмірге келді. Оның құрамына моңғол атанғандармен қатар осы аймақтағы көшпелі түркілер де кірді. Бұл мемлекеттің негіздеушісі Шыңғыс хан екенін тарихтан білеміз. Жоғарыда аталған түрік-моңғол тайпаларын бір орталыққа, іргелі империяға бағындырған ол, XIII-XIV ғасырларда қазіргі Моңғолия жерінде тұрақты мемлекет орнатты. Бұл мемлекеттің этно-саяси құрылымы да аса күрделі. Онда әртүрлі тілде сөйлейтін көшпелілер қатар көшіп-қонып жүрді. Моңғолтілдестердің солтүстік шығысындағы үлкен тайпа бұрынғысынша Жалайырлар болды. Олардан батысқа қарай Онон өзенінің бойында Тайчиуттар, олардан төменде Онон және Керулен аралығында Моңғолдар, олардан оңтүстікте Татарлар (1202 ж. дейін, оларды моңғолдар талқандағанға дейін, өмір сүрген тайпалық бірлестік) және оңтүстік шығыста Қоңыраттар (Хонгираттар), олардан оңтүстік батыста Оңғұттар, ал Қарақорым атты империя астанасының айналасында Керейттер (1203-1204 ж. дейін, моңғолдардан жеңілгенге дейін, өмір сүрген түркітілдес көшпелілер хандығы),



олардан солтүстікте Байырғулар және шығыста Гурвандар мен Меркіттер (1185 ж. дейін, моңғолдар күйретіп жібергенше өмір сүрген түркітілдес тайпалық бірлестік), ал Моңғолдардың батысын Хамагтар жайлап жатты. Сондай-ақ, Моңғол мемлекетінің Байкал көлінен батысқа қарайғы солтүстігін Ойраттар, олардан батыста Алтай жотасының бойын түркітілдестер хандығын құрған Наймандар мекендеді. Міне, біз білетін X-XIII ғасырлардағы Моңғол үстіртін мекендеген халықтардың этникалық құрылымы осындай. Ал моңғол аталғандардың көршілеріне келетін болсақ, Байкал көлінің шығысында Булгачиндар, батысында Енисей қырғыздары және Дубалар, Ертістен оңтүстік батысқа қарай Қарақидандар, олардан төменде Шығыс Түркістанда Ұйғырлардың тайпалық одағы (847-1218 жж. өмір сүрген) орналасқан еді. Түркі моңғол көшпелілерінің оңтүстігін Таңғұт хандығы иемденіп жатты. Бұл 1031-1227 жж. аралығында өмір сүрген мемлекеттік бірлестік болатын.

Осындай күрделі этно-саяси процестерді әңгімелегенде және оларды сипаттағанда бүгінде қазақ халқын құраған көптеген тайпалардың атауларын, яғни этнонимдерінің шығу себептерін анықтап алу тарихымыз үшін өте маңызды.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

X — XIII ғғ. Алтай-Саян және қазіргі Моңғолия территориясын көптеген түркі және моңғол тайпалық бірлестіктері мекендеген еді.

### **Сабақтың жоспары**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Ұлы Дала аумағына шығыстан ығысып келіп қоныстанған түркі тайпаларының X-XIII ғасырлардағы тарихи тағдырлары.
2. Олардың осы аймаққа қоныс аудару себептері.
3. X-XIII ғасырлардағы Ұлы Далада болған этно-саяси өзгерістермен және олардың тарихи салдарлары.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

1. X ғасырдан бұрын, ежелгі және ертеортағасырларда батысқа қоныс аударған қандай түркі тайпаларын білесің?
2. Қидандар дегендер кімдер еді?
3. Көне моңғол тайпалары неліктен бұрынғы түріктер билеген аймақтарда үстемдік алып кетті?

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысы-ның бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақ-тарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

### **Қосымша тапсырма**

1. X-XIII ғасырларда Моңғол үстіртіндегі түркі тайпаларының батысқа жылжу себептерін анықта және олардың көшу жолдарын картаға түсір.

3. Моңғолдарға көрші түркі тайпаларының орналасқан аймақтарын картаға түсіріп, белгіле.

## **§ 17. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІ (940-1212 жж.)**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.3 X–XIII ғғ. мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру;

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?

### **Оқулық**

Қарахан мемлекеті (940-1210 жж.). 61–63 беттер.

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Гумилев.Л. Көне түріктер. Алматы. Білім. 1994.

Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік) 3 томдық шығармалар. Алматы. ХАНТ. 1997.

### **Тірек сөздер**

- Қарахан мемлекеті
- Сатұқ Боғра хан
- “Ихта” жүйесі

### **Көрнекілік**

- Қарахан мемлекетінің аумағы көрсетілген тарихи карта.
- Оқулықтың 66-бетіндегі Қарахан кесенесінің және мыс теңгелердің суреттері.

## **Мақсатты айқындау**

*Дамытушылық маңызы.* Қарахан дәуірі Қазақстан аймағында мұсылман дінінің орнығуымен ерекшеленгенін айқын көрсету, қазақ жеріне ислам дінінің таралу тарихы тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіру.

*Тәрбиелік маңызы.* Тарихи деректерге сүйеніп, Жетісу жерінде ислам дінінің таралу тарихымен таныстыра отырып, оқушыларға ислам дінінің таралуы мен қоғамдағы орны туралы білімін үздіксіз толықтырып отырудың қажет ететіндігін оқушыларға ұғындырып, оларды діни сауатты болуға тәрбиелеу.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Оқытушы көрнекілік деректерін пайдалана отырып, Қарахан мемлекетінің хандық басқару жүйесін оқушыларға түсіндіреді. Онда өкімет билігі қағанның қолында болғанын және билеуші табғачхан дәрежесін иемденгенін таныстырады. Сонымен қатар, жергілікті уделдерді (ұлыстарды) билеушілер илектер деп аталды. Табғачханның жақын кеңесшісі және көмекшісі — үзір болатын. Сонымен бірге күзет бастығы, есік қорғаушылары, қазынашылар және елшілер тәрізді қызметтер мемлекетте белгіленіп отырды. Қарахан мемлекетінің негізі — әскери-мұралық жүйеден тұрды. Мемлекет бірнеше ұлыстарға бөлінді. Хан мемлекеттік және әскери қызметте ерекшеленген билеушілерге жерлер бөліп беріп, олардың сол жерлердегі халықтан салық жинауларына рұқсат беріп отырды. Мұндай жерлер “ихта” деп аталды.

Қарахандықтар туралы жазба деректер Махмұд Қашқаридың жазбаларында да кездеседі. Жүсіп Баласағұнның еңбегінде қарахандықтардағы түркілердің жылқы малын өсірудегі ерекше тіршілігі жан-жақты өңгімеленеді.

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас сабақ. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Қарахан атауы X ғасырдың соңына қарай Орта Азиядағы мұсылман деректерінде кездесе бастайды. Ал Қарахан мемлекеті деген атау X-XI ғасырларда пайда болды. Бұл ежелгі түркілер шежіресіндегі Түрік, Оғыз тәрізді халықтардың арғы бабалары қатарында аталатын тарихи тұлғаның есімі.

## **Сабақтың жоспары**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Қарахан мемлекетінің құрылу себептері.
2. Оның этникалық құрамы.

## **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Қарахан мемлекетіндегі басқару жүйесіне түсінік беру.
2. Жетісуға арабтардың келу мақсатын ашып көрсету.

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысы-ның бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақ-тарына жауап беруі	Жиын-тық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.
2. Тарихи шығарма жазу. Тақырыбы: Қазақстан аймағында мұсылман дінінің таралуы.
3. Қарахан мемлекеті орналасқан аумақты картаға түсір.

## § 18. ИСЛАМ ДІНІНІҢ ОРНЫҒУЫ

### Сабақтың мақсаты

- ◆ 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру
- ◆ 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау

### Зерттеу сұрағы:

Көшпелі түркілер неліктен ислам дінін басқа діни наным-сенімдерден артық көрді?

### Оқулық

Ислам дінінің орнығуы. 64-66 бет.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Ислам
- Кәпір
- Сатұқ Боғра хан

## **Көрнекілік.**

Оқытушы слайдты пайдалана отырып құранның суретін Ұлы Дала және Орталық Азия аймағындағы исламның қасиетті орындарының және өуле-әнбиелерге орнатылған мавзолей-ескерткіштердің суреттерін пайдаланады. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы. Ұялы телефон.

## **Мақсатты айқындау**

Ислам дінінің Қарахан мемлекет тұсында қабылдану себебімен және оның осы мемлекеттің халықтары өміріндегі маңызымен таныстырады.

*Дамытушылық маңызы* — қазіргі Қазақстан мен бұрынғы Ұлы Дала аймағындағы исламның таралуындағы жетістіктермен және бүгінгі ислам дінінің халықтарды біріктірудегі және рухани тұрғыдан тәрбиелеудегі маңызын оқушыларға ұғындырады.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында ислам дініне деген құрмет сезімін ояту.

## **Сабақтың деректік материалдары.**

Араб және парсы саяхатшыларының жазбалары. Діни сипаттағы тарихи жазбалар: Ахмет Йассауидің, Жүсіп Баласағұнидің, Махмұд Қашқаридің еңбектерінен үзінділер.

## **Сабақтың барысы.**

Оқытушы балаларды екі топқа бөледі. Алғашқы топ исламға дейінгі діни наным-сенімнің ерекшеліктерін көрсететін төмендегі кестені толтырады.

Исламға дейінгі діни наным-сенімдердің жағымды жақтары	Исламға дейінгі діни наным-сенімдердің жағымсыз жақтары

Екінші топ төмендегідей кестені толтырады.

Ислам дінінің басқа діндерден ерекшеліктері	Ислам дінінің қазақстандықтарға рухани тәрбие берудегі артықшылықтары

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ барысында ислам дінінің бұрынғы барлық діни наным-сенімдерден артықшылығын көрсетуге тырысуы қажет.

## **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
  2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.
- Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 19. ҚЫПШАҚ ХАНДЫҒЫ (XI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ — 1219 Ж.)

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.3 X–XIII ғғ. мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау;
- ◆ 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау;
- ◆ 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда “Ұлы Дала Елі” ұғымын қолдану.

### Зерттеу сұрағы

Қазақ даласы не себепті “Дешті Қыпшақ” деп аталды?

### Оқулық

Қыпшақ хандығы (XI ғасырдың басы — 1219 ж.). 67–70 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. — Алматы. Атамұра. 1999.

Омарбеков Т. Қазақтың шығу тегі. Алматы, 2017.

### Тірек сөздер

- Қыпшақ
- Дешті-Қыпшақ
- половецтер
- мадьярлар,
- гагауздар

## Көрнекілік

- Тарихи карта: Қыпшақ хандығы. Даласы оқулықтың 71-бетінде.
- Оқулықтың 72-73 бетіндегі қыпшақ жауынгерлерінің суреттері.
- Тарихи дерек: “Кодекс куманикус” шығармасынан үзінді.

## Мақсатты айқындау

“Қыпшақ” атауының тарихи деректерде қашаннан бастап кездесетінін анықтап беру арқылы қыпшақтардың VII ғасырдың соңы мен VIII ғасыр басына қарай жеке саяси мемлекеттік бірлестік түрінде көріне бастағанын, біртіндеп олардың Қимақ қағанатына қосылғанын, олар жаулаған өңірдің қазіргі Орталық және Батыс Қазақстан өңірін түгелдей дерлік қамтығанын оқушылар ұғып алулары керек.

*Дамытушылық маңызы* — қыпшақтардың шын мәнінде байырғы түріктердің саяси және этникалық мұрагерлеріне айналғандарын, олардың иеліктеріндегі Еділ өзеніне дейінгі ұлан байтақ аймақтың X ғасырға қарай “Дешті Қыпшақ”, яғни “Қыпшақ даласы” атанғанын түсіну.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар қыпшақтардың кейініректе қалыптасқан қазақ тәрізді көптеген түркі халықтарының тарихи тамырларын нығайтуға зор үлес қосып, олардың дербес ұлт ретінде түркілік келбеттерін жоғалтып алмауларына айтарлықтай ықпал жасағандарын айқын аңғарту.

## Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім қыпшақтарды Батыс Түрік қағанаты, онан соң Қимақ қағанаты құрамындағы тайпалық бірлестіктермен тығыз қарым қатынаста өсіп жетілген тайпа ретінде қарастыруы керек. Әсіресе қыпшақтар қазіргі Орталық және Батыс Қазақстан өңіріндегі тайпалық одақтардың этникалық құрамының жаңа деңгейге көтерілуіне үлкен ықпал жасады. Мұғалім “Дешті Қыпшақ” деп аталатын аймақтың, негізінен, қазіргі қазақ даласына қатысты айтылатынын және XI ғасыр басында күшейген қуатты Қыпшақ хандығының, негізінен, қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүргенін нақты деректерді пайдалану арқылы оқушыларға ұғындыруы тиіс. Мұның өзі оқушыларды туған өлке тарихын жақсы білуге баулып қана қоймай, оларды ата-бабаларымыздың ерлік дәстүрлері рухында тәрбиелеуге де ықпал жасайды. Кезінде Оңтүстік және Батыс Қазақстан өңірлерінде өмір сүрген оғыздар тәрізді қыпшақтардың да тағдыры біздің еліміздің орта ғасырлардағы күрделі тарихымен тығыз байланысты екендігін оқушылар жақсы ұғынып алулары тиіс. Осыған байланысты мұғалімнің әңгімесі өткен сабақтарда айтылған оғыздар тарихымен тығыз байланыста қарастырылып, қызықты да тартымды баяндауға құрылғаны жөн. Сабақты түсіндіру барысында қыпшақтар тарихын ерекше оқшауламай және аңыз сипатындағы әңгімелерге айналдырып жібермей, деректерді нақты да тиянақты баяндау керек. Оқушылар тіптен аса қуатты мемлекет құрған бабаларымыздың да қым-қиғаш, күрделі тарихи оқиғаларды бастан кешуге мәжбүр болғандарын, әсіресе батыстағы және оңтүстіктегі көрші халықтармен қарым-қатынастардың тым күрделі болғанын мұғалімнің қисынды әңгімелерінен аңғарулары тиіс. Сонымен қатар Қыпшақ хандығының

тарихын әңгімелегенде оны тым асыра дәріптеп, біржақтылыққа ұғынуға болмайды. Оның да орта ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген басқа мемлекеттер тәрізді өзіндік әлсіздіктері және ерекшеліктері болды. Мұның өзі түптің түбінде Қыпшақ мемлекетін күйреуге алып келді. Оның үстіне қыпшақтардың Қазақстан аумағына түгелдей үстемдік жасамағанын және еліміздің оңтүстігінде және оңтүстік шығысында басқа мемлекеттік бірлестіктер өмір сүргендерін де оқушылар ұғынып алулары керек. Сабақтың аса маңызды кезеңдерін есте қалдыру үшін оқушылардың үш топқа бөлініп жұмыс жасағандары тиімді болады. *Бірінші топ оқушылары* Қыпшақ мемлекетінің құрылуының алғы шарттары мен тарихи бастауларын жұмыс дәптерлеріне нақты тезистер түрінде жазып шығады. Онда “қыпшақ” атауының тарих сахнасына қалай және қашан шыққаны, олардың Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты және Қимақ қағанаты тұстарында мекендеген аймақтары, қыпшақтардың Біріккен Түрік (Ұйғыр) қағанатын жаулап алу жорықтары нақты деректер негізінде атап көрсетіледі. Мұнда басты тарихи даталардың назардан тыс қалмауын ескерген жөн. Мәселені айқындай түсуге мұғалімнің ара-арасында тарихи құжаттардан үзінділер оқуы тиіс. *Екінші топ оқушылары* Қыпшақ хандығының нығайған кезінде қазіргі Қазақстан аумағында қалыптасқан саяси әлеуметтік және этно-мәдени ахуалды нақтылап, осы мәселе төңірегіндегі өздерінің білімдерін жұмыс дәптерлеріне тезистер түрінде жазып шығады. Мұғалім өзінің тезистерін оқып тұрған оқушының тарихи картаны пайдалануын және мәселені әңгімелеу барысында оқушылардың Қыпшақ мемлекетінің жаулау жорықтары мен сыртқы саясатын ашып көрсетулерін қадағалауы керек. *Үшінші топ оқушылары* Қыпшақ хандығының күйреу себептерін және қыпшақтардың кейініректе тарих сахнасына олардың тарихи мұрагерлері ретінде шыққан қазақ және т.б. түркі халықтары тағдырларына этно-әлеуметтік ықпалын тезистер түрінде тізіп жазады. Мұндайда мұғалім қыпшақтармен тығыз тарихи қарым-қатынаста біртіндеп халық ретінде қалыптасқан бүгінгі түркітілдес елдердің атауларын нақтылауға баса назар аударуы керек.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

- “Қыпшақ” атауының мағынасын түсінеміз.
- “Дешті-Қыпшақ” атауы “Қыпшақ даласы” деген мағынаны аңғартатынын,
- “Дешті Қыпшақ” “Ұлы Дала елінің” байырғы атауы екенін білеміз.
- Қыпшақтар туралы деректерден хабардар боламыз.
- Қыпшақ хандығы қашан және қалай құрылғанын анықтаймыз.



## Бағалау мүмкіндіктері

Оқушылардың тезис түріндегі жазбаша тапсырмаларды тиянақты орындап шығуларына мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы нақтырақ көмек береді.

1. Қыпшақ тайпалық бірлестігі пайда болған аймақтар.
2. Қыпшақ атауы тарих сахнасына шыққан кезең.
3. Батыс Түрік қағанаты құрамындағы қыпшақтар.
4. Қыпшақтар Қимақ қағанатында.
5. Қыпшақтардың батыс аймақтарды жаулауы. “Половецтер”.
6. Қыпшақтардың Арал өңіріндегі және Сырдария бойындағы оғыздарды ығыстыруы.
7. Қыпшақ хандығының Хорезм мемлекетімен қарым-қатынастары.
8. Қыпшақ хандығының әлсіреу себептері.

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушының аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ, 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс
2. Қыпшақтардың батыс және оңтүстік-батыс аймақтарға жорықтарын және олар жаулап алып орныққан аймақтарды картаға түсіру.
3. “Кодекс куманикус” шығармасынан үзінді оқу.

## §20-21. НАЙМАНДАР, КЕРЕЙТТЕР ЖӘНЕ ЖАЛАЙЫРЛАР

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.3 X–XIII ғғ. мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы

Найман, керейт пен жалайырлардың ортағасырлардағы саяси сахнадағы рөлі қандай?

### Оқулық

Наймандар, керейттер және жалайырлар. 71–75 беттер.

## Ресурстар

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2016.

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Омарбеков Т. Қазақтың шығу тегі. Алматы, 2017.

## Тірек сөздер

- Найман
- керей және жалайыр этнонимі
- Шуманақ
- Сырманақ

## Көрнекілік

- Карта, тірек-сызбалар, хронологиялық кестелер, суреттер, портреттер, қазақ руларының шежіресі.
- Оқулықтың 75 және 78 беттеріндегі Найман және Керейт хандықтарының карталары.

## Мақсатты айқындау

Оқушыларды найман, керейт, жалайыр мемлекеттерінің құрылу тарихымен, қоғамдық құрылысымен, шаруашылығымен және мәдениетіндегі ерекшеліктерімен таныстыру.

*Дамытушылық маңызы* — Мемлекеттердің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары туралы айта отырып, оқушылардың мемлекеттер тарихын салыстырып, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Сондай-ақ, қазақ халқының этникалық құрылымының бастауы ортағасырлардағы Қазақстан территориясында мекен еткен мемлекеттер тарихымен тікелей байланыстылығын ашып көрсету.

*Тәрбиелік маңызы* — Қазақ халқының этникалық құрамында басты рөл атқарған найман, керейт, жалайырларда елдің басын қосып, ел бірлігі мен білімге бастаған ел басшыларының істерін үлгі ете отырып, оқушыларды білімге, ізденуге тәрбиелеу.

## Сабақтың деректік материалдары

Оқытушы көрнекілік деректерін пайдалана отырып, найман, керейт, жалайырлардың мемлекеттік құрылымын, шекарасы мен орналасу бөлігін оқушыларға нақты түсіндіреді, сондай-ақ, аталмыш үш тайпаның бүгінгі қазақ халқының қалыптасуындағы орнын ерекшелеп көрсетеді. Осы найман, керейт типтес мемлекеттік құрылымдар кейінгі моңғол империясының саяси құрылымын қалыптастыруға да үлгі болғандығын ашып көрсетеді. Найман этнонимінің шығуына байланысты ғалымдар арасында түрлі көзқарастардың бар екенін ұғындырады. Сонымен бірге найман хандарының есімдері мен олардың мемлекет тарихында алатын орнын нақты деректермен баяндап айтады. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. *Бірінші топ* наймандар, керейттер мен жалайырларға қатысты тарихи деректерден мемлекетті басқару ісіне қатысты мәліметтерді тізіп жазады. *Екінші топ* керейттер

мен жалайырлардың ішкі және сыртқы саясатының мәнін ашып көрсететін шығарма жазады. *Үшінші топ* — найман, керей, жалайырлардың орналасуын, қай елдермен көрші болғандығын, шекарасын картаға түсіру арқылы көрсетеді.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

### Сабақтың түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

1. Найман, керей және жалайыр атауларының мағыналары
2. Бұл тайпалардың мемлекет құру тарихы
3. Осы тайпалардың алғаш Алаш қауымдастығының, онан соң қазақ халқының қалыптасу үрдісіне тигізген әсері.

### Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Ортағасырлық Қазақстан тарихында қарақытай тайпаларының алатын орнын көрсету.
2. Найман, керейт және жалайыр атауларының мағынасын түсіндіру.
3. Наймандардың, керейттердің және жалайырлардың қоғамдық құрылымын суреттеп беру.
4. Меркіт тайпалары жайында өңгімелеу.
5. Осы тайпалардың алғаш Алаш қауымдастығының, онан соң қазақ халқының қалыптасу үрдісіне тигізген әсері қандай болғанын анықтау.

### Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушының аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

### Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.
2. Найман, керейт, жалайырлардың орналасуын картаға түсіру.

## §22. “ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ” ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау;

### Зерттеу сұрағы

Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?

### Оқулық

“Ұлы Жібек жолының” халықаралық қатынастардағы орны. 76–78 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 3-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы, 2015.

### Тірек сөздер

- Жібек жолы
- Сауда
- Лазурит жолы
- Нефрит жолы

### Көрнекілік

- Тарихи карта: “Қазақстан жеріндегі Ұлы жібек жолы тармақтары”
- Тарихи суреттер: Ежелгі Тараз, Ұлы Жібек жолы бойында табылған археологиялық олжалар;
- Видеоматериал: “Ұлы Жібек жолы” бейнефильмі.

### Мақсатты айқындау

Оқушылардың “Ұлы Жібек жолы” атауының мән-мағынасын түсініп алуларына мүмкіндіктер беру. Мұнда бұл жолдар арнайы емес, ежелгі дәуірден-ақ қазіргі Қазақстан аймағын мекендеген сақ, үйсін, қаңлы тәрізді тайпалардың өзара және басқа елдермен қарым-қатынастарында қалыптасқан байырғы соқпақтар негізінде жасалғанын, кейініректе Қытай тәрізді алып империяның алыстағы алдыңғы Азия елдерімен сауда-саттық және мәдени байланыстарының арта түсуінің осы жолды дамыта түсуге тікелей ықпал жасағанын, біртіндеп бұл жолдың көптеген елдер тағдырында шешуші рөл атқарғанын мұғалім жан-жақты түсіндіреді.

Дамытушылық мақсаты — нақты археологиялық және жазбаша деректер негізінде қазіргі Қазақстан жерін мекендеген ежелгі халықтардың көптеген алыс-жақын елдермен байланыстарды нығайтуға о бастан-ақ ынталы болып, жаңа экономикалық деңгейге көтерілуге ұмтылыстар жасап келгендерін анықтап береді.

Тәрбиелік мақсаты — Ұлы Жібек жолы бойындағы материалдық және рухани қазыналарымызбен таныстыру арқылы жас ұрпақты ата-бабаларымыздың еңбекқорлық дәстүр салтында тәрбиелеуге көмектесу.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Сабақты түсіндіруде мұғалімнің Еуразия кеңістігіндегі орта ғасырлардағы әртүрлі елдер бейнеленген түрлі түсті оқу картасын пайдаланғаны жөн. Өткен сабақтардағы әртүрлі тайпалық бірлестіктер мен қағанаттар туралы оқушылар білімдерін пайдалана отырып, оларға дейін баратын сауда жолдарының тармақтарын анықтау қажет. Ұлы Жібек жолының маңызы туралы деректі фильмнен үзінділер көрсетіп, оқушылардың тарихи санасын орта ғасырлар заманымен байланыстыру керек. Олар сабақ материалдарын тыңдау барысында сауда жолдарының мұғалім әңгімелеп отырған замандарда жеке тайпаларды және халықтарды экономикалық тұрғыдан ғана емес, саяси және мәдени жағынан да байланыстырушы рөл атқарғанын айқын аңғарулары тиіс. Осы сауда жолдары тармақтары ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан аймақтарында отырықшылықтың және қала мәдениетінің жан-жақты өркендеуіне жол ашқандығын оқушылар әртүрлі тарихи, түрлі түсті альбомдардан алынған археологиялық деректер негізінде айқын ұғынулары керек. Сабақты пысықтау барысындағы аса маңызды мәселе — Қазақстан аймағындағы Ұлы Жібек жолының басты тораптарының бағыттарын оқушылар естерінде қалдыру екендігін ескере отырып, оқушыларды бірнеше топқа бөлініп жұмыс жасауға жұмылдыруға тура келеді.

Бірінші топ. Ұлы Жібек жолының ең басты және халықаралық екі тармақтарын жұмыс дәптерлеріне сызып көрсетеді. Олардың бірін тақтаға шақырып, жұмысты оқушылар алдында орындап шығуға мүмкіндік беруге болады.

Екінші топ. Сириядан Иран, Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан, Талас өзені арқылы Шығыс Түркістанға алып баратын жолды анықтаумен айналысады.

Үшінші топ. Византиядан Дербентке дейін барып, Каспий теңізін жағалай отырып, Маңғыстау арқылы Арал теңізі жағалауындағы негізгі жолға келіп қосылатын торапты жұмыс дәптерлерінде көрсетеді. Төртінші топ оқушылары Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін сауда жолы торабының Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтарына апаратын бағыттарын анықтауға назар аударады. Мұндайда әсіресе сауда жолының Отырар қаласынан шығып, Сарысу өзенін бойлап Ұлытауға дейін шығып кететін “Сарысу жолын” және Тараз қаласынан Мойынқұм арқылы Бетпақдалаға, онан өрі Ертіс бойындағы қимақтарға апаратын “Хан жолының” маңызы туралы айтуды ұмытпаған жөн. Сабақты пысықтау барысында оқушылар “Ұлы Жібек жолының” бүкіл тарихын қамтитын жоспар жасап шығулары керек.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Ұлы Жібек жолы тораптарының пайда болу себептері.
2. Б.з.д. II және б.з. XIV ғасырлары аралығындағы өртүрлі тарихи кезеңдердегі сауда және керуен жолдары атқарған маңызды міндеттер.
3. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттары.
4. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы.

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы;
2. Ұлы Жібек жолының халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы тарихи маңызы;
3. Ұлы Жібек жолының мәдениеттің өркендеуіне тигізген ықпалы;
4. Ұлы Жібек жолының шаруашылықтың дамуына тигізген әсері.

## Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс. Берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру;

2. Оқушылар жұмыс дәптерлеріне Ұлы Жібек жолының бағыттарын толық сызып, түсірулері керек.

3. Кестеге Ұлы Жібек жолының хронологиялық негізде өркендеуін анықтап көрсету керек.

4. “Мен — Ұлы Жібек жолының бойындағы саудагермін” (елші, діни миссионер, ғалым және өнші-биші, суретші, т.б. шығармада елді мекендер, тауарлар, т.б. атаулары болуы керек) тарихи шығарма жазу.

## § 23. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ

### Сабақтың мақсаты

- ◆ 6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау
- ◆ 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау

### Зерттеу сұрағы:

Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуына Жібек жолының ықпалы қандай болды?

### Оқулық

Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық қала мәдениеті. 79-81 бет.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. — 2 том. — Алматы: Атамұра, 2010.
2. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) — Алматы, 1993.
3. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. 1 кітап. Алматы, 2016.

### Тірек сөздер

- Сауда жолдары
- Қала мәдениеті
- Өркениет
- Теңге

### Көрнекілік.

Оқулықтың 85 бетіндегі Жібек жолы бойындағы Саудақент қаласының суреті. Жібек жолының қазақстандық тармақтары және оның бойындағы қалалар бейнеленген карта. Кітаптар. Суреттер. Интерактивті тақта. Бағалау парағы.

### Мақсатты айқындау

Ұлы Жібек жолының қазақ даласы арқылы өткен тармақтарымен және ондағы қалалардың орналасу тәртібімен танысу. Ұлы Жібек жолының қала экономикасы мен мәдениетіне ықпалын білу.

*Дамытушылық маңызы* — қазіргі Қазақстан аймағындағы ежелгі және ортағасырлық дәуірлерден бастау алатын қалалардың тарихының тереңдігін оқушыларға түсіндіру. Бүгінгі Қазақстанның басқа елдермен Еуропамен және Қытаймен экономикалық байланыстарын нығайтудағы Жібек жолын жаңғырту саясатының маңызын білу.

*Тәрбиелік маңызы* — оқушылар санасында Қазақстанның Жібек жолы аймағындағы орналасқан тарихи ескерткіштеріне және қалалар тарихына құрмет сезімін оятып, оларды мақтаныш етуге баулу.

## Сабақтың деректік материалдары.

Ұлы Жібек жолымен жүріп өткен қытайдың, арабтың және парсының саяхатшылары мен жиһанкездерінің жазбаларынан үзінділер.

### Сабақтың барысында

оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды. Олардың алғашқы тобы “Мен — Жібек жолындағы саяхатшымын” деген тақырыпта эссе-шығарма жазып, онда Жібек жолындағы қалалармен қалай танысқанын өңгімелейді. Екінші топ көшпелілер мен отырықшылардың өзара экономикалық байланыстарын көрсететін төмендегі кестені толтырады.

Ұлы Дала көшпелілерінің Жібек жолына көзқарасы	Отырықшы халықтардың Ұлы Жібек жолына көзқарасы

### Сабақтың түрі мен әдісі

Аралас баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы ежелгі қытай саяхатшысы ашқан Ұлы Жібек жолының бүгінгі Еуропа және Орталық Азия халықтары үшін де олардың өзара байланыстарында аса маңызды атқарып отырғанын сабақтың өн бойында есте ұстауы керек.

### Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жаздыру.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жаздыру.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



## §24. ЕРТЕТҮРКІЛІК ТАС ҚАШАУ, БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ КӨЗЕШІЛІК ӨНЕРІ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.5 — көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау.

### Зерттеу сұрағы

Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?

### Оқулық

Ертетүркілік тас қашау, бейнелеу және көзешілік өнері. 82–86 беттер.

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра. 2010.
2. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии. Алматы. Ғылым. 2002. 654 с.
3. Памятники архитектуры Казахстана. А. 1998
4. Досымбаева А. Западный Тюркский каганат. Культурное наследие казахских степей. Алматы. 2006
5. Роль степных городов в цивилизации номадов. Астана, 2008
6. VI-VIII ғғ. Еуразиядағы түрік мұрасы (ғылыми-танымдық альбом) Тюркское наследие Евразии VI-VIII (научно-популярный альбом). Алматы. 2012. (қазақша, орысша).
7. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы. “Өнер” баспасы. 1987. 128 б.

### Тірек сөздер

- Балбал
- Бөдіз
- Бөдізші
- Қойтас
- Көзеші

### Көрнекілік

Балбал, сағанатас, құлпытас, сандықтас, бестас, қойтас, қошқартастар орнатылған діни-күлтік кешендер суретінен слайд; Арпаөзен, Сауысқандық (Қаратау), Хантау, Құлжабасы, Таңбалы (Шу-Іле таулары), Ешкіөлмес, Баянжүрек (Жоңғар Алатауы), Шимайлы, Ақжал, Ақжайлау, Оралбай (Тарбағатай таулары) петроглифтеріндегі ертетүркілік кезең жартас суреттерінен слайд. Көзешілік өнер туындылары атаулары мен суреттері орналастырылған кесте. Отырар, Сығанақ қалаларының көзешілер шеберханасынан, қыш күйдіру пештерінен суреттер. Фотоальбомдар, слайд, қолданбалы өнер туындылары мен олардың жасалу жолдарын қамтитын деректі фильмдерден үзінді.

## Мақсатты айқындау

Ертетүркілік тас қашау өнерінің туындылары тас мүсіндердің түрлері мен олардың ерекшеліктерін, қойылу, орнатудағы мәнін түсіндіру. Ертетүркілік кезеңдегі жартастағы суреттер мазмұны туралы тарихи ақпарат беру. Көзешілік өнердің қазақ жерінде дамуының ерекшеліктерін айтып жеткізу. Сәндік қолданбалы өнер туындылары — тұрмыстық және шаруашылық салада қолданыстық маңызы бар өнер туындыларын қолдан өндіретін, дәстүрлі қазақы ортада ертеден қалыптасқан кәсіпшіліктің атауы. Сабақты өткізу барысында келесідей мақсатқа жету көзделеді: сәндік қолданбалы өнердің салалары мен бағыттарын қамтып айту арқылы қазақ халқының ұлттық қолөнерінің бірегейлігін таныту. Қолөнер тұрмыстың барлық саласымен тікелей байланыста қалыптасып, әрі бірге дамып отырғандығын, қолөнердің көпсалалығын таныту. Қазақ қоғамында қолөнермен айналысатын шеберлердің қоғамда орны ерекше болғандығын, олардың жеке бір салаға маманданғандығын немесе бірнеше еңбекті қатар атқара бергендігін айтып жеткізу.

Қазақ халқының ұлттық қолданбалы өнерін дамытқан халық шеберлерінің қолынан шыққан туындыларды жоғары эстетикалық талғаммен жасағандығын көрсете отырып, оқушыларға қазақ халқының материалдық мәдениетінің бірегейлігін, олардың халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы екенін ұғындыру, тарихи-мәдени мұрамызға ерекше құрметпен қарауға үйрету.

Қазақ халқының ұлттық қолданбалы өнерінің бірегей туындылары мен оларды жасаған халық шеберлерінің қажырлы еңбегі мен олардың қоғамда алатын орны зор екенін айта отырып, оқушыларды еңбексүйгіштікке, жоғары эстетикалық талғамға баулу.

## Сабақтың деректік материалдары

Деректі оқып діни-ғұрыптық кешендегі тас мүсіндер туралы ақпарат бер.

“Атақты ойшыл әрі шешен Иолық тегін әкесі Білге қағанға ескерткіш орнатып былай деп жазған: “Әкем қағанға балдық (балбал) тіктім” деген. Білге қағанға арналған балдалдар тізбегі (Моңғолияда) 3 км., шамамен 750 тас. Ол түркі дәуірінің (6-9 ғғ.) ғұрыптық тас қоршауларымен бірге орнатылады. Қоршаудың сыртындағы шығыс іргеге өлген бейнесін беретін тас мүсін қойылса, одан әрі шығысқа қарай ондаған, кейде жүздеген балбалдар тізбегі орнатылады.

Ө. Марғұланның деректері бойынша, ертеректе Қарқаралы, Баянауыл жерлерінде 300-350 ден астам бағаналардан тұратын балбал тізбектері кездескен” (Ұлттық Энциклопедия. 2 том. Алматы, 1999. 106 б.).

“Көркемдік әсері бар дүние ол — текемет. Өзінің монументалдығымен, түр-түсінің сәнімен өлшенеді. Киізден жасалатын төсеніштің тағы бір түрі — сырмақтың оюлары симметриялы және графикалық анықтылықпен ерекшеленеді. Оюлау әдісі — (апликация және инкрустация) ежелгі дүниеден белгілі болғандығына Пазырық қорғанынан (біздің эрамыздан бұрынғы V ғасырда) табылған көркем киіздер айғақ болады.

Төсеніш киіздерде қошқар мүйізді оюдың алуан түрлі көріністері басымырақ кездеседі. Ол байлықтың және молшылықтың нышаны болған. Ал сырмақтың текеметтен айырмашылығы оның ою-өрнектерінде өсімдік мәнерінде — пальметта, жапырақ және бұтақ бейнелі өрнектердің үйлесімділігінде.

Көшпелі өркениет бейнелеу өнерінің станоктік формаларын жасамағанмен киіз үйдің ішкі көркемдік формаларының ең маңызды элементі — кілемді дүниеге әкелді.

Сонау көне заманнан бері келе жатқан халықтың дәстүрлі үй мүлкінің бірі — кілем қазірдің өзінде де маңызын жойған жоқ. Қазақ шеберлері кілемнің небір түрлерін тоқыған: түкті кілем, тақыр кілем, алашалар, басқұрлар, қоржындар, кілем салатын керме қап сияқты тұрмыстық бұйымдар. Қазақстан жерінде кілем тоқу өнері әсіресе Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында жақсы дамыған” (Ө. Қастеев атындағы өнер музейі фотоальбомы. Алматы. Өнер баспасы, 2012)

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Интерактивті белсенділік. Тарихи саяхат. Тарихи дискурс.

Жаңа білім мен өткенді және пәндер арасындағы байланысты көрсету мақсатында — технология пәні мұғалімінің қатысуымен біріккен сабақ.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Интернет желісіне қосылған интерактивті тақта арқылы <http://kazmuseum.kz>; <http://www.madenimura.kz/ru/> сайттары кіріп, Ұлытау тарихи-мәдени қорығы, Маңғыстау тарихи-мәдени қорығы, Орхон-Енисей тарихи-мәдени қорығында сақталған тас мүсіндермен, “Таңбалы” тарихи-мәдени қорығындағы түркілік кезең жартас суреттерімен танысу оқушылардың тарихи-танымдық білімін бекіте түседі. Тас мүсіндерді ҚРММ, ҚР Ұлттық музейі және жергілікті тарихи-өлкетану музейлері қоры мен экспозициясынан көрсетуге болады (музей сайттары мен каталогтары, фотоальбомдары). Қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің бағыттары мен салалары көп, оның барлығы бір сабақ көлемінде қамту қиын болғандықтан факультатив немесе қосымша сабақтарға өз қалауларыңызбен тақырып қоюларыңызға болады. Мысалы, “Тас қашау өнері және балбал тастар, бұғытастар, қойтастар”, “Ер-тоқым түрлері”, “Ою-өрнектер мәні мен мағынасы” т.б.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушылардың білімін бағалау мақсатында келесідей сұрақтар қоюға болады. Қазақ жеріндегі тас мүсіндер қандай материалдардан қасалды? Ортағасырлық қыш-құмыралардағы үй жануарларының бейнелері немен байланысты? Жартастардағы ертетүркілік бейнелер мазмұнының ерекшеліктері неде? Оқушылардың сәндік қолданбалы өнер, қолөнер туындыларын дұрыс атауын, танымын қалыптастыра отырып, білімін бекіту. Ағаштан жасалған жиһаздық бұйымдар: сандық, асадал, адалбақан, ағаш төсек. Ағаштан жасалған шаруашылық бұйымдар мен ыдыстар: келі-келісап, күбі, шара, саптыаяқ, қымыздық. Теріден жасалған ыдыстар: саба, торсық, көнек т.б. Сұрақтарды интерактивті тақтаға алдын-ала сақтап қойып шығарып отыруға болады. Оқушылар жауабын айтқан алдын-ала сақталған суреттерді шығару арқылы оқушылардың өз білімін өзі тексеруін, қатемен жұмыс жасауын ұйымдастыру.

## Қосымша тапсырмалар

Тас мүсіндер, жартас бейнелерінен өз таңдауың бойынша шығармашылық жұмыс орында. Мысалы, қайта жаңғыртылған мүсін, сурет көрмесі, фотоальбом. Ескерткіштің қай түрін және шығармашылық жұмыстың қай түрін таңдағаныңның себебін түсіндір. Оқушылардың өз отбасында немесе туысқанының үйінде қандай ұлттық сәндік қолданбалы өнер туындысы бар және оның қолданыстық аясы, отбасылық маңызы туралы айтуын, фотосуретін алып келуін ұйымдастыру.

### Білімін шыңдауға берілетін тест.

Тесттен 3 дұрыс жауап тап:

#### 1. Дәстүрлі жиһаз түрлерін анықтаңыз:


- |                |              |
|----------------|--------------|
| А) Шаңырақ     | Е) Алаша     |
| В) Асадал      | Ғ) Сандық    |
| С) Қалам сауыт | Г) Босаға    |
| Д) Ағаш төсек  | Н) Түскесте. |

#### 2. Киіз түрлерін көрсетіңіз:

- |             |            |
|-------------|------------|
| А) Шошала   | Е) Түскиіз |
| В) Сырмақ   | Ғ) Абажа   |
| С) Құйысқан | Г) Кілем   |
| Д) Текемет  | Н) Жағлан. |

#### Тақырыпқа байланысты сөзжұмбақты шешіңіз:

1. Марқұмға арналған белгі тас. 2. Қыш-құмыра жасаушы. 3. Қой мүсініне ұқсайтын тас атауы. 4. Бейнелеу өнері қайда іске асырылады. 5. Түркі дәуірінің қағаны. 6. Көзеші қолданатын өрнек түрі. 7. Суретті хат арқылы өз білімін хабарлау түрі. 8. Үйдің қабырғасына сылақ кешпей тұрғанда салынатын бояулы кескіндеме.



## §25. ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА СӘУЛЕТІ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.2 — ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы

Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?

### Оқулық

Ертеортағасырлық қала сәулеті. 87–90 беттер.

### Тірек сөздер

- Қала
- Тұрғын үйлер
- Көше
- Құбыр

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра. 2010.
2. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. Алматы. Қазақ университеті, 2011.
3. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии — Алматы: Ғылым, 2002. —654 с.
4. Памятники архитектуры Казахстана. А. 1998
5. Досымбаева А. Западный Тюркский каганат. Культурное наследие казахских степей. Алматы. 2006
6. Байпақов К.М. Көне Тараздың қазынасы. Алматы, 2008
7. Роль степных городов в цивилизации номадов. Астана, 2008
8. Средневековые города Казахстана. Алматы, 2006
9. Отырар. Энциклопедия. Алматы. Арыс. 2005
10. VI-VIII ғғ. Еуразиядағы түрк мұрасы (ғылыми-танымдық альбом — Тюркское наследие Евразии VI-VIII (научно-популярный альбом). Алматы. 2012. (қазақша, орысша).

### Көрнекілік

Ертеортағасырлық қалалардың археологиялық қазу жұмысынан кейінгі ашылған көше орындарының, тұрғын үйлерінің, қала бекіністері мен қорғандарының, қорған мұнараларының суреттері. Сығанақ қаласы ашық аспан асты музейі экспозициясынан қаланың қайта қалпына келтірілген суреттері.

### Мақсатты айқындау

Көздеген мақсатқа жету үшін келесідей мәселелер қамтылады: Ертеортағасырлық қала құрылысы мен сәулетінің ерекшеліктерін, соның ішінде

баспана тұрғызу, көше, бекініс, қамал, қорған тұрғызу ерекшеліктері мен олардың қандай шікізаттардан жасалатындығын айтып түсіндіру. Қала құрылысындағы көпшілік орындар, ғибадатханалар, мешіт, монша құрылыстарын айту арқылы оқушылардың ертеортағасырлық тарихқа қызығушылықтарын арттыру.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Интерактивті белсенділік. Тарихи саяхат. Тарихи дискурс. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мақсатында тарихи саяхат сабақ өткізудің маңызы зор.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Интернет желісіне қосылған интерактивті тақта арқылы <http://kazmuseum.kz>; <http://www.madenimura.kz/ru/> сайттары кіріп, ашық астан музей ретінде сақталған Сығанақ, Отырар, Тараз қалаларының қазба жұмыстары кезінде ашылған көшелерін, тұрғын үйлер қабырғаларын, көне қала құрылысын көрсету.

#### *Бағалау мүмкіндігі*

Оқушылардың білімін бағалау мақсатында келесідей сұрақтар қоюға болады. Қазақ жеріндегі ежелгі қалалар құрылыстары қандай материалдардан салынды.

### **Қосымша тапсырмалар**

Қазақ жеріндегі ежелгі қала құрылысы мен шығыс мемлекеттердің қала құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсет.

### **Білімін шыңдауға берілетін тест.**

Тесттен 3 дұрыс жауап тап:

#### **1. Ортағасырлық қала құрылымына қатысты бөліктерді анықтаңыз:**

- |                      |              |
|----------------------|--------------|
| A) Кесене            | E) Егістік   |
| B) Цитадель          | F) Рабад     |
| C) Аспалы көпір      | G) Суқойма   |
| D) Шаруашылық аймағы | H) Шахристан |

#### **2. Шу және Талас өзендері маңайындағы қалаларды көрсетіңіз:**

- |              |              |
|--------------|--------------|
| A) Сарайшық  | E) Құлан     |
| B) Баласағұн | F) Сығанақ   |
| C) Исфиджаб  | G) Отырар    |
| D) Тараз     | H) Түркістан |

## **§26. ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.2.2.5 — көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау;
- ◆ Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі.

## **Зерттеу сұрағы**

Өлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?

## **Оқулық**

Ертеортағасырлық сәулет ескерткіштері 91–94 беттер.

## **Тірек сөздер**

- Кесене
- Мұнара
- Мазар
- Мешіт
- Шығыс моншасы

## **Ресурстар**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра. 2010.
2. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. Алматы. Қазақ университеті. 2011.
3. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии — Алматы. Ғылым. 2002. 654 с.
4. Байпақов К.М. Көне Тараздың қазынасы. Алматы. 2008
5. Байпақов К.М. Алматы қаласының археологиялық мәдени мұрасы. Алматы. 2010
6. Средневековые города Казахстана. Алматы. 2006
7. Отырар. Энциклопедия. Алматы. Арыс. 2005

## **Көрнекілік**

Ортағасырлық қала археологиясынан фототүсірілімдерден фотослайд, музыкалы фотошоу, ескерткіштердің шартты белгісі қойылған археологиялық карта. Республикалық маңызы ескерткіштер тізімін слайдқа салынған кесте арқылы көрсету.

## **Мақсатты айқындау**

Мақсатқа жету үшін қамтылатын мәселелер: Қазақ жеріндегі сәулет өнері ескерткіштерінің бірегей үлгілерімен таныстыру. Сәулет өнері ескерткіштерінің түрлері мен ерекшеліктерін білу. ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген ескерткіштер мен алдын ала тізімге енген ескерткіштерді таныстыру.

## **Сабақтың деректік материалдары**

ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген ескерткіштер қатарына 2014 жылы “Тянь-Шань коридорындағы Ұлы Жібек жолы нысандары” атты тақырыппен алынған ескерткіш кешеніне Қойлық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек қалалары енді. Ескерткіштер аумағы Қытай, Қырғыстан мемлекеттерімен бірге Алматы, Жамбыл облыстарын қамтиды.

## Сабақ түрі мен әдісі

Тарихи саяхат. Тарихи дискурс. Интерактивті белсенділік.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Интерактивті тақта көмегімен интернет желісі арқылы ЮНЕСКО-ның Қазақстанға арналған ресми парақшасына (<http://whc.unesco.org/en/statesparties/kz>) өтіп, Бүлкілөлемдік мұра тізіміндегі ескерткіштермен қысқаша тынысып, толығырақ танысуды өздерінің бос уақыттарына қалдыру керек немесе қосымша сабақтарда қамту керек.

Айша бибі, Бабажа хатын, т.б. ерте ортағасырлық кесенелердің қайта қалпына келтіргенге дейінгі суреттері мен қайта қалпына келтіргеннен кейінгі суреттерін көрсету арқылы мемлекетіміздің ескерткіштерді қорғай және пайдаланудағы іс-шараларын, ескерткіштерді қорғау ісіне жасалып жатқан қамқорлықтарын көрсету.

## Бағалау мүмкіндігі

Оқушылардың білімін фото сұрақ арқылы бекітіп бағалауға болады. Ескерткіш суретін көрсеткенде оқушылар ескерткіштің орналасқан жерін, атын, кезеңін, түрін айту керек. Мысалы, Ақыртас сауда кешені суреті. Оқушылар жауабы: Ескерткіш аты: Ақыртас сауда кешені. Ескерткіш түрі — керуен сарай. Уақыты — VIII-XI ғасырлар. Орналасқан жері — Жамбыл облысы. Осылайша басқа ескерткіштер суретін көрсету арқылы нақты жауап алу керек.

## Қосымша тапсырмалар

“Ертедегі ескерткіштер қалай салынды” атты тақырыпта өз ойыңнан салыну тарихын қамтитын шым-шытырық, қиял-ғажайып оқиғаға, тарихи әңгімеге негізделген 7-8 сөйлемнен тұратын эссе жаз немесе өз қиялыңдағы оқиғаны ауызша жеткіз (2 минут).

## Білімін шыңдауға берілетін тест.

Тесттен 3 дұрыс жауап тап:

### 1. Ортағасырлық мұнаралардың мақсаттарын көрсетіңіз:

- |                            |                             |
|----------------------------|-----------------------------|
| A) Қорғанның бір бөлігі    | E) Кітапхана                |
| B) Тұрғын үйдің бір бөлігі | F) Мешітте азан шақыру орны |
| C) Саяхат жасау мақсатында | G) Суқойма                  |
| D) Діни-ғұрыптық ескерткіш | H) Хан сарайы               |

### 2. X—XII ғасырларда Шу-Талас өңірінде салынған ескерткіштерді көрсетіңіз:

- |                       |                            |
|-----------------------|----------------------------|
| A) Сарайлы            | E) Жошы хан кесенесі       |
| B) Айша бибі кесенесі | F) Түгіскен кесенесі       |
| C) Сынтас ескерткіші  | G) Ахмет Иасауи ескерткіші |
| D) Қарахан кесенесі   | H) Бабаджа қатын кесенесі  |



## §27. ӘЛ-ФАРАБИ — ӘЛЕМНІҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.3.2 — Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?

### Оқулық

Әл-Фараби әлемнің ұлы ойшылы. 95–97 беттер.

### Тірек сөздер

- Отырар
- Фараби
- Энциклопедия
- Ғылым
- Білім
- Бағдат

### Ресурстар

1. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы. Аруна Ltd. 2010
2. Отырар. Энциклопедия. Алматы. Арыс. 2005
3. Философиялық сөздік. Редколлегия. Р.Н. Нұрғалиев Ғ.Ғ. Ақмамбетов Ж.М. Әбділдин т.б. Алматы. Қазақ энциклопедиясы. 1996.
4. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. / Құрастырған: Ә,Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. Алматы. Арыс. 2009.

### Көрнекілік

Әл-Фараби, Фараб өлкесі, әл-Фараби жүріп өткен, өмір сүрген жерлерін қамтитын карта, әл-Фарабидің кітаптарының, трактаттарының, Дамасктегі әл-Фараби кешені суреттері.

### Мақсатты айқындау

Түркі және шығыс әлемінің көрнекті ойшылдары қатарында Әбу Насыр әл-Фарабидің түркі және шығыс әлеміне ортақ екендігін, ортақ болу себебін ұғындыру. Әбу Насыр әл-Фарабидің — “Әлемнің ұлы ойшылы” атануын және оның өмір жолымен таныстыру. Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектері туралы білімін қалыптастыру. Оқушыларды ғылыми ізденуге, шығармашылық қабілетінін арттыруға ұмтылдыру.

### Сабақтың деректік материалдары

Орта Азиядан кетпей тұрғанда Әл-Фараби Шаш пен Самарқанға соғып, біраз уақыт Бұхарада оқып, жұмыс істегені туралы әдебиетте деректер бар. Ол Бағдатқа барар жолда Иранның көптеген шаһарларында: Исфахан, Хамадан, Рей (Тегеран), және т.б. болады. Фарабидің саяхатқа шығып, Бағдатқа келген

уақыты белгісіз. Кейбір дереккөздерде ол Бағдатқа халиф әл-Мұқтадирдің тұсында (908-932) келгені туралы айтылады. Бағдатта әл-Фараби білім алуға және ғылыми-танымдық қызметке белсене араласып кетеді: ол әртүрлі тілдерді зерттейді, олардың ішінде парсы, грек, сирия және т.б. бар, бірақ бірінші кезекте өзі бұрын білмеген араб тілін үйренуге ден қояды. (Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы. Арыс. 2009).

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Ғылыми-танымдық талдау. Тақырып оқушылардың білім мен дағдысын бір жүйеге келтіру, білімі мен дағдысын қалыптастыру мақсатында диспут сабақ өткізуге келеді.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Әл-Фарабидің Дамасктегі кешені қызметіне тоқтала отырып, әл-Фараби мұраларын зерттеуге бағытталған халықаралық жобаларды атап, олардың мемлекетаралық маңыздылығын ұғындыру. Әл-Фараби атындағы оқу, ғылыми-зерттеу орталықтарын, жер-су аттарын оқушылардың өз бетінше ізденіп атауын ұйымдастыру керек. Оқушылардың білім мен ғылымға құштарлығын арттыру мақсатында әл-Фарабидің білім мен ғылым туралы нақыл сөздерін интерактивті тақтаға алдын-ала енгізіп қою керек. Мысалы:

Білімді болу деген — жаңалық ашуға қабілетті болу.

Білім құған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады.

Шын білім — ақиқат, анық білім.

Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы — айқын, ерік-жігері — зор, тілек-мақсаты — ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт.

Оқушыларды шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу мақсатында:

Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.

Шыншылдық адалдықпен ағалас.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,

Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Мінез-құлық міні — рухани кеселге жатады.

Өзгенің пікірін иемденіп кету — надандық һәм ниеті қара адамға лайық іс.

Бейқамдық сәтсіздікке бастайды.

Жүргендер көп достық атын малданып,

Қалмағайсың сен де бірде алданып.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушылар әл-Фараби шығармаларын және олардың не туралы жазылғандығын нақты айтуын қамтығаны дұрыс.

### **Қосымша тапсырмалар**

Мектеп немесе мектеп орналасқан аймақ кітапханасындағы әл-Фараби мұраларымен таныс.

## **Білімін шыңдауға берілетін тест.**

Тесттен 3 дұрыс жауап тап:

### **1. Әл Фарабидің еңбектерін табыңыз:**

- A) “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары”
- B) “Бірінші және екінші категория”
- C) “Асыл тастар”
- D) “Риторика”
- E) “Білім мен парасаттылық”
- F) “Азаматтық саясат”
- G) “Мухаббатнама”
- H) “Кодекс куманикус”.

### **2. Әл Фараби білім алған қалаларды көрсетіңіз:**

- A) Самарқанд
- B) Ходжент
- C) Мәскеу
- D) Бағдат
- E) Сарайшық
- F) Бұхара
- G) Үргеніш
- H) Суяб.

## **§28. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.2.2.4 — түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М.Қашғари, Ж.Баласағұн және А.Ясауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?

### **Оқулық**

Қазақ жеріндегі ортағасырлық ғылымның дамуы. 98–102 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Баласағұн
- Қашқари
- Ясауи
- Бақырғани

### **Ресурстар**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра. 2010.
2. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті. 1991.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы. Ана тілі. 1991.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы. Аруна. 2010.

## Мақсатты айқындау

IX — XII ғасырлардағы ұлы ойшылдар еңбектерімен таныстыру. IX — XII ғасырлардағы тіл, ғылым мен әдебиеттің дамуын таныстыру. X ғасыр — XIII ғасырдың басындағы қазақ жерінде рухани мәдениеттің дамуына талдау жасау. Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иасауи еңбектерінің түркі әлемі үшін құндылығына көз жеткізу. Қазақ жеріндегі ертеортағасырлық ғылымның дамуының ерекшелігін айту және ертеортағасырлық қалаларда өмір сүрген ғалымдарды қамту. Оқушылардың ғылыми-танымдық көкжиегін кеңейтумен қатар, ғылым мен білімге деген құштарлығының артуына әсер ету.

## Сабақтың деректік материалдары

Қожа Ахмет Иасауи — Түркі әлеміндегі мұсылмандық дәстүрді орнықтырған ғұлама ұстаз. Әкесі — Ибраһим, анасы — Қарашаш ана. Иасауидің ата-анасының зияраттары Сайрамда. Деректерде Иасауидің Ибраһим атты ұлы мен Гаухар атты қызы болғаны айтылады. Иасауи ұрпақтары осы қызынан тарайды. Кашифи “Рашахат-ул айн-ил хайат” атты еңбегінде Иасауи Арыстан бабаның шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сырын үйренгендігі туралы мәлімет береді. Қ.А. Иасауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы “Диуани хикмет”, “Мират-ул Қулуб”, “Пақырнама” сияқты бізге жеткен мұраларынан көрінеді. Иасауи қалыптастырған хикмет дәстүрінің Ислам ақиқатын халықтың жүрегіне жол тауып сіңірудегі маңызы зор болды. Олар хикмет дәстүрін таратуда зікір практикасының үш түрін: алқа зікірі, арра зікірі, құпия зікір формаларын қатар алып жүрді.

Иасауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі — адам. Адам кемелдікке жетуі үшін қажетті білім — хәл ілімін игеріп, Құдайдың фазылымен берілетін — хәл іліміне жетуі керек. “Диуани хикметте” арифтердің Сұлтаны бастан-аяқ өзінің ғашықтық күйін, ғаріптік хәлін жырлайды. “Ариф ғашық тариқаттың дүр данасы” деген Иасауи Ақиқатқа ішкі тәжірибе, өзін-өзі тану, діл тереңіне үңілу арқылы жетуге үндейді. Қ.А. Иасауи қылуатке түсуінің мәнісін халқымыз — Пайғамбарға деген махаббаттың және сүннетке адалдықтың үлгісі ретінде аңызға қосқан. Қ.А. Иасауи Ислам сопылығының ажырамас бөлігі болып табылатын, түркі сопылығына негізделген тариқат жолын қалыптастырды. Бұл жолдың негізгі әдептері: шәкірттің ұстазға құрметі, адалдығы мен мойынсұнуы, Алланы тануға, жомарттыққа, тәуекелге, тафаккурға ұмтылу. Шәкірттердің негізгі міндеттері: кемелдікке жетуге, хаққа жақындауға тырысу, қауіп пен үміт хәлінде болу, үнемі Алланы еске алып, зікір ету, Ақиқат жайлы сөйлеу.

Суннаға негізделген дәстүрлі жолы: көппен бірге намаз оқу, таң сәриде ояу болу, дәретпен таза жүру, өзін үнемі Алланың құзырында сезіну. Тариқаттың ерекше қасиеттері: қонақжайлық, Иасауиге (р.ғ.), әулиелерге, ұстаздарға дұға жасау. Кемелдікке жетудің төрт шарты: мақан (кеңістік), заман (уақыт), ихуан (бауырластық), рабт-и сұлтан (мемлекет басшысына риясыз берілгендік). Жария зікір салу осы тариқаттың негізгі шарты. (<http://www.madenimura.kz> сайты материалынан).

Иасауи ілімінің құндылығы туралы қосымша сабақ ұйымдастыру.

## Сабақ түрі мен әдісі

Оқушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін қалыптастыру және оқушылар ойының жетіктігін байқау мақсатында — конференция сабақ.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иасауи шығармаларының алғашқы басылымдық нұсқаларының мұқабасының суретін көрсету. Қазіргі заманғы қолданыстағы соңғы басылымдарын кітапханадан жаздыртып алып, оқушыларға көрсету керек. Бұл оқушылардың танымдық қабілетін арттыра түседі. Кітап ішінен алдын-ала белгі қойылған беттен оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыратын үзінділер оқып беру.

## Бағалау мүмкіндігі

Жүсіп Баласағұн еңбегі қандай тақырыптарды қамтиды? Махмұт Қашқари картасының құндылығы неде? Ясауи ілімі дегенді қалай түсінесің? Ясауи шәкірттері кім? — деген сұрақтарды қоя отырып, оқушылардың дұрыс жауап беруі қабілеттеріне қарай бағалау.

## Қосымша тапсырмалар

Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иасауи шығармаларының бірінен үзінді оқып келу.

## Білімін шыңдауға берілетін тест.

Тесттен 3 дұрыс жауап тап:

### 1. Автор мен еңбегінің дұрыс берілгені бойынша табыңыз:

- A) Әбілғазы Бахадүр: “Жошы ханның жортуы”
- B) Жүсіп Баласағұн: “Құтадғу білік”
- C) Махмұт Қашқари: “Шыңғыснама”
- D) Жүсіп Баласағұн: “Тарих (Хроника)”
- E) Махмұт Қашқари: “Диуани лұғат ат-түрік”
- F) Қожа Ахмет Иасауи: “Сурад ал ард”
- G) Өтемісқажы: “Мухаббатнама”
- H) Қожа Ахмет Иасауи: “Диуани хикмет”

Тесттен 2 дұрыс жауабын тап!

### 2. Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы кемеңгер хан мен ақылды уәзірлерді көрсетіңіз:

- |             |             |
|-------------|-------------|
| A) Күнтуды  | E) Айтолды  |
| B) Күнікей  | F) Құсайын  |
| C) Күншуақ  | G) Мұхаммед |
| D) Ғалымхан | H) Фатех.   |

## §29. ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.3.3 — “Кодекс Куманикус” сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?

### Оқулық

ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ жазба ескерткіштері. 103–106 беттер.

### Тірек сөздер

- Эпостық жырлар
- Оғыз тілі
- Қыпшақ тілі

### Ресурстар

1. Қоңыратбаев Ә. Оғыз-қыпшақ ұлысы және шамандық культі. Қазақ эпосы және туркология. Алматы. 1987. 115-121-б.

2. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті. 1991.

3. Қорқыт Ата энциклопедиялық жинақ. Алматы. “Қазақ энциклопедиясы”. 1999. 799-б.

4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы. Аруна. ЖШС. 2010.

5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы. Ана тілі. 1991.

### Көрнекілік

“Қорқыт Ата кітабы”, “Кодекс Куманикус”, “Оғызнама” дастаны оқиғаларын қамтитын графикалық туындылар суреттері. “Қорқыт Ата кітабы”, “Кодекс Куманикус”, “Оғызнама” жырларынан үзінділер жазылған слайд дайындау.

### Мақсатты айқындау

“Қорқыт Ата кітабының” маңыздылығын, жыр желісін, жыр аттарын қамту. “Қорқыт Ата кітабының” байырғы түркілердің салт-дәстүрін қамтыған бөлігін үзінділер оқу арқылы, оқушылардың қазіргі заманғы салт-дәстүрмен салыстырмалы, сараптау жасау мақсатындағы ой-танымын қалыптастыру. “Кодекс Куманикус” сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлімен таныстыру. “Оғызнама” дастаны желісін баяндау.

### Сабақтың деректік материалдары

“Қорқыт Ата кітабы”, “Кодекс Куманикус”, “Оғызнама” жырларынан үзінділер дайындау. Мысалы “Қорқыт Ата кітабынан” оқушыларға салт-дәстүрге қатысты тұстары туралы айтып беруге болады. Мысалы:

“Адам аттары тарихи дәуірлердің ауысына қарай қалыптасып отырды. “Қорқыт Ата кітабын” негізге алсақ, ерте түркілер дәуірінде Қорқыт, Байындыр, Оғлан, Бұқаш, Дерсе, Ұлаш, Қарашық, Қазан, Қиян, Ерен, Бижан, Икенек, Домрұл, Ұлан, Торалы, Бәрік, Бұрла, Бану Шешек т.б. түркіше есімдермен қатар, жыр желісінде Мәлік, Ораз, Фатыма, Мелек, Рүстем, Аруз, Өлмүш деген ислам аттары кездеседі. Ерекше қасиетке ие болып, халық арасында танылған адамдардың аттары өзгеріске ұшырап, ол халыққа *халық берген атымен*, яғни кейін қойылған атымен танымал болып қалады. Қорқыт Ата кітабының “Дерсе хан ұлы Бұқашхан” баянында Оғлан 15 жасқа келгенде Байындар ханның тасқа мүйізін сүзсе ұндай қылып үгететін бұқасымен айқасып, бұқаны басынан жұдырығымен ұрып құлатып, бұқаның басын кесіп алады. Сонда Қорқыт ата келіп “Байындыр ханның алаңында бұл ұлың бұқа өлтірді, балаңның аты Бұқаш болсын, атын мен қойдым, жасын Алла берсін”, — деген. Содан кейін баланың Оғлан аты ұмытылып Бұқаш атанып кеткен (“Қорқыт Ата” энциклопедиялық жинақ. 131 б.). Оғыз тайпасында ұл туылғанда берілген атынан бөлек ерлік көрсеткенде қайта ат беру дәстүрі болған. Қорқыт асқан даналығымен адамға ат қою құрметіне ие болып отырған”.

“Қорқыт Ата кітабы” баянына сүйенсек оғыз тайпасында бала тіліген адам аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдырып құрбандық шалған, аш көрсе тойдырған, жалаңаш көрсе киіндірген, борыштыны борышынан құтқарған, ұлы той жасап тілек тілеген (“Қорқыт Ата” энциклопедиялық жинақ. 131 б.). Құрбандық шалып, тілек тілеу ұрпақтан ұрпаққа берілген ғұрып”.

“Құдаласу шешімі қабылданған соң ұл әкесі қыз әкесінің ауылына “жаушы” жіберген. Жаушының міндеті — қыз әкесін көндіріп, келісімін алып, қызға құда түсуге келер күнді белгілеп қайту, әдетте жаушыға өз ағайындарының ішінен жөн-жосықты білгіш, сөзге шешен, өзіл-қалжыңға жүйрік адамды таңдайды. “Қорқыт Ата кітабы” баянында Бай Бурабек ұлы Бәрікке Бану Шешекті айттыруға Қорқыт Атаны жіберген, себебі Бану Шешектің ағасы Дели Қаршар қарындасын айттыра келген жаушының бәрін өлтірген” (“Қорқыт Ата” энциклопедиялық жинақ. 146 б.).

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Оқушыларды іздендіру, білімді меңгеру деңгейін байқау мақсатында — зерттеу сабағы.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Қорқыт айтты деген нақыл сөздерді, байырғы түркілердің салт-дәстүрі, соның ішінде қазіргі заманға дейін өзгеріссіз жеткен дәстүрлерді қамтыған жыр-дастаннан үзінді оқу.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оғыз-қыпшақ дәуірі және бұл немен, қандай тарихи оқиғалармен ерекшеленетіндігі туралы жалпы түсініктерін айту үшін логикалық сұрақтар дайындау.

## Қосымша тапсырмалар

“Қорқыт Ата кітабы”, “Кодекс Куманикус”, “Оғызнама” жырларынан бірінен үзінділер оқу.

### Білімін шыңдауға берілетін тест.

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

#### 1. Қорқыттың күйлерін анықтаңыз:

- |                   |                   |
|-------------------|-------------------|
| А) “Ұшардың ұлуы” | Е) “Ел айырылған” |
| В) “Елім ай”      | Ғ) “Күннің баяны” |
| С) “Ақсақ құлан”  | Г) “Қорқыт”       |
| Д) “Желмая”       | Н) “Оғызнама”     |

Тесттен 2 дұрыс жауабын тап!

2. “Кодекс куманикус” еңбегінің жазылған көшірілген жылдарын көрсетіңіз:

- |            |            |
|------------|------------|
| А) 1218 ж. | Е) 1330 ж. |
| В) 1294 ж. | Ғ) 1198 ж. |
| С) 1303 ж. | Г) 1270 ж. |
| Д) 1465 ж. | Н) 1389 ж. |

## §30. ШЫҢҒЫС ХАН ЖӘНЕ МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.3 — көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау;
- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы

Моңғолар мемлекеттілік деңгейіне қалай жетті?

### Оқулық

Шыңғыс хан және Моңғол мемлекетінің құрылуы. 108–111 беттер.

### Тірек сөздер

- Шыңғыс хан
- моңғол және түркі тайпалары
- Тоғрыл хан
- татарлар
- құрылтай

### Ресурстар

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 1-том. Алматы. Атамұра. 2010. 440-453-б.



## **Сабаққа дайындық**

Шыңғыс ханның шын мәніндегі әлемдік деңгейдегі тұлға екендігін, Моңғол мемлекетінің құрылуының барысын көрсету үшін алдын ала XIII ғасыр басында моңғол үстіртінде мекендеген түркі және моңғол тайпаларының орналасуы мен олардың қоғамдық саяси құрылымын көрсететін кесте дайындау керек. Сонымен қатар, ортағасырлар кезеңіндегі түркі-моңғолдардың әскери өнердегі жетістіктерін көрсететін арнайы слайд дайындау қажет. Осы екі материалды біріктіре отырып, Шыңғыс ханның қоғамдық-саяси дамуы жағынан төмен тұрған моңғол тайпаларын қалай біріктіргені мен басқа да түркі тайпаларын жаулап алуы мен көп ұзамай күшті бір орталыққа бағынған мемлекет құра білуінің барысын түсіндіруге болады.

## **Сабақтың деректі материалдары**

“Шыңғыс хан” (ҚХР түсірген, қазақ тілінде “Қазақстан” ұлттық арнасында берілген, 30 сериялы телехикая) телехикаясының 1-ші бөлімі бойынша қысқартылған сюжет дайындауға болады. Шыңғыс ханның портреті, XIII ғасыр басындағы моңғол үстіртінің картасы, слайдтар, кестелер, “Моңғолдың құпия шежіресінен” (*Моңғолдың құпия шежіресі : XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі* ауд. М. Сұлтаньяұлы. Алматы. Өнер. 2009. — 216 б.) үзінділер түріндегі дидактикалық материалдар.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақ түрін шығармашылық ізденіс сабағы ретінде ұйымдастыруға болады. Тірек-сызба, сын тұрғысынан ойлау элементтері”, “Фишбон” немесе “Балық қаңқасы” әдісі, жуан жіңішке сұрақтар технологияларын пайдалана отырып, дүниежүзі тарихы, география пәндерімен байланыстыру керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Шыңғыс хан тұлғасына қатысты пікірлер сан-алуан, әсіресе оның шығу тегіне қатысты айтыс-тартыстар қайшылықты. Сондықтан, оқушыларға Шыңғыс ханның шығу тегіне қатысты мәселеде дұрыс бағдар беру керек. Шыңғыс ханның тұлғалық қасиеттерін аша отырып, оқушылардың оны әлемдік тұлғалар Ескендір Зұлқарнайын, Наполеон және т.б. салыстыра отырып, олардың тұлғалық қасиеттерінің жағымды және жағымсыз қырларын талдауын ұйымдастыру маңызды.

## **Сабақтың барысы**

Жаңа материалды оқып үйрену үшін мұғалім алдын-ала дайындалған бейне материалды қосып, оқушылардың белсенді түрде сабақты талдауға аралауын қамтамасыз етеді. XIII-XV ғасыр басындағы моңғол үстіртіндегі түркі-моңғол тайпаларының қоғамдық-саяси дамуының ерекшеліктерімен таныстыра келе, Шыңғыс ханның тұлға ретінде қалыптасуының барысын, ерекшеліктерін анықтайды. Одан әрі, Шыңғыс ханның моңғол тайпаларын біріктіруі жолындағы күресінің барысы мен нәтижелерін талдай отырып, мемлекеттілік деңгейі жағынан сол замандағы ең мықты болған Найман және Керей хандықтарының құлауының себептерін талдауды оқушылардың тікелей

қатысуымен қарастырады. 1206 жылы Шыңғыс ханды хан көтеру рәсімінің тарихи маңызы мен бірге этнографиялық сипаттамасын қоса көрсетіп, жалпы көшпелілер өркениетінің ерекшеліктерін айқындайды.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау кезінде оқушылардың игерген білімін бағалау үшін алдын ала дайындалған сұрақтар арқылы оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеруге және бағалайды. Жаңа сабақтың материалдары арқылы оқушылардың білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін бағалау арқылы ауызша жауап алу әдісін пайдалануға болады. Алдын ала ескерту арқылы ауызша сұрауға сабаққа үнемі қатысып отырған, басқа оқушылардың жауаптарын толықтырған, нақтыландырған және тереңдеткен оқушылар, мысалдар келтірген, мұғалімнің жаңа материалды баяндау кезінде қойған сұрақтарына жауап берген, жаңа тақырыпты тез түсінген балаларға қосымша ұпай беру әлдісі арқылы бағалу керек.

### **Қосымша тапсырма**

1. Ортағасырлардағы көшпелілердің әскери өнерінің жетістіктері туралы салыстырмалы кесте дайындау.

## **§31—32. ТҮРКІ-МОҢҒОЛДАРДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА ЖОРЫҚТАРЫ. ОТЫРАР ҚОРҒАНЫСЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.5 — Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау;
- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу және картаны қолданып, саяси процестерді түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?

### **Оқулық**

Түркі-моңғолдардың Орталық Азия мен Қазақстан аумағына жорықтары. Отырар қорғанысы. 112–117 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Отырар апаты
- Жошы хан
- Мұхаммед Хорезм шах
- Қайыр хан
- Бачман

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 1-том Алматы. Атамұра. 2010. 440-453 бб.

## **Сабаққа дайындық**

Біртұтас моңғол мемлекетінің құрған Шыңғыс ханның моңғол империясының құру жолындағы күресі мен осы бағытта жүргізген саясатының ерекшеліктерін түсіндіру үшін Шыңғыс ханның 1207-1218 жылдары және 1219-1224 жылдардағы жаулап алу жорықтарының бағыттары мен нәтижелерін салыстармалы түрде көрсететін кесте дайындау керек. “Отырар опаты” деп аталған оқиғаның Қазақстан мен Орта Азия аумағын жаулап алудағы тек сылтау болғанын түсіндіру үшін ортағасырдық деректерден (мысалы, Рашид ад-Дин, ан-Нисави, Джуздани еңбектері) үзінділер келтірілген арнайы слайд дайындауға болады. Моңғол жаулап алушылығының оң және теріс зардаптарын көрсететін арнайы кесте дайындау керек.

## **Сабақтың деректі материалдары**

1207-1218, 1219-1224 жылдардағы Моңғол жаулап алушылығының бағыттары көрсетілген карта, Ортағасырлық деректерден үзінділер келтірілген арнайы дайындалған слайдтар, салыстырмалы кестелер, А. Әмірқұловтың “Отырардың күйреуі” (1991 ж.) фильмінен арнайы үзінді.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақ түрін тарихи экскурс түрінде өткізуге болады. Сабақ барасында ой бөлісу, пікір алмасу, сыни тұрғыдан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушыны шығармашылық тұрғыдан ізденуге бейімдеу әдістерін қолдану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

“Киіз туырлықты халықтарды біріктіру” идеясының мәнін, Жетісу жерінің моңғолдар билігін бейбіт жолмен қабылдауының себептерін және Отырар билеушісі Қайыр ханның тарихи бейнесі қатысты күрделі мәселелерді оқушылардың дұрыс түсінуіне көмек көрсету керек.

## **Сабақтың барысы**

Мұғалім Шыңғыс ханның біртұтас моңғол мемлекетін құрғаннан кейін кең көлемді жаулап алу соғыстарын бастауының себептерін түсіндіруден бастайды. Шыңғыс хан алдына қандай мақсат қойды? Ол тек бүкіл әлемді жаулап алуға ұмтылған ессіз жоспардың жетегінде кетті ма әлде моңғол үстіртінен тыс жерлерді аулап алу моңғол мемлекетінің ішкі және сыртқы қажеттіліктерінен туындады ма? Жоқ, жаулап алу соғыстарының басқа да себептері болды ма деген сауалдарды талдаудан басталады. Одан әрі Шыңғыс ханның 1208-1218 жылдардағы жаулап алу соғыстарының нәтижелері мен 2019 жылы Қазақстан мен Орта Азия аумағына басып кіруінің сылтауы мен шынайы себептері айқындалады. Өткен сабақтарға шолу жасай отырып, Қазақстан жеріндегі саяси жағдайды анықтай отырып, ата-бабамыздың моңғол шапқыншылығына қарсы ерлік күресіне тоқталу керек. Сонымен, бірге Шыңғыс хан құрған жаңа империяның түркі-моңғол халықтарының ортақ жеңісі екендігі көрсетіледі.

## **Бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау кезінде оқушылардың игерген білімін бағалау үшін алдын ала дайындалған сұрақтар арқылы оқушылардың теориялық және фактілік мариалдарды игеруі, олардың сыни және аналитикалық ойлау қабілеттері ескеріле отырып бағаланады.

## **Қосымша тапсырма**

Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

## **§33. ШЫҢҒЫС ХАН ИМПЕРИЯСЫ. ҰЛЫСТАР**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;
- ◆ 6.3.1.8 — Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің рекшеліктерін анықтау.

### **Зерттеу сұрағы**

Орталық Азияға ең үлкен өзгерістерді әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма?

### **Оқулық**

Шыңғыс хан империясы. Ұлыстар. 118–122 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Ұлыстар
- Яса
- Құрылтай
- Ұлы хан
- Жошы ұлысы
- Шағатай ұлысы
- Қарақорым.

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

### **Сабаққа дайындық**

Шыңғыс хан құрған алып империяның басқару жүйесі — ұлыстық жүйенің ерекшеліктерін көрсету үшін арнайы кесте дайындау керек. Кесте арқылы ұлыстардың өз ішінде ұсақ ұлыстарға бөлінуі орын алғанын, бірақ орталық билік Қарақорымда сақталғанын көрсетуге болады. Сонымен бірге, Яса заңдары мен құрылтайдың моңғол империясын басқарудағы орны мен рөлін ортағасырлық деректерден арнайы үзінділер, қосымша тарихи зерттеулерден мәліметтер беру арқылы толықтыру болады. Сонымен, бірге қазіргі Қазақстан

аумағы кірген моңғол ұлыстарының шын мәнінде этникалық тұрғыдан моңғол шапқыншылығына дейінгі құрылым сақталып қалғандығын атап көрсету үшін Шыңғыс хан әр ұлына ұлыстық жер мен бірге 4 мың ғана моңғол әскерін бергені арқылы көрсету маңызды.

### **Сабақтың деректі материалдары**

Моңғол ұлыстарының аумақтары көрсетілген карта, Яса заңдарының нормалары жазылған кесте, тарихи суреттер.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақтың түрін аралас сабақ ретінде өткізе отырып, пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістері арқылы оқушылардың білімін шыңдау.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Моңғол империясының басқару жүйесінің ерекшеліктерін көрсете отырып, оның бұған дейінгі түркілік кезеңдегі түркі империяларындағы басқару жүйесімен сабақтастығына назар аудару керек. Мысалы, ашиналық идеология мен шыңғыстық идеологияның пайда болуы мен қызметін салыстыра отырып талдау керек. Сонымен, қатар түркі қағанаттары мен мемлекеттеріндегі әкімшілік-басқару құрылымымен салыстырмалы түрде бере отырып, сабақтастықты көрсету арқылы зерттеу сұрағының жауабын оқушылардың өздері беруіне бағыттау керек.

### **Сабақтың барысы**

Шыңғыс хан құрған алып империяның өз ұлдарына бөліп беруінің себептерін, олардың аумақтырын картадан көрсетеді. Қазақстан аумағының алғашында Шыңғыс ханның үш ұлының (Жошы, Шағатай, Үгедей) ұлыстарының құрамына бөлінгені, бірақ уақыт өте келе Үгедей ұлысының жойылуының себептерін түсіндереді. Осылайша, моңғол шапқыншылығынан кейінгі қазақ жерінің дамуы Шыңғыс ханның екі ұлы — Жошы мен Шағатай ұлысында орын алған этносаяси үдерістерге тығыз байланысты екендігін баяндайды.

Моңғол империясын басқару жүйесіндегі ерекшеліктерді талдай отырып, Қарақорымдағы орталық биліктің әлсіреуінің объективті және субъективті себептерін талдауды оқушылармен бірге жүргізеді. Яса заңдарының маңызын көрсете отырып, оның отырықшы-егінші аудандарды халықтармен қатар, көшпелілер өмірі үшін де икемсіз, тиімсіз болғандығын заңның нормаларын нақты талқылау арқылы көрсетеді. Моңғол империясындағы Құрылтайдың орны мен ролін кейінгі қазақ қоғамындағы функциясымен қатар салыстырмалы түрде талдайды.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Жоғарыда көрсетілген негізде білім алған оқушыларды мұғалім моңғол империясының неліктен түркі-моңғол империясы деп атаймыз деген сұраққа қатысты жауаптарын негіздей алуына байланысты бағалайды. Ол үшін, өтілген сабақ бойынша білімді бекіту үшін интерактивті тақтадан алдын ала дайындалған сұрақтар мәтінін көрсетуге болады

## **Қосымша тапсырма**

Өткен сабақтардан алған білімдері мен қосымша материалдарды пайдалана отырып, Шыңғыс ханның ұлдарының ұлыстарына кірген Қазақстан аумағында мекендеген түркі ру-тайпалары мен моңғол шапқыншылығы нәтижесінде көшіп келген тайпалардың орналасуын белгілеңдер.

### **§34. АЛТЫН ОРДА (ЖОШЫ ҰЛЫСЫ) МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау.

#### **Зерттеу сұрағы**

Моңғол империясының ыдырауы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?

#### **Оқулық**

Алтын Орда (Жошы Ұлысы) мемлекетінің құрылуы. 123–128 беттер.

#### **Тірек сөздер**

- Алтын Орда
- Батысқа жорық
- Бату,
- Саин хан,
- Сарай-Бату,
- Сарай-Берке,
- Берке хан
- Ноғай бүлігі

#### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

#### **Сабаққа дайындық**

Алтын Орда мемлекетінің аумағын көрсете отырып, оның орнында қазіргі кезеңде өмір сүріп отырған мемлекеттерді белгілеу керек. Батысқа жорықтың нәтижелері, әсіресе орыс жерлерінің неліктен Бату әскерлері алдын төтеп бере алмауының себептерін дүниежүзі тарихы пәнімен байланыстыра отырып түсіндіру арқылы Алтын Орда құрамына бытыраңқы феодалдық иеліктер ретінде кірген орыс жерлерінің ең соңында бір орталыққа бағынған, біртұтас мемлекетке айналуының себептерін көрсете білу керек. Алтын Орданың жеке

мемлекетке айналуының барысын моңғол империясының ыдырау үдерісімен байланыста талдау маңызды.

### **Сабақтың деректі материалдары**

Батудың басқа жорығының бағыттары, Алтын Орданың аумағы көрсетілген карталар, тарихи суреттер, Алтын Орда хандарының кестелері.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақтың түрін ақпараттылық, шығармашылық белсенділік, сыни бағалау, көркемсуретті ақпараттарды пайдалана отырып, тез ойлау мүмкіндігін арттыру, картаға үңілу арқылы жадты қалыптастыру бағытындағы сабақ өткізу.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Алтын Орда тақырыбындағы сабаққа дайындық барысында екі үлкен теориялық мәселені басты назарда ұстау керек. Олардың бірі: Қазақстан аумағының ең көп бөлігі кірген Жошы ұлысы аумағындағы құрылған Алтын Орда мемлекеті — аумағы, негізгі халқы және тілі бойынша қыпшақ мемлекеті болғандығы. Еуразия аумағында күшті мемлекетке айналған Алтын Орданың қазіргі мұрагерлерінің бірі — Қазақстан екендігін көрсету үшін картаны пайдалану маңызды.

Сонымен, бірге Орыс жерлерінің Алтын Ордаға бағыныштылығының формасы мен Алтын Орда кезеңіндегі түркі-славян мәдени интеграциясының бағыттарына мен нәтижелеріне баса назар аудару керек.

### **Сабақтың барысы**

Моңғол жаулаушылығының үшінші кезеңі болып табылатын “батысқа жорықтың” себептері мен нәтижелерін талдаудан бастайды. Батудың Еуропа түбінен Батыс жорығын аяқтап, қайта оралуының ішкі және сыртқы себептерін түсіндіреді. Одан әрі Алтын Орда мемлекетінің құрылуы мен оның біртұтас Моңғол империясы құрамындағы орнын түсіндіре отырып, Алтын Орданың жеке мемлекетке айналуын, моңғол империясының ыдырау үдерісімен байланыстыра отырып қарастырады. Осы арада, моңғол империясының ыдырау себептерін өткен сабақпен байланыстыра отырып, тағыда бір рет пысықтауға болады. Алтын Орданың алғашқы билеушелері Бату мен Беркенің тарихи портреттерін салыстырмалы түрде баяндай отырып, Ноғай бүлігінің себептері талданады.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау барысында мұғалім оқушылардың білімдерін қысқаша сұрақтар қою арқылы, сонымен қатар оқушылардың Аңырақай шайқасының өткен орны, тарихи маңызы мен оны ұйымдастырудағы батырлар мен билердің, хан-сұлтандардың қызметін бағалау жөніндегі аналитикалық тұжырым жасай білу мүмкіндіктеріне қарай бағалай алады.

## **Қосымша тапсырма**

Жаңа сабақ материалдары мен өткен сабақтардан алған білімдеріңді пайдалана отырып Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқын кімдер құрғанын талдаңдар?

### **§35. АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ГҮЛДЕНУІ**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау.

#### **Зерттеу сұрағы**

Моңғол империясының ыдырауы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?

#### **Оқулық**

Алтын Орда мемлекетінің гүлденуі. 129–132 беттер.

#### **Тірек сөздер**

- Ислам
- Өзбек хан
- Ибн Баттута
- Беклербек
- Уәзір
- диван

#### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

#### **Сабаққа дайындық**

Алтын Орданың Еуразия аумағында гүлденген қуатты мемлекетке айналғандығын көрсету үшін алдын ала Алтын Орданың сыртқы саяси байланыстары туралы арнайы кесте дайындау керек. Кестеде Алтын Ордамен байланыста болған мемлекеттер мен олардың саяси және сауда-экономикалық байланыстарының сипаты, нәтижелері және бұл байланыстар туралы ортағасырлық деректердің қысқаша мәліметтері келтірілді. Бұл кесте оқушыларға Алтын Орданың өз заманында шын мәнінде басқа мемлекеттер санасуға мәжбүр болған қуатты ел болғанын визуальды түрде қабылдауына мүмкіндік береді.



## **Сабақтың деректі материалдары**

Өзбек, Жәнібек хандардың суреттері, Өзбек хан туралы ортағасырлық авторлардың сипаттамалары (мысалы, ибн Баттутаның жазбаларынан), Алтын Ордадағы ислам діні туралы ортағасырлық авторлардың мәліметтерінен үзінділер, Алтын Орда дәуіріндегі ислам мен әдебиет атты тақырыптық көрме.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақтың түрін ақпараттылық, шығармашылық белсенділік, сыни бағалау, көркемсуретті ақпараттарды пайдалана отырып, тез ойлау мүмкіндігін арттыру, картаға үңілу арқылы жадты қалыптастыру бағытындағы сабақ өткізу.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Алтын Орданың гүлденуінің саяси, экономикалық бағыттарымен қатар, мәдени өміріндегі жетістіктері қоса берілуі тиіс. Әсіресе ислам дінінің мемлекеттік дінге айналуы, оның өнер мен әдебиетке тигізген әсері тұрғысынан қарастырылуы керек. Алдын ала Алтын Орда дәуіріндегі ислам мен әдебиет атты шағын көрме ұйымдастыруға болады.

## **Сабақтың барысы**

Сабақты Алтын Орданың Өзбек хан тұсында қуатты мемлекетке айналғанын көрсететін мәліметтерді талдаудан бастайды. Осылайша, Өзбек ханның билікке келуі мен оның ішкі сыртқы саясатын талдауға көшеді. Әсіресе, исламды мемлекеттік дінге айналдыруының нәтижелерін талдауға басым назара аудару керек. Оқулық мәтінде берілмеген, Алтын Орда дәуірінде исламның ханафи мазхабы таралғандығын көрсету кетуіне болады. Сондықтан, ханафи мазхабының ерекшелігі пен Алтын Ордаға Ясауи тарикаты туралы хабар беру маңызды.

Алтын Орданың басқару жүйесінің ерекшеліктерін талдай отырып, беклер-бек лауазымының ерекшелігі мен орны туралы кеңірек әңгімелеуге болады. Себебі, келесі сабақтарда Алтын Орданың ыдырау кезеңінде беклербектердің неліктен ықпалды тұлғаға айналғандығын түсінуге көмектеседі.

## **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалім алдын ала дайындалған тапсырмаларды оқушыларға таратып беру арқылы әрбір оқушыны жеке жеке бағалауға мүмкіндік алады.

## **Қосымша тапсырма**

Алтын Орда дәуіріндегі ислам дінінің мемлекеттік дінге айналуының себептері мен нәтижелері туралы өз пікірлеріңді негіздендер.

## §36. АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ҮДЫРАУЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;
- ◆ 6.3.1.7 — ортағасырлық мемлекеттердің үдырауының негізгі себептерін анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Моңғол империясының үдырауы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?

### Оқулық

Алтын Орданың мемлекетінің дағдарысы және үдырауы. 133–136 беттер.

### Тірек сөздер

- Оба, Бердібек хан,
- “дүрбелең жылдар”
- Мамай
- Тоқтамыс хан,
- Әмір Темір шапқыншылықтары.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

### Сабаққа дайындық

Алтын Орда мемлекетінің дағдарысы мен үдырауының басты себептерін айқындау үшін алдын-ала арнайы кесте дайындау керек. Кестеде Алтын Орданың дағдарысы үш үлкен топқа: әлеуметтік-демографиялық, саяси, экономикалық дағдарыстар деп бөлуге болады. Әлеуметтік-демографиялық дағдарысқа Алтын Ордада оба ауруының таралуы мен оның салдарлары, саяси дағдарысқа Бердібек ханның билікке келуі мен “дүрбелең жылдар” оқиғалары, Әмір Темір шапқыншылықтары, экономикалық дағдарысқа сауда байланыстарының үзілуі, қалалық мәдениеттің құлдырауын жатқыза отырып, осы үш себептің өзара байланыстарын көрсету керек.

### Сабақтың деректі материалдары

“Алтын Орда тарихындағы дағдарыс және оның салдарлары” атты арнайы дайындалған кесте-диаграмма, Әмір Темір шапқыншылықтарының бағыттарын көрсететін карта, ортағасырлық авторлардың жазбаларынан арнайы үзінділер берілген карточкалар, тарихи портреттер.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақты ұйымдастыруда тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Алтын Орда мемлекетінің дағдарыс пен ыдырауына қатысты тарихи оқиғаларды түсіндіру мен талдау барысында көптеген тарихи тұлғалар: Тоқтамыс хан, Әмір Темір, Мамай, Едіге тұлғаларына тоқталмай кетуге болмайды. Сондықтан, жаңа материалды сабақ уақытына сыйдыру үшін аталған тұлғаларға қатысты қысқаша анықтама-карточка дайындап, алдын-ала сыныпқа таратып қоюға болады. Бұл жаңа сабаққа қатысты күрделі мәселелерді талдау барысында биографиялық мәліметтердерді айтуға кететін уақытты үнемдеуге, оқушының материалды тез игеруіне мүмкіндік береді.

### **Сабақтың барысы**

Сабақты алдын-ала дайындалған кесте-диаграмма материалдарын пайдалану арқылы жақсы түсіндіруден бастаймыз. Еуразия құрлығындағы алып мемлекет болған Алтын Орда табиғи, саяси дағдарыстардың салдарынан әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан дағдарысқа ұшырайды. Алтын Орданың уақытша күшеюіне қол жеткізген Тоқтамыс хан Алтын Ордадағы билікті сақтай алмауының себебі түсіндіріледі. Бірінші себеп, әрине Әмір Темір шапқыншылықтары болса, екінші басты себеп шынғыстық идеологияның әлсіреуімен тығыз байланысты. Шынғыстық идеология өз кезегінде табиғи-тарихи үдерістер нәтижесінде (қыпшақтану, исламдану және жергілікті рутайпа көсемдерінің саяси билікке ұмтылуы) әлсірегендігін оқушыларға Тоқтамыс, Едіге, Мамай, Әмір Темірдің қызметі арқылы түсіндіріледі.

Сабақ соңында, Алтын Орданың Қазақстан тарихы үшін маңызын қорытындылайды.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалім алдын ала дайындалған ақпараттық карточкадағы тапсырмаларды оқушыларға таратып беру арқылы әрбір оқушыны жеке жеке бағалауға мүмкіндік алады.

### **Қосымша тапсырма**

Картадан Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы нәтижесінде пайда болған мемлекеттерді белгіле және олардың кейін қандай мемлекеттердің құрамына кіргенін анықта.

## **§37. АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.1.3.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;

- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?

### **Оқулық**

Ақ Орда мемлекетінің қалыптасуы. 137–139 беттер.

**Тірек сөздер:** Ақ Орда, Орда Ежен, сол қанат, 92 баулы өзбек тайпаралы, Натанзи.

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық, 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

### **Сабаққа дайындық**

Неліктен Ақ Орда моңғол шапқыншылығынан кейін жергілікті этникалық негізде құрылған мемлекет болып саналатындығын көрсету үшін Ақ Орда халқының этникалық құрамын көрсететін кесте дайындау керек. Кестені Ақ Орданың этникалық құрамы туралы зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып дайындауға болады. Осылайша, карта арқылы Ақ Орданың аумағы мен этникалық құрамын көрсете отырып, оның Қазақ хандығының тікелей бастамасы болғандығын оқушыларға негіздеп көрсетуге болады.

### **Сабақтың деректі материалдары**

Ақ Орда халқының этникалық негізін көрсететін арнайы кесте, Ақ Орда аумағы көрсетілген карта, суреттер.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақты ұйымдастыруда пікір-талас форматын қолданып, тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Ақ Орданың Орда Ежен ұлысы негізінде қалыптасқандығын көрсету үшін Алтын Орданың әкімшілік құрылымын, сол қанаттың — Орда Ежен ұлысының өзі өз ішінде ұлыстарға бөлінгендігін көрсету керек. Ақ Орданы дербес мемлекет немесе оның Алтын Орданың бір бөлігі ретінде қарастыру керек деген тұжырымды оқушылардың өздерінің талқысына салуға болады.

### **Сабақтың барысы**

Ақ Орда — Орда Ежен ұлысы негізінде қалыптасқандығын көрсете отырып, өткен сабақтарға шолу жасай отырып, Алтын Орданың әкімшілік құрылымының ерекшелігін қайтадан көрсету керек. Осыған орай, Ақ Орданың

сол қанат ретінде Алтын Орданың бір бөлігін құрғанын көрсете отырып, Бату хан тұсындағы Алтын Орданың саяси статусын салыстыру керек. Осы бағыттағы ойды жалғастыра отырып, Ақ Орданың да бірте-бірте Алтын Ордадан дербестену үдерісін түсіндіруге болады.

Ақ Орда атауының пайда болуын ортағасырлық деректер бойынша, көшпелілердің әлемнің бағыттарын түстермен белгілеу дәстүрімен байланысты туындағанын айтып өтуге болады.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Ақ Орданың Алтын Орда құрамындағы орны мен статусын, оның аумағы мен этникалық құрылымының бүгінгі қазақ елімен сабақтастығын талдау бойынша сұрақтар қоя отырып бағалауға болады.

### **Қосымша тапсырма**

Ақ Орда атауының пайда болуын түсіндір.

## **§38. АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.1.3.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;
- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сырқы саясатын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?

### **Оқулық**

Ақ Орданың саяси тарихы. 140–142 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Ұрыс хан
- Барақ хан
- Қадырғали Жалайыр
- Ұлықбек, Сығанақ.

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2 –том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

## **Сабаққа дайындық**

Ақ Орда билеушілерімен қатар билік құрған Алтын Орда хандарының кестесін дайындап іліп қою керек. Осы кесте арқылы Ақ Орда билеушілерінің ішкі саясаттағы қызметін жалпы Алтын Ордадағы жағдаймен салыстырмалы түрде баяндауға болады.

Орыс ханның шығу тегіне арналған кесте мен арнайы слайд дайындық керек. Бұл материалдар оқушыларға Орыс ханның Ақ Орда тарихындағы орны мен рөлін түсінуге және Қазақ хандығы неліктен Ақ Орданың мұрагері болып табылатындығын дұрыс түсіндіруге көмектеседі.

## **Сабақтың деректі материалдары**

Ақ Орда халқының билік құрған жылдары көрсетілген кесте, Ақ Орда аумағы көрсетілген карта, Орыс ханның, Барақтың портреттері.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Аралас сабақ түрін қолданып, тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Ақ Орданың Орыс хан тұсында дербес мемлекетке айналуының себептерін Алтын Орданың жалпы дағдарысы мен ыдырау үдерісіне байланысты өтілген сабақпен байланыстыру керек. Көптеген мәселелерді оқушылар мұғалімнің алдын-ала дайындап келген сұрақтары бойынша талдап, қортынды жасауларына қол жеткізуге болады. Әмір Темірдің Тоқтамысты қолдаудағы себептерін тағы бір рет талдай отырып, Тоқтамыс және оның билегеннен кейінгі Ақ Орда тарихын жалпы Алтын Орданың ыдырау үдерісінің жалпы тенденцияларымен байланысты көрсету керек.

## **Сабақтың барысы**

Ақ Орда хандарының кестесіне сүйене отырып, оқушыларға тарихи оқиғалардың нақты тарихи кезеңі туралы мәліметтер беруге болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, жаңа сабақты алдын ала дайындалған сұрақтар арқылы белсенді талқылаудан босатуға болады. Осылайша, Ақ Орданың дамуы мен оның Алтын Орда құрамымен дербес бөлініп шығуын көрсетеді. Орыс ханның Ақ Орда тарихындағы орны мен рөліне тоқтала отырып, оның шығу тегіне қатысты кестені пайдалана отырып, Орыс ханның қазақ хандары Керей мен Жәнібектің арғы аталары екендігін атап өту керек. Барақтың өлімінен кейін Шығыс Дешті Қыпшақ, яғни Ақ Орда аумағында бұрынғы Орда Ежен әулетінің орнына Шайбан әулетінің ұрпағы келгендігін түсіндіреді.

## **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау барысында Ақ Орданың қазақ мемлекетінің қалыптасуындағы рөлін талдауға бағыттау керек. Ол үшін арнайы сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы оқушылардың білімін бағалау керек.

## **Қосымша тапсырма**

Неліктен Ақ Орда Қазақ хандығының бастамасы саналады?

### **§39. НОҒАЙ ОРДАСЫ**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.1.3.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау.

#### **Зерттеу сұрағы**

Моңғол империясының ыдырауы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?

#### **Оқулық**

Ноғай Ордасы. 142–145 беттер.

#### **Тірек сөздер**

- Ноғай Ордасы
- Ноғай, Едіге
- маңғыт жұрты

#### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

#### **Сабаққа дайындық**

Ноғай Ордасының қазақ халқының қалыптасуы мен қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы орнын көрсету үшін Ноғай Ордасының аумағы көрсетілген карта және ноғай этносаяси қауымдастығының этникалық құрамын көрсететін кесте дайындау. Кестені дайындау үшін В. Трепавловтың (Ногайская Орда. — М., 2002.) монографиясында берілген арнайы кестені негізе алуға болады. Бұл кестеде ноғайлардың этникалық құрамы қазақ, башқұрт, қарақалпақ халықтарының этникалық құрамымен салыстырмалы түрде берілген. Сонымен бірге қазақ әдебиетіндегі ноғайлы-қазақ деп аталатын дәуірге жататын ақын-жыраулар және ноғайлардың этнографиясына қатысты арнайы слайд жасау маңызды.

#### **Сабақтың деректі материалдары**

Ноғай Ордасының картасы, ноғайлардың этникалық құрамы туралы кесте, ноғайлы-қазақ деп аталатын дәуірге жататын ақын-жыраулар және ноғайдардың этнографиясына қатысты арнайы слайд, Едігенің портреті, “Қырымның қырық батыры” жыры туралы слайд.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Аралас сабақ түрін қолданып, тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, арнайы материалдармен, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Ноғай Ордасының құрылуын Алтын Орданың ыдырау үдерісімен байланыстыра отырып көрсету керек. Ноғай Ордасының негізін қалаған Едіге болғанымен, Ноғай Ордасы жеке мемлекет ретінде оның ұлы Нұра ад-Дин тұсында ғана бөлінгендігіне назар аудару керек. Сонымен, бірге оқушыларға шыңғыстық идеологияға қатысты мәселелерге қайта оралып, Ноғай билеушілерінің неліктен “мырза”, “би” атанғандарын түсіндіру керек. Едігенің тарихын Әмір Темір қызметімен салыстырмалы түрде баяндауға болады.

## **Сабақтың барысы**

Ноғай Ордасының құрылуы тарихын Алтын Орданың Тоқтамыс хан тұсындағы күрделі тарихымен байланыстары отырып баяндайды. Ноғай Ордасының аумағын картадан көрсете отырып, ноғай этносаяси қауымдастығының этникалық құрылымын, ноғай атауының пайда болуы туралы болжамдарды түсіндірумен жалғастырады. Одан әрі Ноғай Ордасының мемлекет ретінде нығаюы мен әлсіреуінің себептерін талдап, оның ыдырау барысын көрсетеді. Сабақты қорытындылау барысында ноғайлардың бір бөлігінің қазақ хандығының құрамына қосылғандығын баяндай отырып, ноғайларға қарасты этнографиялық материалдардан дайындалған слайд арқылы қазақтар құрамына қосылған ноғай ру-тайпалары мен қазақ ру-тайпаларының этникалық шығу тегі бір екендігін түсіндіреді.

## **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау барысында мұғалім оқушылардың білімдерін қысқаша сұрақтар қою арқылы, сонымен қатар оқушылардың Ноғай ордасының жалпы тарихына қатысты сұрақтар мен оның қазақ халқының қалыптасуындағы тарихи маңызын бағалау жөніндегі аналитикалық тұжырым жасай білу мүмкіндіктеріне қарай бағалай алады.

## **Қосымша тапсырма**

Ноғайлы-қазақ дәуіріндегі ақын-жыраулардың шығармашылығын пайдалана отырып осы дәуір туралы эссе дайындаңдар.

## **§40. ӘБІЛХАЙЫР ХАНДЫҒЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;



- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Моғолстан мен Өбілхайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай өзгерістерге әкелді?

### **Оқулық**

Өбілқайыр хандығы. 146–149 беттер.

### **Тірек сөздер**

- “көшпелі өзбектер”
- Өбілқайыр хан
- Усман Қухистани
- Үз-Темір тайшы

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

### **Сабаққа дайындық**

Өбілхайыр хандығының шын мәнінде Ақ Орда мемлекетінің жалғасы болғандығын көрсету маңызды. Өбілхайыр хандығы деп аталған себебі, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында бұрынғы Орда Ежен әулетінің орнына Шайбан әулетінің өкілі 17 жасар Өбілхайырдың билікке келуімен ғана байланысты екендігін түсіндіре отырып, жалпы Орыс хан ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандардың Ақ Орданың астанасы Сығанақ пен Сыр бойындағы аймақтардағы ықпалдарын 1446 жылға дейін сақтап қалғандарын көрсете отырып түсіндіре аламыз.

### **Сабақтың деректі материалдары**

Өбілхайыр хандығының аумағы, Өбілхайыр ханның жаулап алу соғыстарының бағыттары көрсетілген карта, “көшпелі өзбектердің” этникалық құрамын көрсететін кесте.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Ақпараттық технологияны пайдалана отырып, жүйелі ойлау, салыстырмалы талдау жасау әдістері қолданылады. Тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, арнайы материалдармен, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

“92 баулы өзбек” тайпаларының этникалық құрамын көрсететін тізімді іліп қойып (бұл тізімді “Қазақ ру-тайпаларының тарихы” сериясымен шыққан кітаптан алуға болады (Алматы, 2005-2009 жж.)), оның ішіндегі бүгінгі

қазақ халқының құрамында кездесетін 20 ру-тайпа атауын белгілеу керек. Аталған 20 ру-тайпаның бүгінгі таңдағы (42 тайпадан, 112 рудан тұратын) қазақ халқының этникалық құрамымен бірдей екендігіне назар аудар қажет. Бұл өткен сабақтағы Ақ Орданың этникалық тұрғыдан қазақ хандығымен сабақтастығын тағы бір рет дәлелдейді және алдыңғы сабақтарда өтілетін қазақ халқының қалыптасуы мен қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттарын оқушылардың дұрыс түсінуіне негіз болады.

### **Сабақтың барысы**

Шайбан ұлысы туралы, оның Ақ Орда құрамына кіргендігі туралы жалпы ақпаратты беруден басталады. Барақ қайтыс болғаннан кейін, жергілікті ру-тайпа көсемдерінің 17 жасар жас Әбілхайырды хан көтерудегі саясаты талданады. Одан әрі, Әбілхайырдың Шибан ұлысы аумағын біріктіру мен жалпы Ақ Орданың аумағын билігін орнықтыру жолындағы күресі баяндалады. Әбілхайыр тұсындағы Керей мен Жәнібек сұлтандардың иелігі туралы да айтып өту міндетті. Одан әрі Әбілхайыр ханның билігінің әлсіреуі, оның Үз-Темір тайшыдан жеңілу себептері мен салдарлары туралы тұжырым жасалады. Мұғалім бұл оқиғалардың барлығы болашақ Қазақ хандығының құрылуына әкеліп соғатын оқиға — Керей мен Жәнібек сұлтандардың көшіп кетуіне себеп болғандығын түсіндіріп кетеді.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Әбілхайыр хандығының қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуындағы орны мен рөлін анықтауға байланысты арнайы дайындалған сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру мүмкіндіктері мен өзіндік тұжырым, қосымша материалдарды пайдалана отырып, салыстырмалы талдау жасай алу мүмкіндіктеріне орай бағаланады.

### **Қосымша тапсырма**

Әбілхайыр хандығының Қазақ хандығының құрылуындағы рөліне баға беріңдер.

## **§41. МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ, АУМАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;
- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру.

## **Зерттеу сұрағы**

Моғолстан мен Өбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай өзгерістерге әкелді.

## **Оқулық**

Моғолстан мемлекетінің құрылуы, аумағы, этникалық құрамы. 150–153 беттер.

## **Тірек сөздер**

- Моғолстан
- моғолдар
- дулаттар
- Жетісу,
- Шығыс Түркістан,
- маңғылай-Сүбе
- ұлысбегі
- өмір Болатшы
- Тоғылық-Темір хан

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

## **Сабаққа дайындық**

Моғолстан мемлекетінің аумағы мен моғолдардың этникалық құрамын талдай отырып, оның Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасу тарихындағы маңызын көрсету маңызды. Ол үшін моғол атауның пайда болуын түсіндіре отырып, моғол деген жинақтаушы атаумен белгілі бұл этносаяси қауымдастықтың құрамына кірген ру-тайпаларды анықтап, олардың қазақ, қырғыз халықтарының қалыптасуындағы орны мен маңызын көрсетуге болады.

Сабаққа дайындық барысында Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінен (2003 жылы И. Жеменейдің аудармасымен қазақ тілінде жарық көрген) Моғолстанның аумағы, халқы туралы үзінділер дайындауға болады.

## **Сабақтың деректі материалдары**

Шағатай ұлысы, Моғолстан мемлекетінің аумағы көрсетілген карта, суреттер, кестелер, тарихи деректерден үзінділер берілген слайд.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақтың түрін аралас сабақ түрінде өткізе отырып, интербелсенді сабақ (ойын түрлері; жеке және жұптық, топтық жұмыстар; сұрақтар қоюда ын-тандыру) қолдану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Моғолстан, моғол атауларының пайда болуы “Алтын Орда” атауының пайда болуымен салыстырмалы түрде түсіндіруге болады. Моғолстанның мемлекетінің құрылуы шағатай ұлысының ыдырауымен байланысты екендігін көрсете отырып, Моғолстанның өз ішінде ұсақ иеліктерге бөлінгендігін, олардың басым бөлігі көп жағдайда шағатайлық хандардың билігін мойындай бермегендігін көрсетіп өту маңызды. Бұл, келесі сабақтарда Моғолстанның ішкі-сыртқы саясаты талдауда маңызды орын алады.

## **Сабақтың барысы**

Моғолстан мемлекетінің құрылуының барысы мен себептерін Шағатай ұлысының ыдырауымен байланыстар отырып баяндайды. Осы арада, мұғалім оқушылардың өткен сабақтардан білімін тексеру үшін моңғол ұлыстары, шағатай ұлысына қатысты арнайы қысқаша лездеме сұрақтар қою арқылы сабақты белсенді бастауға мүмкіндік алады. Одан әрі, Моғолстан, моғол атауының пайда болуы мен Моғолстан халқының этникалық құрамын талдай отырып, олардың ежелгі үйсін, қаңлы мемлекетерінен бері өмір сүріп келе жатқан жергілікті ру-тайпалар мен Шыңғыс хан шапқыншылығы нәтижесінде қоныс аударған түркі-моңғол тайпаларына құралғандығын атап өтеді. Осы арада дулат тайпасының ерекше статусына тоқталып, шын мәнінде Моғолстан дулат әмірлері билеген мемлекет ретінде құрылғандығын Едіге, Әмір Темір қызметімен салыстырмалы түрде талдап көрсетеді. Алғашқы моғол хандарының сыртқы саясаттағы басты бағыты бұрынғы Шағатай ұлысын біріктіру ұранымен жүргені, оның нәтижелеріне тоқталып өтеді.

## **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Оқушылардың Моғолстан мемлекетінің құрылуын Шағатай ұлысының ыдырау себептерімен байланыстыра отырып түсіндіруі, моғолдардың этникалық құрамының қазақ халқының қалыптасуындағы орны мен маңызына баға бере алуы, Моғолстанның саяси және әкімшілік құрылымының ерекшеліктерін талдай білу мүмкіндіктеріне орай бағаланады.

## **Қосымша тапсырма**

Моғолстан тарихындағы дулат әмірлерінің орны мен рөліне салыстырмалы талдау жаса.

## **§42. ӘМІР ТЕМІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАПҚЫНШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;

- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Моғолстан мен Өбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай өзгерістерге әкелді?

### **Оқулық**

Өмір Темір және оның шапқыншылықтарына қарсы күрес. 154–156 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Өмір Темір,
- Қамар ад-Дин,
- Алмалық,
- тонаушылық,
- құлдық,

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 77-170 бб.

### **Сабаққа дайындық**

Өмір Темірдің Моғолстан аумағына жасаған шапқыншылықтарының зардаптарын көрсету үшін салыстырмалы кесте дайындау керек. Кестеде Өмір Темірдің Моғолстан жеріне жасаған шапқыншылықтарының жылдары, нәтижелері, зардаптары көрсетіледі. Бұл кесте оқушылардың сабақты игеруіне септігін тигізеді. Сосын Өмір Темір туралы қысқаша бейне материал дайындауға болады.

### **Сабақтың деректі материалдары**

Шағатай ұлысы, Өмір Темір мемлекетінің аумағы көрсетілген карта, Өмір Темірдің және т.б. суреттер, кестелер, бейне ролик.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақтың түрін аралас сабақ түрінде өткізе отырып, пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Өмір Темірге тарихи тұлға ретінде баға бере отырып, оның тұсында Орталық Азияға мәдениеттің, әдебиет пен ғылымның көркеюі болғандығын атап өте отырып, бірақ, Өмір Темір шапқыншылықтары жалпы Қазақстан тарихы үшін өте ауыр зардаптары болғандығын атап өту керек. Алтын Орда мемлекетінің күйреуі де Өмір Темірдің шапқыншылықтарының тонаушылық саясатының нәтижесі екендігін көрсете отырып, жоғарыда айтылған арнайы дайындалған

кесте түріндегі матариалдарды пайдалана отырып, оқушылардың өзіндік тұжырым жасап, қорытынды шығаруларына бағыттау керек. Сонымен бірге Әмір Темір шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырудағы Әмір Қамар ад-Диннің қызметіне арнайы тоқталып өту маңызды.

### **Сабақтың барысы**

Алғашқы Моғол хандарының бұрынғы Шағатай ұлысын біріктіру жолындағы күресі сәтсіз аяқталған соң, көп ұзамай оның батыс бөлігін біріктіріп үлгерген Әмір Темірдің сыртқы саясаттағы басты мақсаты бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігі — Моғолстанды басып алу болғанын баяндайды. Әмір Темір Моғолстанға барлығы 8 шапқыншылық жорығын жасаған. Олардың барлығы тонау мен қырғынға ұшырату, халықты құлдыққа айдап өкетумен аяқталып отырды. Үздіксіз болған бұл шапқыншылықтар жалпы Моғолстанның ішкі жағдайын шиеленістіріп, халықтың, аймақтың өлеуметтік-экономикалық жағдайын құлдыратқаны нақты мысалдармен баяндалады.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері**

Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған шапқыншылық соғыстарының зардаптарын оның Алтын Ордаға қарсы тонау соғыстарымен байланыстыра отырып талдау жасау негізінде. Қорытындылау, бағалау мүмкіндіктеріне орай бағаланады.

### **Қосымша тапсырма**

Әмір Темірдің тарихи қызметіне баға беріңіз.

## **§43. XV ҒАСЫРДАҒЫ МОҒОЛСТАН**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноөлеуметтік құрылымын анықтау;
- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай өзгерістерге әкелді?

### **Оқулық**

XV ғасырдағы Моғолстан. 157–159 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Уәйіс хан
- Есенбұға хан

- Жүніс хан
- ойраттар
- Темір ұрпақтары
- Алаша хан

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра.2010. 77-170 бб.

## **Сабаққа дайындық**

XV ғасыр бойындағы Моғолстанның ішкі-сыртқы саяси дамуын көрсету үшін дулат өмірі Хұдайдаттың қызметіне, моғол билеушілерінің Өмір Темір ұрпақтарымен қарым-қатынастарының сипатын ашатын ақпаратты оқушыларға ұғынықты тілмен жеткізуге ұмытылу қажет. Есенбұға ханның саясатын талдай отырып, оның ішкі-сыртқы саясатта ұстанған бағытына қатысты фактілерді талдау болашақ Қазақ хандығының құрылуына қолайлы алғышарттар қалыптастырғанын (ағасы Жүніске қарсы күресте Керей мен Жәнібек сұлтандарды пайдалану) көрсетуге бағытталады.

## **Сабақтың деректі материалдары**

Шағайтай ұлысы, Өмір Темір мемлекетінің аумағы көрсетілген карта, Өмір Темірдің және т.б. суреттер, кестелер, бейне ролик.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақты аралас түрінде ұйымдастыра отырып, пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістерін пайдалану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Есенбұға ханның ішкі саясатын талдағанда Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірінен нақты мысалдар келтіру арқылы (дулат өмірлерінің билігін шектеу) көрсетуге болады. Сонымен бірге Сұлтан Ахмед ханның “Алаша” хан атануы туралы мәліметке орай, қазақ тарихындағы жалпы Алаша хан және оның халқымыздың тарихи жадындағы орны мен рөліне баға бере кету маңызды.

## **Сабақтың барысы**

Моғолстанның XV ғасырдың басындағы саяси дамуы, өмір Хұдайдаттың қызметі баяндалады. Одан өрі Уәйіс хан тұсындағы ойрат (жоңғар, қалмақ) шапқыншылығының күшеюі оның себептері талданады. Оқушыларға осы кезеңнен бастап кейінгі қазақ тарихындағы жоңғар факторының Моғолстан кезеңінен бері күшейіп келе жатқандығын түсіндіріп өтеді. Одан өрі Есенбұға ханның билікке келуі, оның ішкі-сыртқы саясаты талданады. Ағасы Жүніс ханды Өмір Темір ұрпақтарының қолдаудағы мақсатын айқындайды. Осы күрделі тарихи оқиғалардың болашақ Керей мен Жәнібектің Есенбұға ханнан қолдау табуына себеп болғандығын атап өтеді.

Моғолстан мемлекетінің ыдырауын көрсете отырып, оның орнына Шығыс Түркістан аймағында ғана сақталып қалған Моғолия мемлекеті туралы айта келе, аталған мемлекеттен кейін Қазақ хандығының сыртқы саясатында өзіндік орны болатындығына тоқталып өту керек.

### **Білімді бағалу мүмкіндіктері**

Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп, “Он сұрақ!”, “Лездеме!” әдістері бойынша дайындалған сұрақтарға жауап беру арқылы сабақты түйіндейді. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі, басқа оқушылардың жауаптарын толықтаруы, мұғалімге сұрақтар қоюына байланысты бағалайды.

### **Қосымша тапсырма**

Моғолстанның ішкі саяси жағдайы мен Өмір Темір ұрпақтарымен байланыстарының сипаты туралы қорытынды жасаңдар.

## **§44. XIV-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫСЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.6 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу, картаны қолдану арқылы саяси процестерді түсіндіру;
- ◆ 6.1.1.2 — XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;
- ◆ 6.3.2.5 — тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Моғолстан мен Өбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай өзгерістерге әкелді?

### **Оқулық**

XIV-XV ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар және мемлекеттердің мемлекеттік-әкімшілік құрылысы. 162–165 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Уәйіс хан
- ойраттар
- Темір ұрпақтары

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010. 192-195-бб.



## **Сабаққа дайындық**

XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық қатынастарымен мемлекеттік-әкімшілік құрылысының ерекшеліктерін көрсету үшін арнайы материалдар дайындау керек. Әлеуметтік құрылымға, жер илену түрлері мен салықтармен мен міндеткерліктердің түрлері туралы ақпараттық қысқаша анықтама берілген слайд дайындалады.

## **Сабақтың деректі материалдары**

Кестелер, слайдтар, тірек-диаграммалар, суреттер.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау**

Сабақты интербелсенді сабақ түрінде ұйымдастыра отырып, талқылау, пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістерін пайдалану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Әлеуметтік құрылым, жер пайдалану мен салықтар, міндеткерліктерді қазақ қоғамымен байланыстара отырып талдау керек.

## **Сабақтың барысы**

XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар дамудың жаңа кезеңін бастан өткергенін атап өтеді.

Бұл кезеңдегі қоғамның әлеуметтік құрылымының ерекшелігі әлеуметтік-саяси ұйымдасудың ерекшелігімен байланысты болды. Осы заманның ерекшелігі ретінде вассалдық тәуелділік, мемлекеттің иеліктерге бөлуі, әскери қақтығыстардың жиі-жиі болуы, үкімет пен әскери күштің заңнан үстем болуын атап өтуге болады.

Жер илену түріне қатысты інжу мен ұлыс ұғымдарын анықтап өтеді. Жерді әскери немесе әкімшілік қызметі үшін сыйға тарту, тархандық құқық берудің мысалдарын талдай отырып, уақыт өте келе, сый, сойырғал, тархандық құқықпен алынған жерлер ақсүйектердің ұрпақтарының меншігіне айналғанын баяндайды.

Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасында болған салықтар мен міндеткерліктердің түрлері мен олардың сипаттамасына тоқталып, олардың көпшілігі бұрынғы түркі дәуірінен қалыптасқан, кейбіреулері моңғолдар билігі орнағаннан кейін пайда болғанын атап өтеді.

Сабақты қорыта келе, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы тұрақты басқару аппараты қалыптасқан, саяси құрылымы айқын мемлекеттер болғаны, бұл құрылым, өз кезегінде мемлекеттің тұтастығын сақтау, көрші мемлекеттердің агрессиясын тойтаруға мүмкіндік бергенін тұжырымдайды.

## **Білімді бағалу мүмкіндіктері**

Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп, “Он сұрақ!”, “Лездеме!” әдістері бойынша дайындалған сұрақтарға жауап беру арқылы сабақты түйіндейді. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі, басқа оқушылардың жауаптарын толықтаруы, мұғалімге сұрақтар қоюына байланысты бағалайды.

## **Қосымша тапсырма**

XIV-XV ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен мемлекеттердің мемлекеттік-өкімшілік құрылысына сипаттама берiңдер.

### **§45. XIII — XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӨНЕР МЕН ӘДЕБИЕТ**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.2.2.1 — күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау.

#### **Зерттеу сұрағы**

XIII — XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?

#### **Оқулық**

XIII — XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет. 162–166 беттер.

#### **Тірек сөздер**

- Жыраулар
- Жыр
- Толғау

#### **Ресурстар**

1. Қазақтың халық творчествосы. Алматы. Ғылым. 1989. 416 б.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Ғылыми-зерттеу мақалалары. Құрастырған Р.Бердібаев. Алматы. Жазушы. 1985. 367 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы. Аруна. 2010.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы. Ана тілі. 1991.

#### **Көрнекілік**

Мектеп кітапханасымен біріккен жұмыс нәтижесіндегі тақырыпқа бағытталған шағын кітап көрмесі.

#### **Мақсатты айқындау**

Жыраулардың қоғамдағы орын айқындап көрсету. Асан Қайғының кім екенін жеткізу. Қазтуған жырау шығармашылығымен таныстыру.

#### **Сабақтың деректік материалдары**

“Жырау — қазақтың ежелгі поэтикалық дәстүрдің қалыптастырған, әрі оны сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған көшпелі мәдениеттің аса көрнекті өкілі. Қазіргі кезде ұлтымыздың рухани игілігіне айналып отырған батырлар, ғашықтық, тарихи, лиро-эпостық жырлар мен толғау, терме, арнау, естірту, жоқтау сияқты тек жыраулар шығармашылығына тән ежелгі поэзияның сан алуан жанрларының басты авторлары да, орындаушылары да жыраулар болды. Жыраулар жыр шығарушы ғана емес, оны

өлеңмен (өуенмен, сазбен, мақаммен) қобыз немесе домбыра сияқты аспаптар арқылы орындап, көпшілікке жеткізуші де. Замананың болмысы, айтулы оқиғалардың, сол кезеңдегі көшпелі тіршіліктің бейнеленуі жыраулар поэтикасының ең басты қасиеті” (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2-том. Алматы, 2012. 558 б.)

“Толғау — қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған жанр. Толғаудың жанр ретінде қалыптасуы аталған халықтар әлі бөлініп үлгермеген XII — XIV ғасырларға сәйкес келеді. XV — XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше өркендеп, өзінің жоғары даму сатысына жетті. Толғау тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Көрнекті өкілдері: Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетай, Бұқар, Дулат, Маханбет, Базар жырау т.б. Хандық дәуірде аса зор идеологиялық мәнге ие болды. Толғауда терең азаматтық өуен, ірі қоғамдық, өлеуметтік, саяси философиялық тақырып ерекше орын алады. Толғау ауызша дамып, біздің заманымызға ауызша жетті. Бір мақам мен музыкалық аспаптың сүйемелдеуінде орындалады” (Ұлттық Энциклопедия)

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Қазақ әдебиеті пәнімен пәнаралық байланыстағы кіріктірілген сабақ.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

XIII — XV ғасырлардағы қазақ халқының ақын-жырауларының мұраларын оқығанда дауыс ырғағы (интонация) арқылы оқушыларға патриоттық сезім тудыру керек. Интерактивті тақта арқылы, XIII — XV ғасырлардағы ақын-жырауларының шығармалары экраннан жүргізіліп оқылатын бағдарлама арқылы жасалған слайдпен қатар көрсетілсе мақсат етіп қойған тақырыпты тез игеруге болады. Олардың реконструкциялық суреттері көрсетіледі. Сабаққа “Қазақ әдебиеті” пәнінің мұғалімін қатыстырып, тақырыпты кезектесе отырып түсіндірсе, оқушылардың қызығушылығы арта түседі.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Сабақ барысында қамтыған мәселелер мен сұрақтарға жауап бергеніне қарай бағалау керек.

### **Қосымша тапсырмалар**

XIII — XV ғасырлардағы қазақ халқының ақын-жырауларының бірінің шығармашылығын талдап келу.

### **Білімін шыңдауға берілетін тест**

Тесттен 1 дұрыс жауабын тап!

**1. Жошы ханның өлімін Шыңғыс ханға жеткізген “Ақсақ құлан” күйінің авторын белгілеңіз:**

- |               |              |
|---------------|--------------|
| A) Қорқыт     | E) Доспамбет |
| B) Асан қайғы | F) Марғасқа  |
| C) Жиёмбет    | D) Қазтуған  |
| G) Ақтамберді | H) Кетбұға   |

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

**2. XIII—XV ғасырлардан аттары бізге аңыз болып жеткен ауызша поэзия өкілдерін көрсетіңіз:**

- |               |               |
|---------------|---------------|
| A) Махамбет   | E) Төтіқара   |
| B) Сүйінбай   | F) Асан қайғы |
| C) Үмбетей    | G) Қазтуған   |
| D) Құрманғазы | H) Қорқыт     |

#### **§46. ДӘСТҮРЛІ МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.4.1.2 — көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы**

Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?

**Оқулық**

Дәстүрлі малшаруашылығының ерекшеліктері. 167–169 беттер.

**Тірек сөздер**

- Малшы
- Пірлер
- Жылқы
- Түйе
- Сиыр
- Қой
- Жайылым

**Ресурстар**

1. Роль степных городов в цивилизации номадов. Астана. 2008  
Средневековые города Казахстана. Алматы. 2006
2. Райымхан К.Н. Музей жәдігерлері тарихи дереккөз ретінде (Қазақстан музейлері негізінде). Астана. 2010
3. Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы. Ғылым. 1998.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы. 2011-2014.
5. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельности кочевнического общества) Алматы-Москва. Совинвест-Горизонт. 1995

**Көрнекілік**

Төрт түлік малдың мерзімдік жайылымдары мен жайлаулардағы тұрмысты қамтитын фотослайд.

## **Мақсатты айқындау**

Малшаруашылығының қалыптасуының тарихи кезеңдеріне шолу жасап өту. Төрт түлік малдың түрлерін, олардың тіршілік қамы жүйесіндегі маңызын ұғындыру. Төрт түлік малдың пірлерін мал пірлері туралы айту. Төрт түлік малды бағуға кәсіптенген малшылардың қоғамдағы орнымен таныстыру. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығында малшаруашылығының алатын орын көрсету.

## **Сабақтың деректік материалдары**

“Таулы, далалы, шөлейтті болып келетін түрлі зоналар мен белдеулерді алып жатқан территорияда малшаруашылығының экологиялық негізіндегі үш типі-көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы малшаруашылығының ішінде таулы өлкеге төн болатын жартылай көшпелі шаруашылық типі қалыптасты. Жартылай көшпелі малшаруашылығы тұрақты қыстаудың болуымен, мал құрамында сиырдың үлес салмағының арта түсуімен және қыстау маңына тары, бидай егумен ерекшеленеді. Егіншілерде отырықшы малшылық түрі болды. Далалы ерекшеліктерге байланысты жартылай отырықшы, жартылай көшпелі деген ауыспалы шаруашылық түрлері болды. Өйткені, егіншілік алқаптары көшпелі малшаруашылығы дамиды жартылай шөлейт және шөлейт далалардың ортасында болатын. Отырықшы мен жартылай отырықшы малшаруашылығының жартылай көшпелі және көшпелі малшаруашылығына ауысуына байланысты түлік құрамы да өзгеріске түсіп, көшіп-қонуға қолайлы қой және түйе басым бола түседі”. (Этнограф Досымбек Қатранның музейлік экскурсиясынан).

Дәстүрлі малшаруашылығының түрлерін нақтылап көрсету мақсатында деректерге сүйену, малшаруашылығы түрлерінің дамыған аймақтарын карта арқылы көрсету.

## **Сабақ түрі мен әдісі**

Сабақтың 2-3 минутын ойын, жұмбақ сабақ ретінде ұйымдастыруға болады. Сабақ барысында төрт түлік малға қатысты жұмбақ жасыру — оқушылар зейінін дамыту.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақ барысында төрт түлік малға қатысты халықтық мақал мәтелдер айтып, жұмбақтар жасыруға болады. Мысалы, түйеге байланысты мақалдар: “Түйесі бардың, киесі бар”, “Бақырауық демесең, бағалы көлік түйе ғой”, “Жалғыз баласы өлген жұртта калмайды, жалғыз түйесі өлген жұртта қалады”, “Түйелі ел қырға, түйесіз ел Сырға”, “Нар баласы Қырымға”, “Нар жолында жүк қалмас”, “Ауырды нар көтереді, ауруды ер көтереді”, “Алты айлық жолға арымас, атан деген көлік бар”.

## **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушылар топқа бөлініп көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы малшаруашылығының түрлерін немесе төрт түлік мал түрлерін бөліп алып, олардың ерекшеліктері мен тіршілік үшін маңызын, айтып, бір топ, екінші

топқа төрт түлік мал, малшаруашылығында қолданатын шаруашылық бұйымдары туралы жұмбақ жасырып, нәтижесін бағалауға болады. Топ жетекшілеріне бағалауына мүмкіндік беруіне болады.

### **Қосымша тапсырмалар**

Төрт түлік мал туралы нақыл сөздер, бата түрлерін жаттап келу.

### **Білімін шыңдауға берілетін тест**

Тесттен 4 дұрыс жауабын тап!

1. Халық санасындағы түсінік бойынша малдың желеп-жебеуші пірлерін дұрыс бағыт бойынша белгілеңіз:

- |                            |                             |
|----------------------------|-----------------------------|
| A) Жылқы пірі — Ойсыл Қара | E) Түйе пірі — Шекшек Ата   |
| B) Қойдың пірі — Шопан Ата | F) Жылқы пірі — Қамбар Ата  |
| C) Сиыр пірі — Зеңгі Баба  | G) Қойдың пірі — Зеңгі Баба |
| D) Ешкі пірі — Шопан Ата   | H) Түйе пірі — Ойсыл Қара   |

Тесттен 4 дұрыс жауабын тап!

2. Көшпелі мал шаруашылығындағы мерзімдік жайылымдарды анықтаңыз:

- |            |              |
|------------|--------------|
| A) Өріс    | E) Көктеу    |
| B) Жайылым | F) Қыстау    |
| C) Жайлау  | G) Күздеу    |
| D) Қыстақ  | H) Батпақты. |

## **§47. XIII — XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ЖЕТІСТІКТЕРІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.2.2.5 — көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау.

### **Зерттеу сұрағы**

Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?

### **Оқулық**

XIII — XV ғасырлардағы көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктері.  
170–172 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Кесене
- Тайқазан
- Жер асты мешіті
- Шығас моншасы

### **Ресурстар**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра. 2010.
2. Байпақов, К.М. Қазақстан археологиясы. Алматы. 2011

3. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии. Алматы. Ғылым. 2002. 654- с.

4. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы. Өнер. 1987. 128- б.

5. Средневековые города Казахстана. Алматы. 2006.

### **Көрнекілік**

Фотослайд. Фотоклип, Каталог, фотоальбом кітаптар.

### **Мақсатты айқындау**

XIII — XV ғасырлардағы сәулет өнерінің озық туындыларымен таныстыру. Өлемдік мұра тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тарихын оқыту. Арыстан баб кесенесі, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі ерекшеліктерін айту. Жерасты мешіттері, шығыс моншалары құрылыстарының ерекшелігімен таныстыру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

“Қ.А. Ясауи сәулет ғимараты айқын, дәл әрі үйлесімді жоспармен салынған. Деректерде Әмір Темір кесененің салынуына бұйрық беріп, әрі жобасын жасауға да тікелей қатысқан. Қожа Ахмет Ясауи сәулет ғимараты — аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс. Оның ені — 46,5м, ұзындығы — 65м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені — 50 метрге жуық, порталдық аркасы — 18,2 м және биіктігі — 37,5м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық бөлмесінің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Қ.А. Ясауи кесенесі жамағатхана, қабірхана, мешіт, кітапхана, үлкен ақсарай, кіші ақсарай, асхана, құдықхана және бірнеше құжыра бөлмелерден тұратын, діни-ғұрыптық, діни-ағартушылық, тұрмыс-салттық қызмет түрлерін атқаруға арналған аса күрделі, аса зор кешенді құрылыс болуымен ерекшеленеді.

Сәулет ғимараты сансалалы қызмет атқаруымен қатар, қоғамның да саналуан деңгейіндегі мүшелерінің басын бір жерге қосып, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты, ынтымақ пен өзара қамқорлықты қамтамасыз еткен орталық болған. Кесененің бүкіл сәулет жобалық композициясының орталығы — жамағатхана (қазандық) бөлмесі. Жамағатхана — күмбезге дейінгі биіктікті — 36 м, ұшар басына дейін — 37,5 м қабырғалары 18,2 м болатын, үлкен шаршы бөлме. Жамағатханаға екі жағынан екі деңгейдегі — 3,2 x 4,6 м болып келетін сегіз құжыра бөлмелер жапсарлас салынған. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі — жамағатхананың төрінде орналасқан әулиелер Сұлтанының қабірханасы болып табылады. Қабірхананың дәл ортасында шымқай жасыл тастан (нефрит тасы) әулиенің құлпытасы орнатылған. Төбесі қосқабатты, сырты қатпарлы күмбезбен көмкеріліп, сырты мозаикамен қапталған. Оң жағында жамағатханамен созылыңқы келетін жолбарысхан дәлізі арқылы жалғасатын, мешіт бөлмесі мен кітапхана орналасқан. Мешітке ерекше көрік беріп тұрған михраб ойығының беті мозаикамен және өсімдік тектес өрнектер бедерленген мозаикалық тақташалармен әшекейленген. Қабірхананың сол жағында ғұламалардың сұхбатына, ғылыми жиындарға, пікір алысуға арналған үлкен ақсарай (қабырғалары 6,2x10,2) орналасқан.

Үлкен Ақсарай — жамағатханамен және кіші Ақсараймен дәліздер арқылы жалғасады. Кесененің оңтүстік-батысында асхана-халимхана бөлмесі орналасып, жамағатханамен дәліз арқылы байланысқан (6,2x12м). Бұрын мұнда Әмір Темірдің уақыфтық қолхаты бойынша “Хәлім ботқа” тамағы дайындалып, таратылған. Халқымыз салт-дәстүрінде үлкен орны бар, дүниеден өткен адамның аруағын құрметтеп ас нәзір беру салты әулиенің басында ғасырлар бойы жүйелі түрде орындалған. Ғимараттың оңтүстік шығыс бөлігінде биіктігі 16 м, қабырғалары 6,3 м күмбезді бөлме — Құдықхана орналасқан. Кесененің жалпы архитектуралық құрылымдық жобасы мен композициясы бұл құрылыстың — Ясауи тариқаты дәруіштерінің діни-ғұрыптық құлшылық, ғибадатын орындаған, Түркілік мұсылмандық дәстүрдің қалыптасуының кіндік орталығы болғанын көрсетеді.

Батыс қабырғада “Алла Раббым және Мұхаммед пайғамбарым” сөздер жазылған. Кесененің солтүстік қабырғасында “Пенде жоспарлайды — Алланың қалауы болады” деген жазу таңбаланған. Гүлдестелерде, қабырғаның әр тұсында, әралуан өрнектермен Алланың көркем есімдері, пайғамбар есімі таңбаланған. “Бүкіл жаратылыстың иесі Алла”, “Бағыт көрсету Аллаға тән”, “Күш-құдірет Алланикі”, “Мәңгі-бақилық сипат Аллаға тән”, “Ұлылыққа жету Алламен болады” деген Алла-Тағаланың ұлық сипаттарын ұлықтап, мадақтаудан тұратын сөздер жазылған. Ал кесененің шығыс қабырғасында Алланы пәктейтін — “Сұбһан-Алла”, мақтайтын — “Алһамду-лилла”, ұлықтайтын — “Аллаһу Акбар” тәспихтары өзара ұштаса ұласып жатқан геометриялық өрнектерде таңбаланған. Құл қажы Хасан Күрди Ширазидің есімі, жұмыстың аяқталған жылы (х.809/м.1406-07) жазылған.” (<http://www.madenimura.kz> сайты материалынан).

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Тарихи саяхат. Тарихи дискурс. Интерактивті белсенділік.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақ барысында интернет желісіне қосылған тақта арқылы “Өзірет сұлтан” тарихи-мәдени қорық мұражайы сайтына кіріп, сәулеттік ескерткіштермен танысуға болады. Жергілікті жердегі мектептер, әрине сабақты Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде өтуін ұйымдастыру керек. Әр облыс мұғалімдері өз өлкесіндегі осы кезеңдегі сәулет өнері ескерткіштерін қамту керек. Мысалы, “Тараз” тарихи-мәдени, “Ұлылау” тарихи-мәдени қорық мұражайлары.

### **Бағалау мүмкіндігі**

“Өлке ескерткіштері” атты тақырыпта өз өлкелеріндегі ескерткіштерге қатысты сауалнамалар жасауға, фото сауалнамалар ұйымдастырып, нақты жауап беруін ұйымдастыру.

### **Қосымша тапсырмалар**

Оқушылардың “Тарихи-мәдени ескерткіштер” атты өз фотоальбомдарын жасауына тапсырма беру.



## Білімін шыңдауға берілетін тест

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

1. XIV—XV ғасырларда Түркістан қаласында салынған ескерткіштерді белгілеңіз:

- |                                 |                         |
|---------------------------------|-------------------------|
| A) Алаша хан кесенесі           | E) Шығыс моншасы        |
| B) Рабиға сұлтан бегім кесенесі | F) Қарахан кесенесі     |
| C) Бабаджа қатын кесенесі       | G) Бәйдібек би кесенесі |
| D) Қожа Ахмет Иасауи кесенесі   | H) Түгіскен кесенесі    |

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Қ. А. Иасауи кесенесінде жерленген тарихи тұлғаларды анықтаңыз:

- |                 |                   |
|-----------------|-------------------|
| A) Кенесары хан | E) Әйтеке би      |
| B) Абылай хан   | F) Қабанбай батыр |
| C) Төле би      | G) Есім хан       |
| D) Қазыбек би   | H) Керей хан      |

## §48. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ПРОЦЕСІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ♦ 6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Қазақ халқы қалыптасуы қандай тарихи кезеңдерден өтті?

### Тірек сөздер

- *Үш сан Алаш мыңы — Алты сан Алаш — Он сан Алаш*
- *“Өзбек-қазақ” атауы*
- *“Қазақ” этнонимі*
- *“Қазақстан” атауы*

### Оқулық

Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы. 174–178 беттер.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 3-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы. 2015.  
История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы. 1993.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра. 1999.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Оқулық, 1-кітап. Алматы. Қазақ университеті. 2016.

Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // избранное. Алматы. 1995.

### **Көрнекілік**

1. Сабақта мұғалім “Қазақ шежіресі” бейнеленген қазақтың гениологиялық таралуын көрсететін кесте — сызбаны экранға шығарады. Осы сызбаны пайдалау барысында мұғалім оқушылардың бұл сызбадағы аңыз деректерді тарихы шындықтан ажыратып алуларына көмектесуге міндетті.

2. Шежіре деректері тарихи әдебиеттердегі қазақ халқының қалыптасу кезеңдеріндегі деректермен салыстырыла қарастырылуы тиіс. Мұндайда З.Сәдібеков, Х.Арғынбаев тәрізді шежірені ғылыми тарихпен байланыстырып жасаған генеологиялық сызба шежірені мұғалім сабақта пайдалануы керек. 3. Мұғалім әрбір тарихи кезеңдегі қазақтың халық ретінде қалыптасуына үлес қосқан тайпалар мен елдердің орналасу карталарын да сабақта пайдалануы керек. Мұның өзі бұл маңызды мәселеде этно-әлеуметтік тарихи сабақтастықты айқындауға көп көмек көрсете алады.

3. Оқулықтағы 187, 188 беттердегі қазақ жауынгерлерінің суреттерін пайдалану керек.

### **Мақсатты айқындау**

Бүгінде мемлекет құрушы халыққа айналған қазақ халқының халық ретінде қалыптасу тарихы аса күрделі тарихи даму кезеңдерінен өткенін, сабақтастыққа негізделген қазақ халқының тарихының тамырлары тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіру.

### **Дамытушылық маңызы**

Сандаған ғасырларға созылған этно-әлеуметтік және этно-саяси өркендеу барысында қалыптасқан қазақтардың бүгінгі Ұлы Дала аймағының байырғы автохтонды тұрғындары екендерін дәлелдеу арқылы бүгінде Қазақстанда өмір сүріп отырған барлық халықтардың қазақтарға деген құрмет сезімін ояту. Мұны оқушыларға ұғындыру. Қазақстан ең алдымен қазақтардың жалғыз тарихи отаны болып табылатыны қазіргі замандағы көрші елдермен қарым-қатынаста әрқашан ескерілуі тиістігін де оқушылар ұғып алулары керек.

**Тәрбиелік маңызы.** Қазақ халқының Ұлы Дала аймағында қалыптасуы аса қиын да күрделі тарихи кезеңдерден өткені және мұның өзі жатжерлік басқыншылардан туған жерді үздіксіз қорғау барысында қалыптасқан тарих екендігі әрқашан да оқушылардың есінде сақталуы керек. Мұның өзі қазіргі тәуелсіздіктің бағасы мен қадырын оқушылардың дұрыс түсініп, патриот болып қалыптасуларына көмектеседі.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім экранда көрсетілген қазақ халқының негізгі қалыптасу кезеңдерін көрсететін жазбаға сүйеніп, оқушыларды тарихи деректермен жұмыс жасауға жұмылдырады. Бұл үшін аталған тарихи кезеңдер санына сәйкес оқушылар да төрт топқа бөлінеді. Алғашқы топ арғытүріктер (прототүріктер) дәуірі

туралы қытай жылнамаларындағы ғұндар, үйсіндер және қаңлылар туралы жазылған деректерді қайталап, естеріне түсіреді және бұл халықтардың өзара ұқсастықтары және ерекшеліктері туралы төмендегі кестені толтырады:

*Ғұндар, Үйсіндер және Қаңлылар*

Әдет-ғұрыптарындағы, шаруашылықтарындағы және рухани өмірлеріндегі ұқсастықтар:	Әдет-ғұрыптарындағы, шаруашылықтарындағы және рухани өмірлеріндегі ерекшеліктер:

*Оқушылардың екінші тобы тарихи деректерге және ұсынылған әдебиеттерге сүйене отырып, “түркілік кезең” деп аталатын тарихи кезеңдегі түркі тайпаларының және олардың мемлекеттерінің аттарын кестеде көрсетеді:*

*Түркілер және олардың қағанаттары*

Түркі тайпаларының аттары:	Түркітілдестердің қағанаттары:

Оқушылардың келесі тобы “арғы қазақтар (протоқазақтар)” кезеңіне тайпалар мен олардың мемлекеттерін анықтайды:

“Арғы қазақтар (протоқазақтар)” және олардың мемлекеттері

арғы қазақтар: тайпалар мен рулар	олардың хандықтары

Оқушылардың төртінші тобы Алаш деген тарихи тұлға туралы деректерді пайдаланып, мұғалімнің көмегімен Алаш қауымын құраған алғашқы тайпалар туралы қысқаша сипаттама тезистер жазады.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

**Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

**Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады: 1. Арғытүріктер (прототүріктер) дәуірі дегеніміз не? 2. Қазақ тарихын оқытуда түркілік кезең деп аталатын тарихи кезеңге неліктен ерекше мән беріледі? 3. Қазақ тарихын оқытуда “арғы қазақтар (протоқазақтар)” деген атау неліктен қолданылады? 4. Мемлекет құрушы қазақ халқының тарихын оқытуда Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңі деп аталатын тарихи кезеңді нақтылап оқыту неліктен аса маңызды.

5. “Көшпелі өзбектер” деген Ұлы Даладағы халықтардың жалпылама атауымен аталып кеткен Алаш қауымына кірген тайпалар неліктен қазақ аталып кетті?

## Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

*1-кезең* — арғытүріктер (прототүріктер) дәуірінің қазақ халқының қалыптасуы үшін маңызын анықтау; Бұл б.з.д. II мыңжылдықтан VI ғасырдың ортасына дейінгі уақыт;

*2-кезең* — түркілік кезеңнің (түрік Дулулардың, Телелер одағының, Сіренда бірлестігінің және қағанаттар құрылымындағы рулық-тайпалық бірлестіктердің өмір сүрген уақыты) қазақтардың арғы бабаларын айқындаудағы рөлін түсіну. Бұл VI ғасырдың орта шенінен IX ғасырдың орталарына дейінгі тарихи кезеңдерге қатысты.

*3-кезең* — арғы қазақтар (протоқазақтар) кезеңіндегі (Қыпшақ, Найман, Дулат, Алшын, Керей, Қаңлы, Қоңырат, Жалайыр, Арғу, және т.б. тарихи этнонимдердің елге кеңінен танылуы) қазақты құрайтын рулар мен тайпалардың этникалық негіздері қалай қалыптаса бастағанын білу. Бұл IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейінгі тарихи кезеңнің мәселелері болып табылады.

*4-кезең* — Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңін (Түргеш Алаш шор ұлысы — Үш сан Алаш мыңы — Алты сан Алаш — Он сан Алаш) анықтау — XIII ғасырдың орталарынан XV ғасырдың соңына дейінгі уақыт.

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс. Оқулықтағы қазақ халқының қалыптасу кезеңдері туралы айтылғандарды мұғалім оқушыларға түсіндіріп, нақты тапсырмалар береді.

2. Оқулықта көрсетілген қазақ халқының қалыптасуының төмендегідей кезеңдерін оқушылар картада бейнелеулері керек: 1. Арғытүріктер (прототүріктер) дәуіріндегі тайпалық одақтарды картада бейнелеу. Бұл жерде мұғалім оқушылардың өткен оқу жылындағы 5-сыныптағы тарих пәнінен алған білімдерін естеріне түсіріп, картаға байырғы сақтардың, сарматтардың, ежелгі ғұндардың, үйсіндердің және қаңлылардың Ұлы Даладағы орналасу аймақтарын сызып көрсетулерін талап етеді. 3. Түркілік кезеңді картада көрсету. Мұнда оқушылар Теле тайпалық одағының, Сіренда тайпалық

бірлестігінің, Түргештерді құраған бес түрік дұлулардың, бес нүшебилердің, олардан кейін билікке келген қарлұқтардың, оғыздардың Ұлы дала төсіндегі тарихи отандарын картада сызып, анықтайды. 3. Арғы қазақтар (протоқазақтар) кезеңіндегі Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңі Қыпшақ, Найман, Дулат, Алшын, Керей, Қаңлы, Қоңырат, Жалайыр, Арғу, және т.б. кейініректегі қазақ халқын құраған тарихи этнонимдердің тарих сахнасына шығу кезеңі екендігі оқушыларға тағы да түсіндірген мұғалім, осы тайпалардың Ұлы Даладағы мекендерін картаға түсіруді оқушыларға тапсырады.

#### **§49. БІРТҮТАС ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ: КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК ХАНДАР**

##### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау;
- ◆ 6.2.3.4 М.Дулатидің “Тарихи-Рашиди” еңбегінің маңыздылығын түсіндіру.

##### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?

##### **Оқулық**

Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы: Керей мен Жәнібек хандар. 180–184 беттер.

##### **Тірек сөздер**

- Қазақ хандығы
- Керей мен Жәнібек
- Әбілқайыр
- Мұхаммед Хайдар Дулати
- “Тарихи Рашиди”

##### **Бұл сабақта**

- Қазақ хандығының құрылу себептерін анықтаймыз.
- Керей ханның Қазақ хандығын құруға байланысты күрделі саяси-ұйымдастырушылық қызметімен танысамыз.
- Көшпелі Өзбек ұлысы мен Қазақ хандығын қарым-қатынастарын анықтаймыз.
- Қазақ хандығының тарихын оқып-үйренудегі Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты тарихи-өмірбаяндық шығармасының маңызын айқындаймыз.

##### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2- том. Алматы. Атамұра.2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы. 2015.  
Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Алматы. 2015.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк)  
Алматы.1993.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра. 1999.

Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его  
успехи // избранное. Алматы.1995.

### **Көрнекілік**

1. "Ұлы көш" атты картина; 2. М.Х.Дулатидің суреті; Жәнібек пен Керей хандардың портреттері (оқулықтағы 193, 194, 195 беттердегі суреттер); 3. Қазақ хандығының алғашқы кезеңдегі аумағын бейнелейтін карта; 4. Қазақфильмнің "Алмас қылыш" атты картинасынан үзінділер көру.

### **Мақсатты айқындау**

Қазақтың алғашқы ханы Керейдің батыл да табанды ұйымдастырушылық қызметін ашу арқылы бүгінде мемлекет құрушы халыққа айналған қазақ халқының халық ретінде қалыптасу тарихы аса күрделі тарихи даму кезеңдерінен өткенін, сабақтастыққа негізделген қазақ халқының тарихының тамырлары тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіру.

### **Дамытушылық маңызы**

Сандаған ғасырларға созылған этно-әлеуметтік және этно-саяси өркендеу барысында қалыптасқан қазақтардың бүгінгі Ұлы Дала аймағының байырғы автохтонды тұрғындары екендерін дәлелдеу арқылы бүгінде Қазақстанда өмір сүріп отырған барлық халықтардың қазақтарға деген құрмет сезімін ояту. Мұны оқушыларға ұғындыру. Қазақстан ең алдымен қазақтардың жалғыз тарихи отаны болып табылатыны қазіргі замандағы көрші елдермен қарым-қатынаста әрқашан ескерілуі тиістігін де оқушылар ұғып алулары керек.

### **Тәрбиелік маңызы**

Қазақтың алғашқы ханы Керейдің халық мүддесіне адал берік ұстанымын сипаттап оқушыларға үлгі ету керек, қазақ халқының осындай тарихи тұлғаның басшылығымен Ұлы Дала аймағында қалыптасуы аса қиын да күрделі тарихи кезеңдерден өткені және мұның өзі жатжерлік басқыншылардан туған жерді үздіксіз қорғау барысында қалыптасқан тарих екендігі әрқашан да оқушылардың есінде сақталуы керек. Мұның өзі қазіргі тәуелсіздіктің бағасы мен қадірін оқушылардың дұрыс түсініп, патриот болып қалыптасуларына көмектеседі.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Керей Ақ Орданың тағына және біраз уақыт Алтын Орданың да тағына отырған Орыс ханның шөбересі. Ол Орыс ханның баласы Тоқтақиядан туған Болаттың жалғыз ұлы болып табылады. Орыс хан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның үлкені Орда Еженнен тараған хандар әулетін жалғастырушы.

2. Қазақтың алғашқы ханы неліктен Жәнібек емес, Керей болды?

3. Керей тағына отырған хандық неліктен Алаш хандығы деп аталмай, Қазақ хандығы аталып кетті?

4. Қазақтың алғашқы ханы Керейдің үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Олардың ішінде Бұрындық хан ғана өке жолын жалғастырып, Қазақ хандығын Жәнібектен соң көп жыл басқарып, хандықтың дербес мемлекет болып қалыптасуына көп еңбек сіңірді.

5. Қазақ хандығының нығаюында Бұрындық ханның еңбегі зор.

6. Бұрындық ханнан соң хандықтың тағы түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына көшу себебі неліктен?

## **Сабақтың деректік материалдары**

1. Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” атты шығармасынан Керей ханға қатысты және оның баласы Бұрындық хан туралы үзінділер оқу.

2. Жазушы І. Есенберлиннің “Көшпенділер” атты шығармасынан осы мәселелер туралы үзінділер оқу.

Мәселені айқындауда оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды: алғашқы топ Керей ханның көшпелі Өзбек ұлысындағы Әбілқайыр ханға қарсы бағытын ұстанады; ал екінші топ Керейдің ұлы Бұрындық ханды қолдайтындардың көзқарасын ұстанады. Осылайша, Қазақ хандығын қалыптастыруға осы тұлғалардың қосқан зор үлестері анықталады. Өр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Оқытушы “қазақ” атауының шығуы мен түп-төркіні, мәні мен мағынасы жөніндегі пікірлерді тұжырымдайтын төмендегідей әдебиеттерден оқушыларға үзінділер оқып пікір білдіруді ұсынады:

1. Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” атты шығармасынан “қазақ” атауына байланысты айтылған үзіндіні оқу;

2. Жазушы І. Есенберлиннің “Көшпенділер” атты шығармасынан үзінділер оқу.

Мәселені айқындауда оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды: алғашқы топ көшпелі Өзбек ұлысындағы Әбілқайыр ханды жақтайтындардың бағытын ұстанады; ал екінші топ Жәнібек пен Керейді қолдайтындардың көзқарасын ұстанады. Өзара айтыста осы екі топ шындық кімнің жағында? деген сауалға жауап іздейді.

## Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Өзбек ұлысынан бөліне көшкен Алаш қауымы алғаш көрші елдер тарапынан “өзбек-қазақтар” аталды;

2. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап “қазақ” атауы этникалық мәнде, яғни халықтың аты ретінде айтылатын болды.

3. Қазақ хандығының нығаюына байланысты Ұлы Далада мемлекет құрушы Қазақ елі Қазақстан деген атпен әлемге әйгілі болды.

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушының аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Қосымша тапсырма

1. Қазақ хандығының құрылуына қандай этно-саяси алғышарттар ықпал жасады? Мұндағы Керейдің рөлі қандай?

2. Жәнібек пен Керей неліктен бұрынғы аталары құрған Ақ Орда мемлекетінің орнына мүлде жаңа мемлекет – Қазақ хандығын құруды қолға алды?

3. Көшпелі Өзбек ұлысының ханы Әбілқайыр неге Қазақ хандығына жаулық бағыт ұстанды?

4. Қазақ хандығының алғашқы аймағын, Моғолстан мен көшпелі өзбектер мемлекеттерінің орналасу аймақтарын картаға түсіріңдер.

5. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты тарихи-өмірбаяндық шығармасынан алғашқы қазақ хандары туралы үзіндіні тауып, оқып шығып, оған пікірлеріңді білдіріңдер.

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ XVI — XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДАМУЫ.

### §50. ҚАСЫМ ХАН

#### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;
- ◆ 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау.



## **Зерттеу сұрағы**

Не себепті Қ. Жалайыр: “Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді...” деп жазды?

## **Оқулық**

Қасым хан. 186–189 беттер.

## **Тірек сөздер**

- Қасым
- Бұрындық
- Мұхаммед Шайбани
- Ұлытау
- “Қасым ханның қасқа жолы”

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы. 2015.

Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Алматы. 2015.

Назарбаев Н.Ө. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра. 1999.

Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // избранное. Алматы. 1995.

## **Көрнекілік**

1. “Ұлы көш” атты картина;
2. Қадырғали Жалайырдың суреті;
3. Қасым ханның портреті оқулықтың 199 беті;
4. Қазақ хандығының Қасым хан тұсындағы аумағын бейнелейтін карта (оқулықтың 198 беті);
6. Қазақфильмнің “Алмас қылыш” атты картинасынан үзінділер көру.

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабақтың деректік материалдары**

1. Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” атты еңбегіндегі Қасым хан туралы мәліметтер.

2. Қадырғали Жалайырдың “Жылнамалар жинағындағы” Қасым ханға берілген баға.

4. Энциклопедиялық жинақтардағы Қасым ханның өмірбаяны.

5. Интернеттегі Қасым ханға қатысты мәліметтер. Деректер негізінде оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды: бірінші топтың мақсаты Қасым ханның бейнесін ашатын Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” атты еңбегіндегі Қасым хан мен моғол Сайд ханның қарым-қатынасына байланысты

айтылғандарды басшылыққа алу: яғни оқушылардың бірі Қасым ханды бейнелесе, ал екіншісі Сайд ханның бейнесіне еніп, үшіншісі- Мұхаммед Хайдар Дулатидің кейпіне еніп, осы екі ханға байланысты пікір білдіруші болады; оқушылардың екінші тобы жазушы Ілияс Есенберлиннің “Алмас қылыш” романындағы Қасым хан образына енсе, ал екіншісі-Мұхаммед Шайбани болып өзара пікір таластырады. Мұндай диалогтар оқытушының көмегімен сыныптағы оқушыларды мынадай қорытындыға алып келуі керек. Қасым хан өзінің ішкі және сыртқы саясатында қашанда халық мүддесін алғашқы орынға қойып, біртұтас Қазақ елін қалыптастыру жолында жанамай күрескен ұлы тұлға!

### **Мақсатты айқындау**

Қасым ханның батыл да табанды ұйымдастырушылық қызметін ашу арқылы бүгінде мемлекет құрушы халыққа айналған қазақ халқының халық ретінде қалыптасу тарихы аса күрделі тарихи даму кезеңдерінен өткенін, сабақтастыққа негізделген қазақ халқының тарихының тамырлары тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіру.

### **Дамытушылық маңызы**

Қазақтың дербес ел болуында Қасым хан қалыптастырған Қазақ хандығының территориясының этно-тарихи негіз болып табылатынын, ең бастысы бүгінгі Қазақстан бір кездері Қасым ханның басшылығымен қазақтар мемлекет құрған аймақтың тікелей мұрагері болып табылатынын оқушыларға түсіндіру арқылы олардың Қасым ханға деген ерекше құрмет сезімін ояту.

### **Тәрбиелік маңызы**

Қазақтың Қасым ханының халық және мемлекет мүддесіне адал берік ұстанымын сипаттап оқушыларға үлгі ету керек, қазақ халқының осындай тарихи тұлғаның басшылығымен Ұлы Дала аймағында қалыптасуы аса қиын да күрделі тарихи кезеңдерден өткені және мұның өзі жатжерлік басқыншылардан туған жерді үздіксіз қорғау барысында қалыптасқан тарих екендігі әрқашан да оқушылардың есінде сақталуы керек. Оқушылар сонда ғана қазіргі тәуелсіздіктің бағасы мен қадірін түсініп, ел үшін, мемлекет үшін белсенді қызмет жасайтын азамат болып қалыптаса алады.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Мұхаммед Хайдар Дулати Қасым ханды Шыңғыс тұқымдарының ішіндегі Жошы ханнан кейінгі мықты хан ретінде бағалады.

2. Қ. Жалайыр: “Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді...” деп жазды?

3. Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани бастаған Өзбек ұлысы қасым хан басқарған Қазақ хандығының басты жауы болды.

3. Қасым хан билік жасаған тұстағы Қазақ хандығының аймағы қазіргі Қазақстан аймағына шамалас келеді.

4. “Қасым ханның қасқа жолы” аталған реформа бір орталыққа бағынатын мемлекеттік жүйені қалыптастырды.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Қасым ханның шығу тегін анықтаймыз.
2. Қасым хан билік жасаған тұстағы Қазақ хандығының аймағын білеміз.
3. “Қасым ханның қасқа жолы” аталған реформаның мән-мағынасын түсінеміз.

### **Қосымша тапсырма**

1. Шыңғыс тұқымдарының ататек шежіресіне талдау жасап, Қасым ханның бабаларын анықта.
2. Өбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани бастаған Өзбек ұлысының орналасқан аймағын анықтап, Мұхаммед Шайбанидің Қазақ хандығы аймағына жасаған жорықтарын картаға түсір.
3. Қасым хан билік жасаған тұстағы Қазақ хандығының аймағын картада белгіле.
4. “Қасым ханның қасқа жолы” аталған реформаның мәнін түсіндір.

## **§51. ХАҚНАЗАР (АҚНАЗАР) ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ “ҚАЙТА ӨРЛЕУІ”**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.10 Қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;
- ◆ 6.3.2.6 Қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау;

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының “Қайта өрлеуі” деп атайды?

### **Оқулық**

Хақназар (Ақназар) хан және Қазақ хандығының “қайта өрлеуі”. 190–192 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Хақназар (Ақназар) хан
- Қожа Ахмет хан
- Мамаш хан
- Бұйдаш хан
- Ноғай Ордасы
- Шейх Мамай
- “Қайта өрлеу”

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2- том. Алматы. Атамұра. 2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары:Қазақ хандары. Алматы 2015.  
Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Алматы. 2015.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра. 1999.

Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // избранное. Алматы.1995.

## **Көрнекілік**

1. “Ұлы көш” атты картина;
2. Хақназар (Ақназар) ханның суреті (оқулықтың 203 беті)
3. Ноғай Ордасының орналасу аймағы бейнеленген карта
4. Қазақ хандығының Хақназар (Ақназар) ханның тұсындағы аумағын бейнелейтін карта

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Көрсетілген кітаптардағы және энциклопедиялық сөздіктер мен интернеттегі Қасым ханнан кейінгі қазақ хандарының және Хақназардың мемлекеттік қызметіне байланысты мәліметтерді пайдалана отырып, оқытушы оқушылардың нақты деректермен жұмыс жасауларын қадағалайды. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ Қасымханның мемлекеттік қызметін сипаттап, тезистер жасайды; екінші топ Қасым хан мен Хақназар хандардың аралығында ел билеген хандардың қызметтеріне тезистер түрінде сипаттамалар жасайды; үшінші топ Хақназар ханның қызметін тезистер арқылы қысқаша көрсетеді. Мұның өзі аталмыш кезеңдегі қазақ тарихының күрделі кезеңдерінен оқушыларды нақты хабардар етеді, және Қасым хан мен Хақназар ханның ұйымдастырушылық-әскери қызметін басқа хандардан ерекшелендіріп, аса маңызды етеді.

## **Мақсатты айқындау**

Өз Жәнібектің ұрпақтарының, Қасым ханнан кейін ел билеген Мамаш хан (Қасым ханның үлкен ұлы), Тахир хан (Өдік сұлтанның үлкен ұлы, Өз Жәнібектің немересі), Қожа Ахмет хан (Қасым ханның кіші ұлы), Бұйдаш хан (Тахир ханның інісі), Хақназар хан (Қасым ханның ұлы) тәрізді тұлғалардың ұйымдастырушылық қызметін ашу арқылы бүгінде мемлекет құрушы халыққа айналған қазақ халқының халық ретінде қалыптасу тарихы аса күрделі тарихи даму кезеңдерінен өткенін, сабақтастыққа негізделген қазақ халқының тарихының тамырлары тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіру арқылы қазақ хандарына деген оқушылардың құрмет сезімін ояту.

## **Дамытушылық маңызы**

Қазақтардың бүгінгі Ұлы Дала аймағының тәуелсіз ұлттық мемлекетін құрудағы Өз Жәнібектің өзінің және оның ұрпақтарының, Қасым ханнан кейін ел билеген Мамаш хан (Қасым ханның үлкен ұлы), Тахир хан (Өдік сұлтанның үлкен ұлы, Өз Жәнібектің немересі), Қожа Ахмет хан (Қасым ханның кіші ұлы), Бұйдаш хан (Тахир ханның інісі), Хақназар хан (Қасым ханның ұлы) тәрізді тұлғалардың, яғни одан кейінгі қазақ хандарының еңбегін бағалай отырып, бүгінгі Қазақстанның ең алдымен Қазақ хандығының этно-саяси мұрагері болып табылатындығына, яғни қазақ мемлекеттілігінің бірнеше ғасырлық күрделі тарихы бар екендігіне оқушылардың көздерін жеткізу.

## **Тәрбиелік маңызы**

Алғаш қазақ хандарының дәстүрлі ата жолын жалғастырған Қасым ханнан кейін ел билеген Мамаш хан (Қасым ханның үлкен ұлы), Тахир хан (Өдік сұлтанның үлкен ұлы, Өз Жәнібектің немересі), Қожа Ахмет хан (Қасым ханның кіші ұлы), Бұйдаш хан (Тахир ханның інісі) тәрізді тұлғалардың мемлекеттік мүддеге адал, жанқиярлық еңбегін оқушыларға үлгі ретінде ұсыну керек. Бұл оқушыларды мемлекетшіл етіп тәрбиелейді. Ұлы Дала аймағының олар билеген тұстағы өткені және олардың жатжерлік басқыншылардан туған жерді үздіксіз қорғаудағы ерлік істері оқушылардың есінде сақталуы керек. Қазіргі Қазақстан қол жеткізген тәуелсіздіктің қымбатқа түскенін қазақ хандарының азапты да ауыр қызметі арқылы түсінген оқушы мемлекеттік мүддеге адал болуға ұмтылады. Осындайда мұғалім мынаны ұмытпауы тиіс: әсіресе, Хақназар ханның өзінің аталары Керей мен Жәнібек құрған және әкесі Қасым хан іргесін нығайтқан мемлекетті қалпына келтіруді көздеген азаматтық ұстанымы мен осы бағыттағы тиянақтылығы оқушыларға үлгі ретінде ұсынылуы тиіс.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Қазақ хандығын Қасым ханнан кейін билеген Мамаш хан (Қасым ханның үлкен ұлы), Тахир хан (Өдік сұлтанның үлкен ұлы, Өз Жәнібектің немересі), Қожа Ахмет хан (Қасым ханның кіші ұлы), Бұйдаш хан (Тахир ханның інісі) Қазақ хандығын әлсіретіп алды.

2. Келесі қазақ ханы Хақназар (Қасым ханның кіші ұлы) қазаққа да ноғайға да жақын тұлғаға айналды. Ноғайлар оны Хақназар сұлтан десе, қазақтар Хақназар хан дейтін.

3. Хақназардың билігі тұында Қазақ хандығы шығыста Ертіс бойынан батыстағы Ембіге дейін, ал оңтүстікте Сыр бойынан солтүстіктегі башқұрттар аймағына дейін созылып жатты. Бұл шын мәнінде Қасым хан тұсындағы бір орталыққа бағынған қазақтардың мықты мемлекетін қалпына келтіру еді. Сондықтан да Хақназардың Қазақ хандығын билеген кезеңі тарихта “қайта өрлеу” деген атпен белгілі.

4. Хақназар ханның бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын қалыптастыру саясатының маңызы зор. Мемлекет құрушы қазақ халқы енді Ұлы Дала

аймағын дара билейтін, бірден-бір үстем елге айналды. Ал бұл болашақ Қазақ елінің мемлекеттігін орнықтырудағы маңызды қадам болды.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

Ноғай Ордасының және оған көрші Қазақ хандығының Хақназар тұсындағы қарым-қатынастарындағы ерекшеліктерді білеміз;

Хақназардың Қазақ хандығын билеушіге қалай айналғанын анықтаймыз;

Хақназардың Қазақ хандығын билеген кезеңінің тарихта “қайта өрлеу” деген атпен белгілі болғанын білеміз.

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

### **Қосымша тапсырма**

1.Ноғай Ордасының және оған көрші Қазақ хандығының Хақназар тұсындағы орналасқан аймағын картаға түсіріп, олардың қарым-қатынастарын сипатта.

2.Хақназардың ататегін шежірелік деректер негізінде анықта.

3.Оның қазақ хандығы тағына келген жолын тарихи оқиғалармен тығыз байланыста сипатта.

4.Хақназар өке жолын жалғастырды дегенді қалай түсіндіресің.

5.Хақназардың Қазақ хандығын билеген кезеңі тарихта неліктен “қайта өрлеу” деген атпен белгілі болды?

## **§52. ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІН БІРІКТІРУ САЯСАТЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;
- ◆ 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау 6.1.1.4 “қазақ” этнонимінің мағынасын түсіндіру.

### **Зерттеу сұрағы**

Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?

## **Оқулық**

Тәуекел ханның қазақ жерлерін біріктіру саясаты. 193–195 беттер.

## **Тірек сөздер**

- Шығай хан
- Тәуекел хан
- Нахшбендийя софылары

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы. Атамұра. 2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы 2015.

Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Алматы. 2015.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра. 1999.

Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // избранное. Алматы.1995.

## **Көрнекілік**

1. “Ұлы көш” атты картина.
2. Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның суреті (оқулықтың 207 беті).
3. Қазақ хандарының генеалогиясын көрсететін сызба-кесте.
4. Қазақ хандығына Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның тұсында қосылған аймақты бейнелейтін карта.

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Көрсетілген кітаптардағы және энциклопедиялық сөздіктер мен ғаламтордағы Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның мемлекеттік қызметіне байланысты мәліметтерді пайдалана отырып, оқытушы оқушылардың нақты деректермен жұмыс жасауларын қадағалайды. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ Тәуекел ханның ататегін хандар шежіресіне сүйеніп анықтап, оны арнайы сызба түрінде көрсетеді. Екінші топ Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның Бұқара және Ташкент аймағындағы билеушілермен қарым-қатынастарын сипаттап қысқаша шығарма жазды. Үшінші топ Тәуекел ханның оңтүстік аймақтардағы қазақ жерлерін Қазақ хандығына біріктіру әрекетін картаны пайдаланып көрсетеді. Мұнда оқушылар ханның Самарқандқа бағытталған жорықтарын картаға түсірулері керек. Осындай жұмыстар оқушыларды Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның бүкіл қазақ даласын біртұтас мемлекетке біріктіруді көздеген аса маңызды және жанқиярлық қызметін жоғары бағалауға үйретеді.

Әр топ өз тапсырмалары бойынша постер жасап, оны қорғау.



## **Мақсатты айқындау**

Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның бүкіл қазақ даласын біртұтас мемлекетке біріктіруді көздеген ауыр да қанды әскери жорықтары, мемлекеттік өрі әскери-қолбасшылық, ұйымдастырушылық қызметін ашу арқылы бүгінде ұлан-ғайыр кең аймақты мекен етіп отырған тәуелсіз ел — Қазақстанның жерін сақтап және қорғап қалудың аса ауыр болғанын және мұның өзі күрделі тарихи даму кезеңдерінен өткенін, сабақтастыққа негізделген қазақ халқының тарихының тамырлары Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) хан тәрізді тұлғалардың мемлекет пен қазақ халқының мүддесін бөрінен жоғары қойған отаншылдығымен тығыз байланыстылығын оқушылар жақсы түсінулері тиіс. Ал бұл Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) ханның қазақ тарихындағы маңызды ролін айқын ұғуға көмектеседі.

## **Дамытушылық маңызы**

Бүгінгі Ұлы Дала аймағындағы Қазақстан тәрізді тәуелсіз ұлттық мемлекетті қалыптастыруда Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) хан тәрізді тұлғалардың отан және ел алдындағы жанқиярлық еңбегін бағалай отырып, бүгінгі Қазақстанның ең алдымен Қазақ хандығының этно-саяси мұрагері болып табылатындығына, яғни қазақ мемлекеттілігі бірнеше ғасырлық күрделі тарихты бастан өткізгендігіне оқушылардың көздерін жеткізу.

**Тәрбиелік маңызы.** Сабақты оқыту барысында Тәуекел (Тәуекел-Мұхаммед Бахадүр) хан тәрізді тұлғалардың мемлекеттік мүддеге адал, жанқиярлық еңбегін оқушыларға үлгі ретінде ұсыну керек. Бұл оқушыларды отаншыл етіп тәрбиелейді.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Қысқа мерзімде Тәуекел батыстағы ноғайлармен (қарақалпақтармен) ынтымақтастықты жөндеді олардың Ұлытау аймағына дейін көшіп жүрулеріне рұқсат берді. Оның үстіне оларға өз адамын билеуші етіп бекітті. Шығыстағы қазақтармен көрші болып, көшіп-қонып жүрген қалмақтармен де, біраз ұрыс-керістен соң, келісім жасап, оларға да өз бауыры Шахмұхаммедті билеуші етіп тағайындады.

2. Тәуекел хан берекесі кеткен Мәуереннахрды жеделдете басып алу үшін інісі Есім сұлтанмен бірге 120 қазақ сұлтандары басқарған қалың қолмен алғаш Түркістан аймағын бағындырып, онан ары Ташкент арқылы Самарқандқа аттанды.

3. Самарқандта 20 мың әскермен інісі Есім сұлтанды қалдырған Тәуекел 70 мың қолмен Бұқараны бағындыруға аттанды. Алайда Бұқара түбіндегі шайқаста қолды өзі бастаған ол, андаусызды ауыр жараланып, әскерімен Ташкентке шегінуге мәжбүр болды. Осында ол қайтыс болады.

4. Тәуекел ханның қазақ жерін бір орталыққа біріктіру жолындағы қажырлы қызметін оның туған інісі Есім хан жалғастырды. Ал бұл болашақ Қазақ елінің мемлекеттігін орнықтырудағы маңызды қадам болды.



## Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

Тәуекел ханның ататегін, өскен ортасын анықтаймыз;

Тәуекелдің Бұқара және Ташкент аймағындағы билеушілермен қарым-қатынастарының ерекшеліктерін білеміз.

Тәуекел ханның қазақ жерін бір орталыққа біріктіру жолындағы қызметінің маңыздылығын түсінеміз.

## Кері байланыс

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушы-ның аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ, 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

## Қосымша тапсырма:

1.Тәуекел ханның ататегін хандар шежіресіне сүйеніп анықта.

2.Тәуекелдің Бұқара және Ташкент аймағындағы билеушілермен қарым-қатынастарын сипатта және осы көрші хандықтар аймақтарын картаға түсір.

3.Тәуекел ханның қазақ жерін бір орталыққа біріктіру жолындағы қызметінің басқа қазақ хандарынан ерекшеліктері неде екенін анықта.

## §53. ЕСІМ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БІРТҮТАСТЫҒЫН САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;
- ◆ 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау.

### Зерттеу сұрағы

Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?

### Тірек сөздер

- Шығай хан
- Есімнің хан
- Тұрсын-Мұхаммед хан
- “Күлтөбенің басында күнде жиын”
- “Есім ханның ескі жолы”

## **Оқулық**

Есім ханның Қазақ хандығының біртұтастығын сақтау жолындағы күресі. 196–199 беттер.

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2-том. Алматы:Атамұра,2010.

Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы, 2015.  
Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Алматы. 2015.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра. 1999.

Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // избранное. Алматы. 1995.

## **Көрнекілік**

1. “Ұлы көш” атты картина.
2. Еңсегей бойлы ер Есім(Еш Мұхаммед) ханның суреті (оқулықтың 209 беті).
3. Қазақ хандарының генеологиясын көрсететін сызба-кесте.
- 7.Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханның тұсындағы Қазақ хандығының аумағын бейнелейтін карта.

## **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Ресурста көрсетілген кітаптардағы және энциклопедиялық сөздіктер мен интернеттегі Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханның мемлекеттік қызметіне байланысты мәліметтерді пайдалана отырып, оқытушы оқушылардың нақты деректермен жұмыс жасауларын қадағалайды. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ Есім (Еш Мұхаммед) ханның ататегін хандар шежіресіне сүйеніп анықтап, оны арнайы сызба түрінде көрсетеді. Екінші топ Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханның Ташкентті билеген Тұрсын ханмен, Бұқара және Ташкент аймағындағы билеушілермен қарым-қатынастарын сипаттап қысқаша шығарма жазады. Үшінші топ Есім ханның “Есім ханның ескі жолы” реформасының мәнін және оның қазақ жерлерін Қазақ хандығына біріктірудегі маңызын айқындайтын қысқаша тезистер жасайды. Өрекетін оның әскери жорық бағыттары бейнеленген карта арқылы көрсетеді. Осындай жұмыстар оқушылардың Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханды қазақ мемлекетінің ірі саяси қайраткері ретінде қабылдауға бейімдейді.

## **Мақсатты айқындау**

Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханның қазақ даласын аймақтық тұрғыдан кеңейтуді және біртұтас мемлекетке біріктіруді көздеген ауыр да қанды әскери жорықтарын сипаттау, мемлекеттік әрі әскери-қолбасшылық,

ұйымдастырушылық қызметін ашу арқылы бүгінде ұлан-ғайыр кең аймақты мекен етіп отырған тәуелсіз ел — Қазақстанның жерін сақтап және қорғап қалудың аса ауыр болғанын, және мұның өзі күрделі тарихи даму кезеңдерінен өткенін, сабақтастыққа негізделген қазақ халқының тарихының Есім (Еш Мұхаммед) хан тәрізді тұлғалардың мемлекет пен қазақ халқының мүддесін бәрінен жоғары қойған отаншылдығымен тығыз байланыстылығын оқушылар сабақты оқыту барысында жақсы ұғынулары керек.

### **Дамытушылық маңызы.**

Бүгінгі Ұлы Дала аймағындағы Қазақстан тәрізді тәуелсіз ұлттық мемлекетті қалыптастырудағы Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханның отан және ел алдындағы жанқиярлық еңбегін бағалай отырып, бүгінгі Қазақстанның ең алдымен Қазақ хандығының этно-саяси мұрагері болып табылатындығына, яғни қазақ мемлекеттілігінің күрделі тарихты бастан өткізгендігіне оқушылардың көздерін жеткізу.

**Тәрбиелік маңызы.** Мұғалім қазақтың көрнекті ханы Еңсегей бойлы ер Есімнің мемлекеттік мүддеге адал, жанқиярлық қызметін оқушыларға үлгі ретінде ұсынуы керек. Бұл оқушыларды мемлекетшіл етіп тәрбиелейді. Қазіргі Қазақстан қол жеткізген тәуелсіздіктің қымбатқа түскенін Еңсегей бойлы ер Есім (Еш Мұхаммед) ханның ханның қиыншылықтар мен кедергілерге толы, зор ұйымдастырушылық қызметі айқын көрсете алады. Бұл оқушылардың мемлекеттік мүддеге берілген азамат болып қалыптасуларына көмектесе алады.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. 1598 жылы күзде ағасы Тәуекел хан өлген соң Қазақ хандығының тағына Есім отырды. Ол Тәуекел екеуі Шығай ханның екінші әйелі Жақсым бикемнен туған еді. Ал Шығайдың әкесі атақты Өз-Жәнібектің тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтан болатын.

2. Есімнің қазаққа хан болуы Сібір арқылы Еділдің бойына ығысқан қалмақтардың орыс бодандығын қабылдап, 1599 қазақ жеріне жортуылдар ұйымдастыруымен сәйкес келді.

3. Осындайда Есімнің басты мақсаты қайда жүрсе де ата-баба жолын жалғастырып, елін жаудан қорғап, біртұтас Қазақ хандығын қалпына келтіру болды.

4. Есім ханның басшылығымен жасалған “ескі жол” реформасы бойынша батыс пен шығыстан қалмақтар анталаған қазақ даласын үш жүзге бөліп басқару жүйесі енгізілді. Бұл Тәуекел, Ақназар хандар тұсында басталған таққа таласу әрекетін жау жағадан алғанда тоқтату және қазақтың кең даласын жергілікті рулар мен тайпаларды тығыз топтастырып қорғап қалу үшін амалсыздан жасалған саяси-әлеуметтік шара еді. Сонымен қатар “Есім ханның ескі жолы” қалмақтардың оқтын-оқтын Жетісу аймағын жаулауларына және батыста Ноғай Ордасының күйреп, кезінде оған қараған көптеген алшын

руларының қазақтар қол астына өтуіне, қарақалпақтардың ноғайлардан бөлініп шығуларына байланысты Қазақ хандығын билер арқылы басқаруды реттеуді көздеді.

5. “Есім ханның ескі жолы” деп аталатын реформаны жүзеге асыру жолдарын талқылаған Күлтөбе басында жиында қазақ тайпалары енді жауға шапқанда өздерінің батырларының есімдерімен қатар, Алаш бабаның қасиетті есімін қазақ атанғандардың ортақ ұранына айналдыратын болып келісті.

6. Есім хан сонымен бірге қазаққа ортақ астананы да белгілеп, өзі ұзақ жылдар тұрақтаған Түркістанды рухани тұрғыдан ғана емес, саяси тұрғыдан да астана етіп белгілеп кетті.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

■ Қазақ хандарының ататек шежіресін пайдаланып, Есім ханның шығу тегін айқындаймыз.

■ Есім ханның билікке қалай келгенін және Есім ханның ел басқарған кезеңінің неліктен “Қазақ хандығының өрлеу кезеңі” деп аталатынын анықтаймыз.

■ саяси билік үшін күресте Есімханның Тұрсын ханмен күрделі қарым-қатынастарының қалыптасу себептерін білеміз.

■ хандық билік үшін күресте Есім ханның Тұрсын ханнан басым түсу себептерін анықтаймыз.

■ “Есім ханның ескі жолының” мән-мағынасын және қазақ қоғамы үшін маңыздылығын түсінеміз.

### **Кері байланыс**

Сабақ қызықты болды ма?

Нені түсінбей қалдың?

Менің сабаққа байланысты пікірім.

Оқушының аты-жөні	Оқушының өз-өзіне қойған бағасы	Топ басшысының бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауап беруі	Жиынтық баға

0 – мүлдем қатысқан жоқ. 1 – орташа қатысты. 2- жақсы қатысты. 3- өте жақсы қатысты.

### **Қосымша тапсырма**

1. Қазақ хандарының ататек шежіресін пайдаланып, Есімханның Шыңғыс ханнан бері қарайғы бабаларын таратындар.

2. Саяси билік үшін күресте Есімханның бақталасы болған Тұрсынханның бабаларын анықтаңдар.

3. Хандық билік үшін күресте Есім ханның Тұрсын ханнан басым түсу себептерін анықтаңдар.

4. “Есім ханның ескі жолының” мән-мағынасын және қазақ қоғамы үшін маңыздылығын түсіндіріңдер.

5. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының тарихи картасын жасаңдар.

## §54. ЖӘҢГІР ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.3 — көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау;
- ◆ 6.3.2.7 — Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау.

### Зерттеу сұрағы

Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихында алатын орны қандай?

### Оқулық

Жәңгір хан және Қазақ хандығы. 200–203 беттер.

### Тірек сөздер

- Салқам Жәңгір хан,
- Батыр қоңтайшы,
- Жоңғар хандығы,
- тұтқын,
- Жалаңтөс батыр.

### Ресурстар

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 1-том. Алматы. Атамұра,. 2010. 428-434- бб.

### Сабаққа дайындық:

Есім ханнан кейінгі Қазақ хандығының жағдайын, әсіресе Жоңғар хандығының құрылуына байланысты жоңғар шапқыншылығының ұйымдасқан сипат алуының барысын ашып көрсету қажет. Ол үшін, ең алдымен Жоңғар хандығының әскери-феодалдық сипатын талдап көрсететін кесте дайындау қажет. Жоңғар хандығы – Алтай тауларының етегін ғана алып жатқанымен, Оралдан Алтайға дейінгі аумақтағы ұйымдасқан саяси күшке айналғанын анық көрсету үшін Қазақ хандығын үш жағынан жоңғар әміршілерінің жекелеген иеліктері қоршап жатқандығын карта арқылы көрсету маңызды. Сонымен қатар, Жәңгір ханның шығу тегіне қатысты кесте дайындау да маңызды.

### Сабақтың деректі материалдары:

Қазақстан картасы, слайдтар, кестелер, постерлер.

### Сабаққа әдістемелік нұсқау:

Сабақ түрін аралас сабақ түрінде ұйымдастыра отырып, дамыта оқыту, топ-пен жұмыс, мәтінмен жұмыс, сұрақтарды жасыру әдістерін қолдануға болады.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Жәңгір ханның билік құрған жылдары нақты белгісіз, түрлі тарихи әдебиеттерде түрлі болжамдар айтылады. Сондықтан, оқушылардың аталған кезеңге қатысты тарихи даталарды дұрыс түсіне білуіне көмек беру қажет. Бұл Қазақ хандығының XVII ғасырдағы күрделі кезеңіне жататын мәселе. Сонымен қатар, аталған кезеңде XV ғасырдан бастап айқын көріне бастаған ойрат (жоңғар) шапқыншылығы факторының Жоңғар хандығының құрылуы қазақ хандығы үшін нақты сыртқы геосаяси факторға айналғандығын ұғындыру өту маңызды. Бұл оқушының болашақта жоңғар шапқыншылығының қазақ тарихындағы орны мен маңызын терең түсінуіне негіз қалайды.

### **Сабақтың барысы.**

Жаңа материалды оқып үйрену үшін мұғалім сабақ мазмұнын үш бөлікке бөлуіне болады. Кесте арқылы бірінші бөлімде Салқам Жәңгірдің өмірбаянына қатысты мағлұматтар баяндалады, екінші кестеде Жоңғар хандығының құрылуы мен оның қазақ хандығына қатысты ұстанған жаулап алу соғыстары, үшінші кестеде Жәңгірдің шебер билеуші ретінде қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайын нығайту үшін атқарған қызметі көрсетіледі. Оқушылардың сабақты игеруін тереңдету үшін сыныпты үш топқа бөліп “Салқам Жәңгір хан”, “Батыр қоңтайшы”, “Жәңгір ханның елшілері” атты постерді қорғатуға болады. Одан әрі, үш топқа жалпы сабақтың мазмұны бойынша төмендегі сызба түрінде тапсырма беріледі.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау кезінде оқушылардың игерген білімін бағалау үшін оладың топтық жұмыс барасындағы белсенділігі, нақты тапсырманы орындау деңгейі басты назарға алынады. Сонымен қатар, алдын ала ескерту арқылы ауызша сұрауға сабаққа үнемі қатыса отырып, басқа оқушылардың жауаптарын толықтырған, нақтыландырған және тереңдеткен оқушылар, мысалдар келтірген, мұғалімнің жаңа материалды баяндау кезінде қойған сұрақтарына жауап берген, жаңа тақырыпты тез түсінген балаларға қосымша ұпай беру әдісі арқылы бағалу керек.

### **Қосымша тапсырма:**

1. Оқулықтағы тапсырмалар бойынша жұмыс

## **§55. ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.2.2.3 — көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау;
- ◆ 6.3.2.7 — Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау.

## **Зерттеу сұрағы**

Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихында алатын орны қандай?

## **Оқулық**

Орбұлақ шайқасы. 204–206 беттер.

## **Тірек сөздер:**

- Орбұлақ шайқасы,
- Жоңғар Алтауы,
- ерлік,
- соғыс тактикасы.

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 1-том Алматы. Атамұра. 2010. 428-434 бб.

## **Сабаққа дайындық:**

Көшпелілердің әскери өнерінің шыңы ретінде саналатын Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы мен мәнін түсіндіру үшін алдын ала көрнекілік құралдар дайындау қажет. Өсіресе, Орбұлақ шайқасына қатысты А. Левшин, Фишер, Зая Пандитаның жазбаларынан арнайы үзінділер мен авторлар туралы қысқаша мәліметтер бірге берілген арнайы ақпараттық постер дайындап іліп қою маңызды.

## **Сабақтың деректі материалдары:**

Орбұлақ шайқасының өткен орнына қатысты карта, Жәңгір хан әскерлерінің әскери тактикасын көрсететін арнайы сызба, қазақ жауынгерлерінің қару-жарағы мен киім кешегіне қатысты суреттер, “Орбұлақ шайқасы” атты “Білім” каналы түсірген арнайы деректі фильм (мына сілтеме бойынша [https://www.youtube.com/watch?v=DsEjBk\\_zAb0](https://www.youtube.com/watch?v=DsEjBk_zAb0) Ютуб каналынан алуға болады).

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Сабақ түрін тарихи экскурс түрінде өткізуге болады. Сабақ барасында ой бөлісу, пікір алмасу, сыни тұрғыдан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушыны шығармашылық тұрғыдан ізденуге бейімдеу әдістерін қолдану керек.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Орбұлақ шайқасының маңызын көрсету үшін оны жалпы көшпелілердің әскери өнерінің жетістіктерімен байланыстыру керек. Орбұлақ шайқасындағы қазақ қолбасшыларының жер жағдайын тиімді пайдалана отырып таңдап алған әскери стратегиясы мен соғыс барысындағы тактикалық әдістерінің шеберлігіне баса назар аудар қажет. Сонынмен қатар, қазақ қоғамындағы хандардың көп жағдайда “баһадүр” (батыр) атағын иеленгендігін, олардың көпшілігі өз өмірін ат жалында өткізгендігіне баса назар аудару керек. Ол

үшін Т. Сұлтановтың “Поднятые на белой кошме. Потомки Чинги хана” (Алматы: Дайк-Прес, 2001) еңбегінде берілген шығыс деректері бойынша қазақ хандарының “баһадүр” титулдары туралы арнайы кесте дайындап көрсету сабақ мазмұнын аша түседі.

### **Сабақтың барысы.**

Мұғалім, сабақты өткен сабақпен байланыстыра отырып, Жәңгір хан тұсындағы ең ірі тарихи оқиғалардың бірі “Орбұлақ” шайқасы екендігін атап өте отырып, “Білім” каналы дайындаған 6-минуттық деректі фильмді көруден бастауға болады. Фильмде шайқасқа қатысты барлық мәліметтер толық қамтылған. Сондықтан фильмді көру аяқталған соң білімді бекіту үшін “Блум таксономиясы” бойынша арнайы алдын ала дайындалған сұрақтар қойылады. Мысалы:

1 Білу — Орбұлақ шайқасы қай жерде өткен?

2 Түсіну — Орбұлақ шайқасында Жәңгір хан 50-мыңдық жоңғар әскеріне аз санды әскермен қарсы шақты?

3 Қолдану — Орбұлақ шайқасында аз санды қазақ қолының жеңіске жетуінің басты себебі неде?

4 Талдау — Жәңгір хан және оның батырлары таңдап алған соғыс стратегиясының ерекшелгі неде?

5 Жинақтау — Неліктен Орбұлақ шайқасын көшпелілердің әскери өнерінің жетістігі ретінде бағалаймыз?

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Сабақ тарихи экскурс ретінде деректі фильмді талқылау түрінде өткендіктен оқушылармен кері байланыс орнату маңызды.

1 Сабақ маған ұнады: себебі....,

2 Мен үшін қиын болды: себебі .... деген сұрақтарға жауап алу арқылы сабақты қортындылап, бағалауға болады.

### **Қосымша тапсырма:**

Орбұлақ шайқасына қатысқан, Салқам Жәңгір ханның қасында болған қазақ батырлары туралы мәліметтерді тауып, арнайы эссе дайындау.

## **§56. ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

◆ 6.3.1.10 — қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау.

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен А. Левшин Тәуке ханды “Дала Ликургі” деп атады?

### **Оқулық**

Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы. 207–210 беттер.



## **Тірек сөздер:**

- Өз-Тәуке,
- “дала Ликургі”,
- билер кеңесі,
- “Жеті Жарғы”,
- Күлтөбе.

## **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. 1-том Алматы. Атамұра. 2010. 435-457 бб.

## **Сабаққа дайындық:**

Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының заманы “алтын ғасырға” айналғандығын көрсету үшін арнайы слайд дайындау маңызды. Мұнда, Тәуке ханның шығу тегіне қатысты мәліметтермен қатар, Ш. Уалихановтың, А. Левшиннің, Абайдың 3-ші қара сөздерін келтіріп, “Жеті жарғы” заңдар жинағына қатысты мәліметтерді (Қазанғап Байболұлының, А. Левшиннің мәліметтері) берілуі тиіс. Хандық биліктің нығаюын түсіндіру үшін қазақ хандығындағы әкімшілік басқару мен билік жүйесі туралы арнайы кесте дайындау маңызды. Кестеде:

Хан → кіші хандар → сұлтандар → билер → ру ақсақалдары → ақсақалдардың басқару жүйесіндегі орны мен қызметі нақты көрсетілуі тиіс.

## **Сабақтың деректі материалдары:**

Тәуке ханның, Төле, Қазбек, Әйтеке билердің суреттері, арнайы дайындалған слайд, кестелер, ҚР мәдениет және спорт министрлігінің арнайы тапсырмасымен дайындалған “дегдар” атты деректі фильмнің Тәуке ханға арналған сериясынан үзінді, “Жеті жарғы” заңына қатысты тақырыптық көрме ұйымдастыруға болады.

## **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Сабақтың түрін ақпараттылық, шығармашылық белсенділік, сыни бағалау, көркемсуретті ақпараттарды пайдалана отырып, тез ойлау мүмкіндігін арттыру, тарихи мағлұматтардың түрлеріне талдау арқылы жадты қалыптастыру бағытындағы сабақ өткізу.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер.**

Тәуке ханның тұлғалық қасиеттеріне оның қазақ хандығының нағаяуы мен гүлденуіне қосқан үлесі арқылы баға берілуі тиіс. Қазақ хандығының күшеюінің саяси, экономикалық бағыттарымен қатар, қоғамдық-мәдени өмірдегі (егіншіліктің дамуы, “Жеті Жарғы”, билер, батырлар институтының қалыптасуы, “дала парламентінің” дамуы, жыраулық дәстүр және т.б.) жетістіктері қоса берілуі тиіс.

### **Сабақтың барысы.**

Сабақты Алтын Орданың Өзбек хан тұсында қуатты мемлекетке айналғанын көрсететін арнайы слайдты талдаудан бастайды. Осылайша, Тәуке ханның билікке келуі мен оның ішкі саясатын талдауға көшеді.

Бұдан кейін, оқушыларды үш топқа бөліп, алдын ала дайындалған Тауке ханның қызметі мен өміріне қатысты тапсырмалар таратылады. Бұл тапсырмалар сыныпта мұғалім алып келген көрнекілік құралдарды пайдалану арқылы орындалады:

1. Тәке ханның өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтерді келтіріңдер және оларды талдаңдар;

2. “Жеті жарғы” заңдар жинағы туралы мәліметтер бойынша оның баптарын бөліп жазып, маңызын түсіндіріңдер;

3. Тәуке хан тұсындағы ел билеу дәстүріндегі өзгерістер мен жетістіктерін талдаңдар.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері:**

Мұғалім жоғарыда берілген тапсырманының орындалуы бойынша әр топты және оның мүшелерін жеке белсенділігі мен деңгейі бойынша бағалайды.

### **Қосымша тапсырма:**

1. Тәуке хан неліктен “өз Тәуке” деген атқа ие болды деп ойлайсыңдар. Өз пікірлеріңді негіздеп арнайы эссе дайындаңдар.

## **§57. ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУЫ**

### **Сабақтың мақсаты:**

◆ 6.3.2.6 — қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау.

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен А. Левшин Тәуке ханды “Дала Ликурги” деп атады?

### **Оқулық**

Тәуке хан тұсындағы сыртқы саяси байланыстардың дамуы. 211–214 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Елшілік
- Хиуа
- Бұқара хандықтары
- Цебан-Рабдан
- Қарақұм жиыны

### **Ресурстар**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. 1-том Алматы. Атамұра. 2010. 435-457-бб.

### **Сабаққа дайындық:**

Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстарын түссіндіру аса маңызды. Себебі бұл мәселе, оқушылардың Тәуке ханның өмірінің соңына таман хандықтың сыртқы саяси жағдайының күрделен түсуін, бұл жағдайдың жалпы ішкі саяси өмірді де шиленістіре түскендігін түсінуіне көмектеседі. Сондықтан, Тәуке хан тұсындағы Ресеймен қарым-қатынасының сипатын және қазақ-орыс байланыстарындағы басты мақсатын ашып көрсету маңызды. Сонымен бірге, Хиуа, Бұхар хандықтары және қарақалпақ, қырғыздармен байланыстарының сипатына тоқтала отырып, қазақ-ойрат қатынастарының күделене түсуін 1710 жылғы Қарақұм жиынының мазмұнын талдау арқылы көрсетуге ұмтылу қажет.

### **Сабақтың деректі материалдары:**

XVIII ғасырдың басындағы қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайын көрсететін карта, Қазақ хандығының Ресей, Хиуа, Бұхара, Жоңғар хандықтарымен, қарақалпақтар, қырғыздармен саяси байланыстарының сипатын көрсететін арнайы кесте.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Аралас сабақ түрін қолданып, тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер.**

Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайын талдау барысында орын алған саяси оқиғалардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты екендігін көрсете отырып, жалпы осы кезеңдегі дүниежүзілік дамудың жаңа стпатқа бет бұрғандығымен байланыстыру маңызды.

### **Сабақтың барысы.**

Жаңа сабақтың мазмұнын ашу арнайы дайындалан кесте бойынша мұғалім Қазақ хандығының Тәуке хан тұсындағы сыртқы саяси байланыстарын талдайды. Білімді одан әрі игеру үшін оқушылар бірнеше топтарға бөлінеді. Олар Ресеймен, Хиуа, Бұхара хандығымен, Жоңғарлармен, қарақалпақтер және қырғыздармен қарым қатынастардың сипатын талдайды мөлiметтердi дайындайды. Оқулық, сабақ барысындағы көрнекілік құралдар арқылы төмендегі кестені толтырады:

Топтың аты	Бiлдiк (нақты фактiлер, оқиғалар және т.б. нақты мөлiметтердi толтырады)	Сараптау (оқиғаларға қатысты пiкiр бiлдiру, баға беру, сұрақтар қою және т.б.)
	1.	1.
	2.	2.

### **Бiлiмдi бағалау мүмкiндiктерi:**

Сабақты қорытындылау кестенің толтырылуы, әсіресе екінші баған бойынша оқушылардың түсіну, қодана білу, талдау, қорытындылау дағдылары жоғарғы бағалануы тиіс.

### **Қосымша тапсырма:**

Оқулықтағы тапсырманы орындау.

## **§58. БАЙЫРҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ БИЛІК ЖҮЙЕСІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- ◆ 6.1.2.1 — Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау;
- ◆ 6.3.1.11 — қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау.

### **Зерттеу сұрағы**

Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?

### **Оқулық**

Байырғы қазақ қоғамының саяси өміріндегі билік жүйесі. 215–220 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Хан,
- Сұлтан
- Би
- Билер алқасы
- Батырлар
- Тархан

### **Ресурстар**

Дауытбекова М., Исаева Ә. Қазақ халқының батырлық дәстүрі. Алматы. Қазақ университеті. 2015.

### **Көрнекілік**

Фотослайд, Фотоклип, Каталог, фотоальбом кітаптар.

### **Мақсатты айқындау**

Хандық билік құзыры туралы баяндау. Сұлтандардың саяси қызметі мен олардың қоғамдағы орны туралы айту. Билер қызметі, олардың қоғамдағы орны мен маңызы туралы түсіндіру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Саяси билік жүйесі топтарының қоғамда алатын әлеуметтік орындарына анықтама беріп, деректермен негіздеуге тырыс.

Дерек. “Батырлардың ерекше әлеуметтік жік ретіндегі басты ерекшелігі — олардың тек қана әскери кәсіппен айналысуы. Әскери қызмет қазақ батырларының қоғамдық монополиясы болды да, басқа кәсіппен шұғылдануы олар үшін ар саналды. Әскери кәсіп батырлар әулетінде атадан балаға мұра болып қалатын ата кәсіп болған. Батырлар әулетінде туылған бала жастайынан

жауынгерлікке, батырлыққа дайындалып, соғысқа қатысып, әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды. Сондықтан қазақ батырларының бар өмірі соғыста өтті. Әскери кәсіп жолына түскен жас батыр тәжірибелі батырға нөкер болып, соғыс мектебінен өткен” (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1 том. Алматы, 2011, 437 б.).

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас сабақ. Сабақ элементтерінің көрінісін іске асыру мақсатында — панорамалық сабақ; оқушылар шығармашылығын дамыту мақсатында сахналау сабағы.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабаққа мектеп орналасқан аймақтағы тарихи-өлкетану бағытындағы мұражайда тарих бөлімі қызметкерлерінің бірін қатыстырып, хан, сұлтан, батыр, би тұлғаларына қатысты жәдігерлермен таныстыруды, сондай-ақ, тарихшы ғалымдарының бірімен кездесу ұйымдастыруға болады.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушылар арасынан билер тобын құрып, бағалау мүмкіндігін солардың құзырына беруге болады.

### **Қосымша тапсырмалар**

Хан, сұлтан, батыр, би тұлғаларына қатысты қандай деректі және көркем фильмдер, мультфильмдер біледі. Олардан алған әсері туралы өз ойларын айтуын тапсыру.

### **Білімін шыңдауға берілетін тест**

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

#### **1. Ханның билік атрибуттарын белгілеңіз:**

- |                |                    |
|----------------|--------------------|
| A) Арғымақ     | E) Алтын сия сауыт |
| B) Атан түйе   | F) Байрақ          |
| C) Жүйрік тазы | G) Асатаяқ         |
| D) Өткір қылыш | H) Тақ             |

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

#### **2. Байырғы қазақ қоғамының билік жүйесіне кірген лауазымдарды анықтаңыз:**

- A) Ауылбасы, ақсақал
- B) Қарапайым халықтың барлық тобы
- C) Жауынгер, батыр
- D) Сұлтан, тұтқындағы жауынгер
- E) Елші, күң
- F) Батыр, тархан
- G) Хан, сұлтан
- H) Би, ру басы

## §59. XVI — XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТИ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.1 — күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау.

### Зерттеу сұрағы

XVI — XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?

### Оқулық

XVI — XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті. 222–224 беттер.

### Тірек сөздер

- жырау
- жорық жырауы
- ақын.

### Ресурстар

1. Мәдени мұра: халықтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары. Алматы. 2005
2. Қазақтың халық творчествосы. Алматы. Ғылым. 1989. 416 — б.
3. Бабалар сөзі. 100 томдық. Астана, Фолиант, 2011 — 2014.
4. Он ғасыр жырлайды. Алматы. 2006. 408- б.
5. Бес ғасыр жырлайды. 1-2 томдар. Алматы: Жазушы, 1989.
6. Зар заман. Алматы: Жалын, 1993.

### Көрнекілік

Мектеп кітапханасымен біріккен жұмыс нәтижесіндегі тақырыпқа бағытталған шағын кітап көрмесі. Ақындардың суреттері мен батырлық дастандар графикасы беріледі.

### Мақсатты айқындау

XVI — XVII ғасырлардағы өмір сүрген жыраулар мен олардың шығармаларымен таныстыру. XVI — XVII ғасырлардағы рухани мәдениеттің даму ерекшелігін түсіндіру.

XVI — XVII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің дамуын, сол дәуірде туындаған таңдаулы жырларды оқи отырып, оны тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып, оқиғаларды “Қазақ әдебиеті” мен “Қазақстан тарихы” пәндері арасындағы байланысты баяндау арқылы оқушыларды “пәнаралық байланысты” қолдануға, оқиғаларды сабақтастықта қарастыруға, кешенді ойлауға, шығармашылыққа баулу.

Тарихи оқиғалар, туған жер, елдік мәселелерін, қазақ батырларының жорықтары мен ерліктерін жырға қосқан ақындар шығармалары арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Рухани мәдениетке анықтама беру керек. Сабақ барысында осы кезең ақындарының басқа өкілдерін қосымша айта кету керек немесе қосымша сабақтарда қамтып, оқушыларға толыққанды дерек беру керек.

“Рухани мәдениет — адамдардың қоғам өміріндегі мәдени қызметінің нәтижесі. Өнер, дін, фольклор, философия, ғылым, құқық, саясат, мораль, т.б. құбылыстар Р. м. өзегі болып саналады. Р. м. материалдық мәдениетпен астаса дамиды және олар тарихи дамуда көрініс берген жалпы мәдениеттің құрылымын түзейді. Ғасырлар бойы мәдени мұра ретінде қалыптасатын Р. м. кез келген қоғамның өркениеттік деңгейін білдіреді және сапалық сипатын танытады. Ол бір-бірімен тығыз байланысты екі формада өмір сүреді: біріншіден, рухани өмірді туындатуды мақсат еткен жеке адамдардың іс-әрекеттері мен олардың дараланған рухани әлемі түрінде; екіншіден, сол өнімдердің рухани құндылықтар деңгейінде бағалануы, яғни олардың әлеуметтенуі жатады. Адамзаттың рухани өндірісінде Р. м. үлгісі боларлық биікке көтерілген дүниелер тарихи кезеңдерге сыймай, әлеум.-этн. кеңістік аясынан шығып, жалпыхалықтық асыл қазынаға айналып отырған. Сондықтан Р. м. әлеум. немесе тарихи топтар үшін ғана емес, жер бетіндегі тұтастай адамзат үшін, халықтарды біріктіру мен ынтымақтастыра түсу үшін жасалған. Ал бұл өлшемге жауап бермейтін рухани өндірістің өнімдері тарих сынағынан өте алмайды. Мәселен нәсілшілдікті, әсіре ұлтшылдықты ту етіп көтерген идеялар ұлттық мәдениеттің кері кетуіне, құлдырауына себепкер болады. Р. м-ті тағы бір құлдырататын нәрсе оның барынша прагматистік принциптерге негізделуі, сауда мен табыс көзіне айналуы. Қазақ халқының ежелгі заманнан қордаланған Р. м-і озық үлгілі рухани құндылықтарға толы. Қазақ халқының салт-дәстүріндегі үлкенді сыйлау, әруаққа бас ию, қонақты құрметтеу, табиғаттың үйлесімділігін сақтау, сөз қадірін білу, аталы сөзге тоқтау Р. м-тің ерекше үлгісі болып табылады. Атақты билердің айтқан әрбір әділ сөзі халықтың жадында ғасырлар бойы сақталып, оның діліне ұлтты іштей біріктіруші бағдар бола алды.” (Ұлттық Энциклопедия)

## **Сабақ түрі мен әдісі**

Оқушының білімін тереңдету және белсенділігін арттыру мақсатында — семинар немесе диспут сабақ. Оқу үдерісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологиялар, сабақтың дәстүрлі емес түрлерін қолданудың тиімділігі жоғары.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

XVI — XVII ғасырлардағы ақын-жырауларының шығармалары экраннан жүргізіліп оқылатын бағдарлама арқылы жасалған слайдпен қатар көрсетілсе мақсат етіп қойған тақырыпты тез игеруге болады. Сабаққа “Қазақ әдебиеті” пәнінің мұғалімін қатыстырып, тақырыпты кезектесе отырып түсіндірсе, оқушылардың қызығушылығы арта түседі.

## Бағалау мүмкіндігі

Сабақтың қорытынды бөлімінде оқушылардың білімін бағалауда келесідей сұрақтарды қоюды ұйымдастыруға болады: XVI — XVII ғасырлардағы рухани мәдениеттегі ерекшеліктер; Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер.

## Қосымша тапсырмалар

XVI — XVII ғасырлардағы өмір сүрген бір жыраудың шығармашылығын талдап, әссе жаз.

## Білімін шыңдауға берілетін тест

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

### 1. XVI—XVII ғасырлардағы қазақ жырауларын табыңыз:

- |                   |                     |
|-------------------|---------------------|
| A) Кетбұға жырау  | E) Жанақ жырау      |
| B) Шалкиіз жырау  | F) Шөже ақын        |
| C) Шернияз жырау  | G) Ақтамберді жырау |
| D) Марғасқа жырау | H) Жиёмбет жырау    |

Үй тапсырмасына тест.

### 2. Доспамбет жыраудың шығармаларын іздеп тауып, атауын көрсетіңіз:

- |                            |                            |
|----------------------------|----------------------------|
| A) “Айнала бұлақ басы тең” | E) “Арғымаққа оқ тиді”     |
| B) “Едіге”                 | F) “Шора батыр”            |
| C) “Жошы ханның жортуы”    | G) “Өмірің қатты Есім хан” |
| D) “Ақсақ құлан”           | H) “Айналайын Ақ Жайық”    |

## §60. КИІЗ ҮЙ — ДӘСТҮРЛІ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ МҰРАСЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.2.2.5 — көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау.

### Зерттеу сұрағы

Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?

### Оқулық

Киіз үй — дәстүрлі материалдық мәдениет мұрасы, қолданбалы өнердің ерекше туындысы. 225–229 беттер.

### Тірек сөздер

- Киіз үй,
- Абылайша,
- Қос



## **Ресурстар**

1. Райымхан, К.Н.. Музей жәдігерлері тарихи дереккөз ретінде (Қазақстан музейлері негізінде). Астана, 2010
2. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы. Рауан. 1995.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011-2014.
4. Муқанов М.С. Казахская юрта. Алма-Ата. Қайнар. 1981. 224 с.

## **Мақсатты айқындау**

Киіз үйдің негізгі құрылымдарымен таныстыру. Киіз үйдің ішкі және сыртқы жабдықтары, олардың атаулары, қолданыстық маңызын ұғындыру. Киіз үйдің халық тұрмысы мен мәдениетінде алатын орнын көрсету.

## **Сабақтың деректік материалдары**

“Киіз үй космос және әлем дүниесінің біртұтастығын, игерілген кеңістіктің белгісін білдірді. Оның шаңырағы үй ішінің ерекше құрметтейтін бөлігі, ұрпақ жалғастығының символы ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Қазақтарда ұрпақтың соңғы өкілі дүние салғанда, оның басына шаңырақты қалдыратын. Ал, шаңырақ шеңберіндегі күлдіреуіштің крест түрінде бір-бірімен тоғысуы — табиғаттағы күннің мәңгілік қозғалыс белгісін, эволюция, өмір дамуын білдірді. Шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Егер киіз үйге жоғарыдан төмен қарасақ, онда шаңырақ күнге, ал уық-керегелері оның сәулелеріне ұқсас. Халық санасында нұр жауып тұрған аспанға ұмтылу идеясы киіз үй құрылысынан да өз көрінісін табады. Қазақтарда шаңырақ береке-бірлікті білдіріп, бата-тілек бергенде “шаңырағын шайқалмасын” деп жатады. Мұны отбасы тату-тәтті, бірлікшіл болсын деп түсінуге болады. Ұлттық сана-сезім, дүниетаным, тәлім жағынан келгенде, шаңырақ — “үй”, “отбасы”, “әулет” одан жоғары халық ұғымын беретін, қазақ жұртының өсіп-өну ұйытқысын, дәстүр мен тәрбиесін, біртұтас бірлік-тірлігін білдіретін рухани-философиялық көркем балама”.

Деректі оқи отырып, Елтаңбадағы шаңырақ символына оқушылардың анықтама беруін ұйымдастыру керек.

## **Сабақ түрі мен әдісі**

Тарихи-танымдық талдау. Семинар сабақ.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Бұл сабаққа да кіріктірілген сабақ элементін қосуға болады. Технология пәнінің мұғалімі немесе жергілікті ағаш шеберлерінің бірін шақырып, киіз үйдің жасалуы туралы 3-5 минуттық танымдық ақпарат беруін ұйымдастыру керек. Киіз үйге қатысты халықтық білімдер мен дағдылардың ЮНЕСКО — ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне қырғыз халқымен ортақ алынғанын айту керек. Киіз үйді қазақтардан басқа қызғыз, түрікмен, моңғол халықтарының қолданатынын да айтып өткен дұрыс болады.

## **Бағалау мүмкіндігі**

Киіз үйдің құрылымы. Сыртқы жабдығы. Ішкі жабдығы. Осы тақырыптар аясында сауалнама жасау керек. Мысалы,

Сұрақ? Киіз үйдің сыртқы киіз жабдықтарының атауы.

Жауабы: Түндік, үзік, туырлық.

Сұрақ? Киіз үйдің сүйегі?

Жауабы: Шаңырақ, уық, кереге, сықырлауық есік.

## **Қосымша тапсырмалар**

“Менің киіз үйім” атты шығармашылық жұмыс орындау. Жұмыс түрін оқушылардың төздері таңдайды. Сурет салу. Апликация. Макет. Эссе. Өлең. Өңгіме. Интервью.

## **Білімін шыңдауға берілетін тест**

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

### **1. Киіз үйдің ағаш сүйегіне қатысты атауларды белгілеңіз:**

A) Сырмақ, кілем

E) Қос босаға, түндік

B) Шаңырақ, балақ бау

F) Басқұр, туырлық

C) Кереге, уық

G) Сықырлауық

D) Шаңырақ

H) Күлдіреуіш, киіз есік.

Тесттен 4 дұрыс жауабын тап!

### **2. Киіз үйдің түрлерін анықтаңыз:**

A) Қоржын там

E) Қақыра

B) Жолым үй

F) Абылайша

C) Кепе

G) Жертөле

D) Қос

H) Орда

## **§61. ҚЫСТЫҚ БАСПАНА ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

◆ 6.2.2.5 — көшпелілердің қолданбалы өнердегі жегістіктерін сипаттау.

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?

### **Оқулық**

Қыстық баспана тұрғызу және құрылыс ісі өнері. 230–232 беттер.

### **Тірек сөздер**

- Жертөле,
- Жеркепе,
- Шым үй,
- Қоржын там.

## Ресурстар

1. Райымхан, К.Н.. Музей жәдігерлері тарихи дереккөз ретінде (Қазақстан музейлері негізінде). Астана, 2010
2. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы. Рауан. 1995.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы. 2011-2014.

## Сабақ түрі мен әдісі

Тарихи-танымдық талдау. Семинар сабақ.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Қыстық баспана түрлерін фотосуреттерді көрсете отырып, түсіндіру. Мұғалім қыстық баспана туралы зерттеулер мен естеліктерен үзінді оқып берсе, оқушыларға танымдық ақпарат береді. Мұғалімнің өзі сол өлкедегі дәстүрлі қыстық баспанамен таныс адамнан немесе оқушылардың ата-әжелері немесе қария туысқандары болса, дәстүрлі баспана туралы естеліктер алуын ұйымдастыруға болады.

## Бағалау мүмкіндігі

Оқушыларға баспана түрлерінің қалыптасу, даму кезеңдеріне, тас дәуірінің қоныстарынан бастап, бүгінгі күнгі баспананың даму эволюциясына талдау жасатуын ұйымдастыруға болады. Баспананың даму эволюциясын суретпен, кестемен көрсеткен тиімді болады.

## Қосымша тапсырмалар

“Дәстүрлі қыстық баспана” атты еркін, өз таңдаулары бойынша шығармашылық жұмыс орындау. Макет, сурет, эссе, әңгіме, т.б.

## Білімін шыңдауға берілетін тест

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

1. Қазақ қоғамында негізгі шикізаты шым, ши болатын немесе бастырма үй түрлерін белгілеңіз:

- |               |             |
|---------------|-------------|
| A) Қақыра     | E) Тоқалтам |
| B) Абылайша   | F) Жеркепе  |
| C) Қос, күрке | G) Жертөле  |
| D) Қоржын үй  | H) Шым үй   |

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Қазақ қоғамында негізгі шикізаты қамыс болатын үй түрлерін анықтаңыз:

- |              |             |
|--------------|-------------|
| A) Қақыра    | E) Қақыра   |
| B) Шошала    | F) Абылайша |
| C) Өлшек     | G) Жертөле  |
| D) Шарбақ үй | H) Күрке    |

## §62. ЕГІНШІЛІК ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ КӘСІПТЕРДІҢ ДАМУЫ

### Сабақтың мақсаты:

- ◆ 6.4.1.2 — көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?

### Оқулық

Егіншіліктің дамуы және қосалқы кәсіптердің дамуы. 233–238 беттер.

### Тірек сөздер

- Егіншілік
- Аашылық
- Саятшылық
- балық аулау

### Ресурстар

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра, 2010.
2. Роль степных городов в цивилизации номадов. Астана. 2008
3. Средневековые города Казахстана. Алматы. 2006
4. Райымхан, К.Н.. Музей жәдігерлері тарихи дереккөз ретінде (Қазақстан музейлері негізінде). Астана. 2010

### Көрнекілік

Кәріз жүйесінің, астық сақтайтын ұралар мен хұмдардың суреттері.

### Мақсатты айқындау

Егіншіліктің дамуы мен оның халықтың тіршілікқамы жүйесіндегі маңызын оқыту;

Аңшылық, балық аулау кәсіптерінің даму ерекшеліктерімен таныстыру.

### Сабақтың деректік материалдары

Егіншілік, балық аулау, аңшылыққа қатысты қызықты деректер беру оқушылардың тарихи-танымдық қабілетін арттыра түседі. Сабақ тақырыбын деректермен жұмыс жасауға негіздеп, факультатив сабаққа кеңейтуге болады.

“Қазақстанның оңтүстігінде егіншіліктің қалпына келуі Сыр бойы қала өмірінің өркендеуімен тығыз байланысты. Мәселен, Ақ Ордада XIII ғасырдың аяғында байқалған шаруашылықтың жандану процесі XIV ғасырдан кең құлаш жая бастады. Сығанақ, Ясы, Сауран, Отырар, Сайрам және басқа қалалар қалпына келтіріліп, егіншілік пен қолөнер кәсібі өркендеп, онымен бірге сауда айналымы да өсті.

Ақ Ордада қала және отырықшы — егіншілік өнердің дамуына мемлекет орталығының осында ауысуы, оның ірі егіншілік ошақтарына жақын орналасуы мен билеушілерінің моңғол хандары үстемдік еткен Алтын Орда, Шағатай мемлекеттеріне тәуелсіз өз билігін орнатуға ұмтылуы қолайлы

жағдай қалыптастырды. Сонымен қатар Шығыс Дешті Қыпшақ халқының Түркістан қалалары, елдің оңтүстігімен экономикалық байланыстарының маңыздылығы барған сайын күшейе түсті. Дала тұрғындарының ұлғайып келе жатқан мал шаруашылығы өнімдерін өткізуге, өз кезегінде өздерінің де қолөнер мен егіншілік өнімдеріне деген сұранымын қанағаттандыруға ұмтылуы малшаруашылықты аудандарының отырықшы-егіншілікті аудандармен экономикалық байланыстарын берік орнықтырып, Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениеті мен егіншіліктің жандануына алып келді”.

Аңшылыққа қатысты

“Қазақта ер серігі саналатын жақсы ат, қыран бүркіт, алғыр тазы, бес қарулар жеті қазынаға жатады (қалған үшеуі — ер-азамат, сұлу әйел және ақыл).

Құс салып, саятшылық құру үлкен мәртебе саналды. Егер еуропалықтар сұңқар салумен көп шұғылданса, Орталық Азия көшпелілері бүркіт пен қаршыға, сұңқардың 10 шақты түрін аңшылыққа пайдаланды. Алғырлығы мен айласы, ептілігі мен күші сәйкескен қыран бүркіттің орны айрықша болып, әдебиетте қыран сөзімен жоғарыда аталған қасиеттерді бейнелеп айтты. Жақсы бүркіттің құны 5-6 түйеге бағаланатын еді. Құсбегілер бүркіті негізінен түлкі, қарсақ, қоян алатын болса, кейбір қыран бүркіттер қасқыр, арқар сияқты аңдарға да түсетін. Бір сонар мезгілінде (қараша соңынан ақпанға дейін) тәжірибелі бүркітші 30-60 дейін түлкі, 20-25 қасқыр алатын болған. Құсбегілер бүркіт баптау, баулу сияқты білімді жақсы меңгерген мамандар саналады. Олар өз шеберлігін балаларына мирас етіп қалдыратын.

Қыран құспен саятшылық құрудың сыртында алғыр тазы-итпен аңға шығу да ерекше саналды. Орталық Азияда көп ғасырлық тұқым жетілдірудің нәтижесінде аңды тез қуып жететін өте ұшқыр, қырағы көзді тазы тұқымын пайда болғызады. Тазымен көбіне күзде және қыста аң аулауға шығатын және аңшылықтың бұл түрі ауа райын таңдамайтын. Тазыны қоян, борсық, қасқыр және тұяқты жануарларға салатын. Дегенмен, ең пайдалы да тиімді кәсіп — түлкі алу еді, өйткені, оның алдын орап жүрмей-ақ тазыны ізіне салып жіберу ғана жеткілікті еді. Аңшы келіп жеткенше ізіне түскен аңын қуып ұстап алымдап басып жатқан тазыдан олжасын аңшы келіп ажыратып алатын.

Тазы мен бүркітті қатар салудың ұтымды жақтары көп болды. Мұндай жағдайда, ит бұғып алған аңды тасадан ашыққа қуып шығарған кезінде аспаннан жар етіп, бүркіт бүріп түсетін.

Ұлы ақын Абайдың “Қансонарда бүркітші шығады аңға” деп аталатын өлеңінде аңшылық өнердің өзіндік ерекшелік сыры мен сынын қолмен қойғандай поэзиялық көркемдікпен ерекше бейнелеген:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,

Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы ат пен қыран бүркіт бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға — деген өлең жолдарында аңшының киімі қандай болу керектігі туралы айтады”. (Этнограф Досымбек Қатранның музейлік экскурсынан)

## Сабақ түрі мен әдісі

Тақырыптан алған білімді толық қалыптастыру, алған білімді сұрақ-жауап арқылы бекіту мақсатында топтық жарыс сабақ.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Егіншілік пен балық аулау шаруашылықтары дамыған аймақтарды картадан көрсету. Балық аулау кәсібі туралы айтқанда теңіз, өзен, көлдерді картадан көрсету керек. Егіншілік, балық аулау, аңшылық кәсіптері туралы айтқанда, осы кәсіптерді жүргізу үшін қолданған құрал-жабдықтардың суреттерін көрсетіп отырып, түсіндіру. Құрал жабдықтар аттарын нақты айту. Музейлердегі құрал-жабдықтар суреттерін көрсету.

## Бағалау мүмкіндігі

Егіншілік, балық аулау, аңшылықтың адам өміріндегі, халықтың тіршілік қамы жүйесіндегі орны туралы талқылау үшін сауалнамалар беріп отыру. Талқылау сұрақтары нәтижесінде — ауызекі тілдегі, жұмыстағы жіберген қателерін арнайы талдау. Қорытындысын жариялау.

## Қосымша тапсырмалар

Егіншілік құралдары. Аңшылық құралдары. Балықшылық құралдары. Осы тақырыптарда балалардың сурет салуын немесе құралдар кестесін жасауын ұйымдастыру.

## Білімін шыңдауға берілетін тест

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

### 1. Қазақ қоғамында егіншілік құралдарын белгілеңіз:

- |                        |                      |
|------------------------|----------------------|
| A) Соқа                | E) Сырғауыл, ашамай  |
| B) Оқтық               | F) Дән үккіш, оттық  |
| C) Тырма, айыр, кетпен | G) Сүргі, сүймен     |
| D) Қол арба            | H) Орақ, тас диірмен |

Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

### 1. Қазақ аңшыларының аң аулау әдістерін анықтаңыз:

- A) Құс салу, тазы ит қосу
- B) Суға батыру, су қойма жасау
- C) Өрт қою, айғайлап қуу
- D) Қақпан құру, ұрып алу, тор құру
- E) Інге қол сұғу, інге от қою немесе су құю
- F) Тұзақ құру, ор қазу, атып алу
- G) Балық аулау, таспен ұрып алу
- H) Мылтықпен ату, найзамен қаумалау, өртеу.

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
§ 1. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу.....	4
§ 2. Түрік қағанаты (552—603 жж.).....	7
§3. Батыс Түрік қағанаты.....	9
§4. Шығыс Түрік қағанаты.....	11
§ 5. Екінші Шығыс Түрік қағанаты.....	14
§ 6. Көне түрік жазуы.....	16
§ 7. Түргеш қағанаты.....	18
§ 8. Атлах шайқасы (751 жылдың жазы).....	20
§ 9. Ұлы далада қарлұқтар билігінің орнауы (756-942 жж.).....	22
§ 10. Оғыз мемлекеті (IX—XI ғғ. басы).....	24
§ 11. Қимақ қағанаты (IX—XI ғғ. басы).....	27
§12. Түркілердің әскери өнері.....	30
§ 13. Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктері.....	32
§ 14. Түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктері.....	34
§15. Түркітілдес халықтардың миграциясының Еуразия тарихына әсері.....	36
§16. X-XIII ғасырларда Ұлы Даланың саяси картасының өзгеруі.....	39
§17. Қарахан мемлекеті (940-1212 жж.).....	42
§ 18. Ислам дінінің орнығуы.....	44
§ 19. Қыпшақ хандығы.....	46
(XI ғасырдың басы — 1219 ж.).....	46
§20-21. Наймандар, керейттер және жалайырлар.....	49
§22. “Ұлы Жібек жолының” халықаралық қатынастардағы орны.....	52
§ 23. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық қала мәдениеті.....	55
§24. Ертетүркілік тас қашау, бейнелеу және көзешілік өнері.....	57
§25. Ертеортағасырлық қала сәулеті.....	61
§26. Ертеортағасырлық сәулет ескерткіштері.....	62
§27. Өл-Фараби — әлемнің ұлы ойшылы.....	65
§28. Қазақ жеріндегі ортағасырлық ғылымның дамуы.....	67
§29. Оғыз-қыпшақ жазба ескерткіштері.....	70
§30. Шыңғыс хан және Моңғол мемлекетінің құрылуы.....	72
§31—32. Түркі-моңғолдардың Орталық Азия мен Қазақстан аумағына жорықтары. Отырар қорғанысы.....	74
§33. Шыңғыс хан империясы. Ұлыстар.....	76
§34. Алтын Орда (Жошы Ұлысы) мемлекетінің құрылуы.....	78
§35. Алтын Орда мемлекетінің гүлденуі.....	80
§36. Алтын Орда мемлекетінің дағдарысы және ыдырауы.....	82
§37. Ақ Орда мемлекетінің қалыптасуы.....	83
§38. Ақ Орданың саяси тарихы.....	85
§39. Ноғай Ордасы.....	87
§40. Әбілхайыр хандығы.....	88
§41. Моғолстан мемлекетінің құрылуы, аумағы этникалық құрамы.....	90
§42. Өмір Темір және оның шапқыншылықтарына қарсы күрес.....	92
§43. XV ғасырдағы Моғолстан.....	94
§44. XIV-XV ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар және мемлекеттердің мемлекеттік-әкімшілік құрылысы.....	96
§45. XIII — XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет.....	98
§46. Дәстүрлі малшаруашылығының ерекшеліктері.....	100
§47. XIII — XV ғасырлардағы көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктері.....	102
§48. Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы.....	105
§49. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы: Керей мен Жәнібек хандар.....	109

§50. Қасым хан .....	112
§51. Хақназар (Ақназар) хан және Қазақ хандығының “қайта өрлеуі” .....	115
§52. Төуекел ханның қазақ жерлерін біріктіру саясаты .....	118
§53. Есім ханның Қазақ хандығының біртұтастығын сақтау жолындағы күресі.....	121
§54. Жәңгір хан және Қазақ хандығы .....	125
§55. Орбұлақ шайқасы .....	126
§56. Төуке хан тұсындағы Қазақ хандығы.....	128
§57. Төуке хан тұсындағы сыртқы саяси байланыстардың дамуы .....	130
§58. Байырғы қазақ қоғамының саяси өміріндегі билік жүйесі .....	132
§59. XVI — XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті .....	134
§60. Киіз үй — дәстүрлі материалдық мәдениет мұрасы .....	136
§61. Қыстық баспана түрлері және ерекшеліктері.....	138
§62. Егіншілік және қосалқы кәсіптердің дамуы .....	140